Изъятие птенцов из гнезд для содержания в неволе. В районах, где практикуется охота с беркутами, из гнезд, известных местному населению, издавна производилось изъятие птенцов для воспитания ловчих птиц. Как правило, изымались не все птенцы, а только те, которые соответствовали выработанным веками критериям, существующим у охотников-беркутчи. К сожалению, чаще птенцов брали и берут неопытные люди, в результате чего, ставшие вскоре ненужными они передавались из рук в руки и, в итоге, гибли от неправильного содержания или попадали в зоопарки. Это явление имело место многие десятилетия и существует до сих пор. В ряде местностей ежегодно разоряется и гибнет 15-20% гнезд, при этом значительна доля изъятия птенцов людьми [10]. Со временем это явление будет сведено до минимума и, возможно, прекратится, так как в 2001 г. принято постановление, регламентирующее правила приобретения, регистрации, содержания беркутов для ловчих целей.

Недостаток гнездопригодных мест. Свои гнезда беркуты устраивают как на недоступных отвесных утесах и обрывах, так и на небольших скалках высотой 4-10 м на крутых кустарниково-луговых склонах гор и ущелий. Чаще всего они располагаются на уступах и в нишах под нависающими стенками скал, реже — в углублениях типа полупещер глубиной 0,5-1 м. Гнездовые площадки, на которых из веток сооружается массивная веточная платформа, имеют

ширину от 0,5 до 1,5 м [9, 10]. Обследование особенностей расположения более 70 гнезд беркута показало, что в ряде местностей они испытывают явный дефицит мест, удобных для строительства гнезд. Это объясняется тем, что зачастую орлам бывает сложно подыскать удобную и просторную горизонтальную площадку. Чаще всего скальные уступы имеют отрицательный угол наклона, на которых плохо удерживается веточная основа. Во многих случаях в удобных нишах бывает слишком много крупных камней. По этой причине, беркуты бывают вынуждены устраивать свои гнезда на слишком открытой стороне скал, практически не защищенной от воздействия яркого солнца, дождей и ветров. По этим же обстоятельствам они поселяются на небольших скальных выходах по склонам ущелий и логов, испытывая в дальнейшем повышенный фактор беспокойства со стороны людей. Подобные гнезда, хорошо заметные и легкодоступные, чаще всего разоряются.

Там, где имеется достаточное количество удобных скал, в основном ущелье и его отщелках может находиться 2-3, иногда до 5-7 резервных гнезд, занимаемых птицами поочередно с интервалами в 2-3 года [9, 10]. Осмотр таких построек показал, что в большинстве случаев они требуют дополнительного ремонта. Нам неоднократно приходилось расчищать гнездовые площадки беркутов от мешающих птицам камней, укреплять подгнившее основание или сползающие края построек сучьями, каменными обломками и проволокой, что продлевало срок их использования. В ряде случаев большую роль играла расчистка от камней удобных ниш в скалах, что создавало запас гнездопригодных мест.

Браконьерский отстрел. Гибель беркутов и других орлов в результате стрельбы охотников по орлам, сидящим по столбам ЛЭП вдоль горных дорог, явление нередкое до сих пор. Стрельба ведется не только в качестве живых мишеней, но и для изготовлений чучел, зачастую с коммерческими целями. В 1970-1990 гг. в местах промысла сурка в горах Восточно-Казахстанской области проблемной была ситуация, когда охотники-промысловики отстреливали беркутов, поедавших зверьков, попавшихся в капканы [9]. При этом нередко гибли неполовозрелые особи, в летнее и осеннее время обычно кочующие по водоразделам хребтов в местах обитания сурков. В настоящее время этой проблемы практически не существует, но она может в любое время возникнуть в районах, где возобновится промысел сурка.

Гибель в капканах. Случаи попадания беркутов в капканы, расставленные зимой у привады на лисиц и волков, были нередкими во второй половине XX века, когда промысел этих зверей был популярным и доходным. Часть орлов гибла, другие получали серьезные травмы лап. В последние два десятилетия таких фактов не известно.

Гибель от заболеваний. О постэмбриональной смертности птенцов беркута в результате заболеваний сведений очень мало. В июне 1984 г. нами наблюдался случай, когда в ране на голове пухового птенца беркута началось развитие личинок мух и ему угрожала неизбежная смерть. Спасти его удалось только благодаря своевременному вмешательству. Этот птенец был временно изъят из гнезда, в домашних условиях ему была произведена дезинфекция и последующее лечение раны. Спустя неделю он был возвращен в гнездо, в котором в течение 5 последующих дней его приходилось ежедневно кормить, пока родители не возобновили кормление. В другом случае в конце июня 1986 г. один из двух птенцов беркута оказался сильно истощенным: все его перья были «иссеченными» в результате неизвестного нам заболевания, возможно, отравления. Вскоре он оказался выпавшим или выброшенным за пределы гнезда. Взятый домой, он первое время отгрызал скормленное мясо, но в последующие дни пищеварение у него стало постепенно восстанавливаться, и он выжил. Только в конце августа он окончательно выздоровел, окреп и начал летать [9].

В целом вторая половина XX столетия была временем максимальных нагрузок на местообитания и популяции беркута в Казахстане. Оно характеризовалось как прямым истреблением беркутов во время кампании по борьбе с хищными птицами [11], так и усиленным преобразованием мест обитания беркутов. Период с 1995 по 2005 гг., совпавший с кризисом в сельском хозяйстве, характеризовался снижением хозяйственного воздействия на горные и пустынные популяции беркута в результате уменьшения до минимума поголовья выпасаемого скота и ликвидации многих линий электропередачи местного значения. В настоящее время вновь стали увеличиваться сельскохозяйственные и рекреационные нагрузки на места, где обитает беркут.

В заключение можно констатировать, что основными районами выживания беркутов сейчас являются труднодоступные горные территории Алтая, Саура-Тарбагатая, Жетысуского (Джунгарского)

Алатау, Тянь-Шаня, а также цинковая зона Устюрта и Мангышлака. Важнейшие очаги обитания беркутов теперь достаточно хорошо защищены благодаря созданию на этих территориях за последние 20 лет обширной сети заповедников и национальных парков.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Красная книга Республики Казахстан. Т. 1. Животные. Ч. 1. Позвоночные (издание четвертое, исправленное и дополненное). - Алматы, 2008. - 316 с.
2. Красная книга Алматинской области. Животные. Алматы, 2006. - 520 с.
3. Корелов М.Н. Отряд хищные птицы — *Falconiformes* // Птицы Казахстана. - Алма-Ата, 1962. — Т. 2. — С. 488-707.
4. Березовиков Н.Н. Беркут. - Алма-Ата: Изд-во «Кайнар», 1986. - 111 с.
5. Березовиков Н.Н., Воробьев И.С. Питание беркута в горах Южного Алтая // Экологические аспекты изучения, практического использования и охраны птиц в горных экосистемах. - Фрунзе, 1989. - С. 6-8.
6. Колбинцев В.Г. О питании беркута в Западном Тянь-Шане // Редкие и малоизученные птицы Узбекистана и сопредельных территорий. Материалы IV республиканской орнитологической конференции. — Ташкент, 1994. — С. 31-33.
7. Березовиков Н.Н., Воробьев И.С. Канибализм у филина и беркута // Орнитология. — М., 1986. — Вып. 21. — С. 147.
8. Воробьев И.С., Березовиков Н.Н. Зимняя подкормка беркутов // Охрана хищных птиц. Материалы I совещания по экологии и охране хищных птиц. М., 1983. С. 10-12.
9. Березовиков Н.Н., Воробьев И.С. Организация индивидуальной охраны гнездовий беркута и его зимняя подкормка // Методы изучения и охраны хищных птиц. — М., 1990. — С. 248-252.
10. Березовиков Н.Н., Воробьев И.С. Хищные птицы Нарымского хребта (Южный Алтай) // *Selevinia*, 1998/1999. — С. 94-98.
11. Грачёв В.А., Березовиков Н.Н. Из истории истребления хищных птиц в Казахстане в 1940-1960-е годы // Русский орнитологический журнал, 2016. — Т. 24. — Вып. 114. — С. 1894-1899.

ХАЛЫҚТЫҚ ОРНИТОЛОГИЯДАҒЫ ҚЫРАН ҚҰСТАРДЫ ТОПТАУ ДӘСТҮРІ

Хинаят Б.

*ҚР БҒМ ҒК, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
тарих және этнология институты
Алматы, Қазақстан, E-mail: babakumar@mail.ru*

Дәстүрлі дүниетанымдық түсінікте, соның ішінде этнографияның «халықтық білімдер жүйесі» деп аталатын саласында тіршілік әлемі туралы халықтық танымда жер бетіндегі тіршілік атаулыны «он сегіз мың ғалам (әлем)», яғни 18 мың түрлі жаратылыс иесінен тұратындығын айтылады. Тіршілік-иесі атаулыны «*дүние ойлап тұрсам жалған жалған екен, ғаламды он сегіз мың алған екен*», - деп келетін қазақтың қар өлеңіндегі жолдар осыны меңзеуден туындаған. Тілдік, фольклорлық және этнографиялық деректерді діни түсінік-пайыммен шендестіре қарастырған ғалым Нұргелді Уәлидің пайымдауынша, аталған ғалам алты мың *жәмадат* (адамзат (ұлт, ұлт), алты мың *нәбатат* (өсімдік), сондай-ақ алты мың *мақұлықаттан* тұрады деген халықтық білімдегі жіктеудің мәніне ден қояды. Бұл мұсылмандық-діни дәстүрге негізделген ұғымнан туындайды [1]. Мұндағы мақлұқат санатына күллі жан-жануар, аң-құс атаулының барлығы енеді. Халықтық зоологиялық танымға ден қойсақ, осы санаттағы құс атаулы академик Ә.Марғұланның жазу бойынша *тұяқты құстар* және *жәлбесін құстар* деген екі үлкен топқа бөлінеді екен: етін жеп, мамық жүнін кәдеге жарататындарды *жәлбесін құстар* деген топқа жатқызса, екінші топтағыларға *тұяқты құстар* тұр [2]. Ол *тұяқты құстарды* да екіге жіктеген: аң алатын, яғни бүгінгі түсінік бойынша жыртқыш құстарды *қыран заттылар* десе, баулып, аңға салуға келмейтіндерін *керексіз затты* құстар деген [2].

Біз сөз еткелі отырған *қыран тектілер* немесе *қыран заттылар* жігіне көптеген халықтарда ежелден бері ерекше қастерленген, адамның ырқына көніп, қолға ұстауға баулып аңға салуға жарайтын, кәдеге жарайтын құстар енеді. Мұндай адамға «қызмет ететін» *тұяқты қырандарды* қазақ танымында «жеті қазына» деп аталған ерекше категорияға жатқызған [7, 8]. *Қыран құстың жаратылысы* өзге құстарға қарағанда ерекше: олардың денесі

жинақы, төс сүйектері шығыңқы, көздері өткір, көз ұясы кең, тұмсығы имек біткен, бұлшық еттері ширақ, саусақтары күшті, өздері қайратты, өте жігерлі келеді [2, 3, 17, 18]. Өте биікке самғайтын қыран заттыларды «көктің иесі, аспанның киесі, жоғарғы әлемнің елшісіне балаған. Олардың қырағылығы мен алғырлығына ерекше қастерленген көшпелі жұрттарда биліктің рәмізі ретінде ту-байрақтарға бейнелеген. Әбілғазы Баһадүрханның «Шежіре-и түрік» еңбегінде Оғұз қағанның 24 ұл немересінің қыраны мен таңбалары аталады: *сұңқар, күйгенек, көбек сары, тұрымтай, қыр+ғұ, қыз+ыл қар+жығай, көж+ген, жере лажын, сарыша, баһари (қарға), су бұр+кіт, ала тұғанақ, бұғдайнақ, құмай, енчары, йағалбай, біқұ, қар+шығай, ителгұ, түйгұн, чере қар+чығай* [4].

Халықтық орнитологиялық танымда қыран құстарды топтаудың қалыптасқан алуан түрлі жолдары бар. Мысалы, қыран құстардың табиғи жаратылысы мен бітіміне қарай *үлкен қыран құс* және *кішірек қыран құс* деп екі түрге бөледі. Бұл қыранның аң-құс ұстайтын қарымы мен ілу (ұстау) ерекшелегіне қарай бөлуге негізделгенге ұқсайды. Себебі, аң-құсты ілу сипатына қарай қыранды *аушы құстар* және *саят құстары* (немесе *шәулі қырандар*) деп бөледі. Аушы құсқа анды жерде бүріп ұстайтын бүркіт тектестер жатса, шәулі қырандарға олжасын ауада теуіп немесе ұрып ұстайтын бітімі шағын қырандар енеді [2, 17]. Ж.Бабалықұлы мен А.Тұрдыбаевтың пайымдауынша, шәулі атауының мәні ұсақ дегенге саяды. Қыран құстардың ұя басып, балапан өрбітетен аналығы *ұябасар*, аталығын *шәулі* (бүркіттікі *сарыша* және *бұқатана*) деп аталады. Кез-келген қыранның ұябасары аталығына қарағанда денесі ірі, әрі аң ілгіштік қасиеті басым болып келеді [2, 3, 17].

Халықтық орнитология мәселесіне ден қойған мажарстандық ғалым Алмаши Дьөрдьтің Жетісу қазақтарында кездесетін тағы бір классификацияға тоқталады. Жетісу бойында 1900 жылы 1906 жылдары зерттеу жүргізген ғалымның мәліметіне қарағанда, қазақтар қыран құстарды ұшуына қарай *биікке самғайтындар* және *аласада қалықтайтындар* деп бөлетіндігін айтады. Аласада қалықтайтындарға жағалтай, тұрымтай, қырғи (оларды «*по, по*» деп шақырады дейді) енеді, ал басқа қырандар - биікке самғайтындар санатында [5].

Орта Азиядағы құсбегілікті арнайы зерттеген ғалым Г.Н.Симаков қыран құсты жаратылыс бітімі, тұр-тұлғасы және аң ілуі сияқты қасиеттерін ескере отырып үлкен үш топқа бөлетіндігін айтады [6]. Олар: *сұңқар тектестер* (олар көбіне биікке қалықтайтындарды) және *қырғи тектестер* (кейде *қаршыға тектестер* деп те атайды), сондай-ақ *бүркіт тектестер*. Ел арасында лашынды жеке текке жатқызатындар да бар.

Қазақтың құсбегілік дәстүрінде *сұңқар тектестерге* *сұңқар, лашын, жағалтай, тұрымтай, күйкентай, бидайық* және *ителгі* жаталы. Олардың ортақ ерекше сипаты - денесін тығыз қауырсын жапқан, қанат шалғыларының ұшы сыдырғысыз, үшкіл болып келетіндігінде [3, 10].

Сұңқар — өте сирек кездесетін, алғыр, жылдам самғап, шүйілетін қыран. Құсбегілер барлық қыранның ішіндегі ең шапшаңы *сұңқар* ұшқан кезде басқа құстар бұғып тығылып қалады деп мадақтайды. *Сұңқардың* жемі құстар мен ұсақ аңдарды аулайды Әдетте олар ұя жасамайды, көктемде қия жартасқа не бөгде құстың ұясына жұмыртқа салып, бір ай басады деседі [12].

Лашын — жұдырақтай ғана, ұзынша келген, көзі қара түсті құс. Тұмсығы иілген, қияғы ұстарадай өткір, сарғыш түсті, тұяғы ұзын, әрі өткір. Қанаты ұзын, құйырық шалғысы қысқа. Түлеген сайын жоны сұрғылт, кеудесі сарғыш тартып отырады. Ұшқыр қыран ретінде бекзадалар арасында айырықша бағаланған [13].

Жағалтай — лашынға ұқсас, бірақ дене тұрқы бөкене, арқасы көгілдір, бауыры ашық қоңыр, тамағы мен мойынында сары жолағы болады [12].

Ителгі — дене бітімі кесектеу, шұбар ала түсті. Бірақ, ұябасары қоңырқай келеді. Аса биікке самғап, қатты шүйлігіп түсетін өте алғырлығына байланысты оны лашынның кіші түріне балайды [11, 12].

Тұрымтай — бауыры жиренқұла, ту сыртынан қарағанда күңгірттеу көкшіл немесе қарақоңыр, аздаған сары жолақ жүндері болады [3, 8].

Бидайық — қанаты бидайық өсімдігі тәрізді болғандықтан атау соған байланысты алынған. Төбесінде жирен, көзінің астында күрең түсті жолағы болады. Ол бозторғай, кептер, бұлдырық, кекілік сияқты құстарды аулайды. Халық ақындарының шығармаларында «*бидайыққа лайық қарағым-ай, бөктергіге қор болып барасың-ау*»

деген жолдарда айтылады. Қалай дегенмен, аса биікке шырқап ұшатын бидайық қазақ арасында ертеде қадірлі қыранға саналған сияқты [7].

Қазақ құсбегілері *қаршыға тектестерге қаршыға, ақ тұйғын, қырғи мен тұнжыр* жатады. Оны кейбір деректерде қырғи тектестер деп те атайды [3, 10]. Ал, қаршыға тектестерде қанаты доғалданып келеді. Соған байланысты құсбегілер шәулі қыранды *сұңқар қанаттылар* және *қаршыға қанаттылары* деп те бөледі [3]. Қаршыға, тұйғын тәрізді құстардың құйрығы басқаларға қарағанда ұзындау деп сипаттайды тақырыпқа қатысты мәліметтерде.

Қаршыға — орман тоғайлы, таулы жерді мекендейтін өте қырағы, әрі епті қыран. Денесі ықшам, қанат-құйрығы артына қарай сүйірлене біткен, шұбар түсті, тамағы ақшыл, шекесі қарасұр келеді [13, 17]. Халықтық орнитологияда бұл қыранның түсінің әр алуан келетіндігіне байланысты *ақтұнжыр, қаратұнжыр, көктұнжыр* және шөлді далада қоян ұстап күнелтетін *тынар қаршыға* деген түрлерін жеке-жеке ажыратады [3].

Қырғи — денесі кішілеу, кеуде жүндері көлденең белдеу жолақты, аяғы сарғыш, тұяғы қара қыран [17]. Тұйғын — орман-тоғай мен бұталы тау бөктерлерін мекендейтін шүйілгіш, шапшаң құс. Түсі мен мінезіне қарай бірнеше түрге бөлінеді дейді: бауыры аппақ *мырза тұйғын*, қауырсыны сұрғылт *кір тұйғын*, құл *тұйғын* деген түрлерін сипаттайды [3].

Қырандарының ең алыбы — *бүркіт*. Ұясын адам аяғы жете алмайтын жалаңаш құз жартастарды, сырғыма шағылдарды, қарағай, тоғайлы өңірді, су жайылмасы, сексеуілді шөлді мекен етеді. *Бүркітті аң* ілудегі сипаты мен қырандығына қарай *ақиық, қыран, шегір, қаратау қыраны, ала баришын, зорлықшы қара, қой шегір* деген түрлерге бөледі [2, 9]. Қазақ құсбегілерінің тәжірибесіне қарағанда, бір түрлі қыранның мекен еткен жеріне қарай тұлғасы мен түсі де өзгешелеу болады. Мысалы, *тау* немесе *құз бүркіті* иықты, аңғарлы, тұлғасы кесектеу келсе, *ой жердің бүркіті* немесе *қыр бүркіті* ықшам, жинақы, кішіректеу болады. Ұясын салған жеріне байланысты өрбіген құстың түсі де өзгеше болады. Әсіресе, *қырғи* мен *қаршығада* ұяға байланысты ажыратып атайды.

Халықтық түсінікте қыран құстарды аң-құсқа салу сипатына қарай жіктейтін дәстүр бар. Бұл жүйе бойынша да қыранды екі топқа бөледі: бірісі — аңды жерде бүріп ұстайтын бүркіт тектестер-

мен аң алу. Қазақ арасында ондай құстарды *аушы құстар*, онымен аң алуды *аушылық* деп атайды [8]. Екіншісі шәулі құстармен аулау және оның басты ерекшелігі, олжасын ауада іледі. Оны құсбегілер *саят құстары* деп те атайды, олармен аңға шығуды *саят құру* немесе *саятшылық* деп атау орныққан [7].

Шәулі қырандармен *аққу, қоңыр қаз, сары ала қаз, үйрек, ұлар, бұлдырақ, шіл, кекілік, ақ құр* және *қоян* сияқты еті ала аң-құстарды аулап, көсіп еткен. Құсбегілер *дуадақ, шіл, ұлар, безгелдек, жорға дуадақ, шыңырау, тарғақ, бөдене, бұлдырық* сияқты *қыр құстарын* саятшылықта олжалауға тырасады [11, 12, 17]. Бүркітпен жерде жүгірген қоян, түлкі, қарсақ, тіпті жыртқыштар мен қоңыр аң (марал, тау ешкі және т.б.) түрлерін алдырады.

Қыран құспен аң-құс аулау машақаты көп күрделі іс. Ұлы Абай құс салуды пәни дүниедегі *«ешкімге зияны жоқ»* қызық іс десе, Мұхтар Әуезов *адамды ақындық күйге жеткізетін, шабыт сыйлайтын өнер* ретінде бағалайды [8].

Қыранды сынау. Халықтық орнитологияда ерекшеден қойылатын нәрсе - қыранның табиғатын саралап, алғырлығын дөп басып болжау ісі. Онымен айналысатын сыншылар қыранды сынағанда, оның дене бітімі мен әрбір мүшесінің сипатына ден қояды. Сыншылар қыран құсты сынауда атсейіс тәрізді ең алдымен, олардың дене бітіміне, қауырсыны мен жүндеріне, табиғи қалыбы мен өңтүсіне ерекше мән берген. Мысалы, қыранның жалпы пошымы, сүйек бітімі, қанат пен шалғысының бітісі, қауырсын жүндерінің түр-түсі, қаттылығы мен серпінділігі, тұяқтары мен саусағының табиғи қалыбын мұқият қарап, ұстап сипап, тартып көреді. Оған қоса қыранның дауысы, мінез-құлқына қарай оның жынысы мен жасына баға береді. Қыранның басы, көзі, қанаты, көзқарасы мен мінезі, дене бітімі, езуі, жемсауы, айыр сүйегі және дене буындарына қарай оған сын және сарап айтылады [2, 3, 8].


Әрбір қыранның өзінің орташарқы дене бітімінің өлшемдерінен (стандарттық өлшемдерінен) ірілеу келген, кесек тұлғалы болса, оның күшті қармаулы болуы ықтималдығы жоғары деп есептейді. Мысалы, бүркіттің тұлғасын кеудесінің жуандығымен өлшейді. Көкірек тұсынан өлшегенде 9 тұтамнан астам болса, ондай бүркітті «балуан тұлғалыға» теңейді [9]. Құс аяғының күшті болуы ондағы бұлшық ет, тарамыс, сіңірлеріне, тұяққа байланысты дейді. Тегеуірін мен жембасардың тарамысы бауырына ала ирек-

теле бітіп, оның әрбір шодырайған ирегіне буындағы сіңір қыры дәлме-дәл келетіндіктен аталған саусақтарға ерекше күш береді. Тұяқтың ойы өзегін жақтаулаған мүйізді өткір, доғалы қыры *пышаққа* жалғас көбеге дейінгі аралықтағы бунақталып келген бұдыр *болат* саны көп болса қайратты қырандықтың белгісіне теңейді [3, 7].

Қыранды сынаудың халықтық тәжірибесіне қарағанда, әу әуелі қыранның басы мен тыныс мүшелеріне, сондай-ақ төс топшысы мен аяғына ерекше мән берген. Егер қабағы биік, жанары өткір, маңдайы жазықтау, тұмсығы көкшіл сұры, мойыны жуан, басы етсіз болса жақсы қырандықтың сипатына теңеген дейді. Танау тесігі кең және дөңгелектеу болса, тынысы кең, ал танау жебесі кеңірек, жалпақ болса — қайраттылықтың белгісі деген [2, 9].

Тұмсық пен аяқ мүйіздерін күннің көзіне қарағанда, көкшіл рең байқалса - ол тектіліктің нышаны. Сол сияқты тұмсықтың езуге жалғасқан иек тұсында болатын емшек тәрізді өткір бүдірлі бөлігінің жақсы дамуы да қырандықтың сипатына саналады [3, 9]. Ж.Бабалықұлы мен А.Тұрдыбаевтың мәліметіне қарағанда, қырандар қауырсын жүндерін жыл сайын жаңалап тұрса, шалғы, қанат қауырсындарын екі-үш жылдар бір рет кезекпен алмастырып отырады дейді. Ескі жүні түлеген кезде балапан тәрізді жалаңаштанады дейді [3].

Қыранның бас сүйектері бір-бірімен қайнаса бітісіп кеткен, шымыр қатты болады. Желкеден төмен шүйдедегі сыпырықтанып келген шодырайып тұратын төмпегі басын барлық бағытта еркін, ширақ қимылдатуына мүмкіндік береді [2]. Олардың көру қабілеті ерекше дамыған. Қырандардың омыртқалары мен буын жіктерінің өзара байланысу (тұтасу) ерекшелігі және төс пен жамбас бөлігінің жақсы дамыған бұлшық еттері оған талмай ұзақ ұшуға мүмкіндік береді [8, 18]. Дене бітімі аң ілуге бейімделген: сүйек қаңқалары мен салалы, саусақтары сіңірлер арқылы жымдаса біткен. Әсіресе, лашын мен сұңқар тұқымдастарының арқа омыртқалары қайнаса біткендіктен олар ұшқыр, әрі қармаулы келеді деп пайымдайды [3]. Қыран құстардың тұмсығы ілетін аңына, шоқитын жеміне қарай әрқалай. Қаршыға, сұңқар тектестердің тұмсығының түп жағы келтелеу, соқталы, ал имек ұшы ұзынша, үшкір келеді.



Сурет. Қыран құстың дене бітімі және қаңқасы.
Josef Hiebeler. Der Steinadler in der falknerei (Wien, 2004) атты еңбектен

Қыран құстың аң ілуі сипатына қатысты жүйелеуде халықтық орнитологиялық мәлімет сәл өзгеше болып келеді. Оған қатысты мәліметтер «қыран құс қисық ұшып, түзу іледі» деген сөз орамына тоғысқандығына ден қояды. Бұл сөз орамының мәні қыран қолдан аттанғанда құлап бара жатқандай немесе қиғаштай ұшып барады. Себебі аңдыған олжасының астыңғы жағынан тебу немесе жоғарыдан құдилап ұру, шүйіліп бұру сияқты алуан әдіспен алатындықтан өзіне қолайлы жолын таңдайды. Соған байланысты қыран құстардың аң ілуіне қарай үш топқа бөлген :

— *біріншісі* — іліп алатындар Ондай қырандардың тұяқтары салалы, ұзын, әрі өткір қармақ тәрізді болады. Олар олжасын қуа жүріп, іліп түседі. Ондай сипат *тұйғын, қырғи* және *мықи* тәрізді қырандарға тән. Жетісу тауларында мекендейтін қазақтар *тұйғынды* қырғауыл, қаз, үйрек сияқты құстарға салатындығы осыған байланысты [2, 3, 5];

— *екіншісі* — теуіп алатындар. Оған *ителгі, бидайық, лашын, жағалтай* және *сұңқар* жатады. Шүйіліп соғуға ыңғайлы, ықшам денесімен биіктен сорғалап олжасына көз ілеспес жылдамдықпен жетеді де, сосын қайырылып теуіп жібереді [3, 11, 12];

— *үшіншісі* — бүріп алатындар. Бұған бүркіт түрлері ғана жатады. Оның аңға түсуі жер жағдайына байланысты әр түрлі: ол қалың бұталы жерде жоғарыдан шүйіліп түссе, далалы ашық жер-

де аңға іліп, тау қойнауында қыршығаша сыпыра түседі дейді мәлімет берушілер. Бүркіт қашып бара жатқан аңды бір аяғымен бас жағынан тарпа бас салады, екінші аяғымен жотасын ұстап, омыртқасын үзуге тырысады. Қырандығы басым бүркіт арқар, тау ешкі, елік, қаракұйрық, қасқыр және түлкі алғанымен, көбіне мерт болады [9, 12, 9]. Атақты Садуақас Шормановтың Көкқұс атты бүркіті 22 жыл бойы аң қағушылық сипатын сақтаған деседі. Сұңқар мен қаршыға шамамен 10-15 жыл, ұсақ түрлері бір-екі жыл ғана аң алғыш қасиетін сақтайды деседі. Қыранның алғыр кезі үшінші-бесінші түлек аралығында.

Шәулі қырандар олжасын көбіне ауада ұстайтын болғандықтан *ұшу сипаты* олжасын ілуге ыңғайлы: *ату, сыпырту* және *түю*. Қырандар денесі епті, әрі ықшам, кеуде тұсы жұмыр, канат-құйырығы сыпырық, артына қарай сүйірлене біткендіктен «ауада ұршық тәрізді үйіріліп, ұшқыр қимыл жасауға икемді» келеді. *Қаршыға* тектестер құйын тәрізді ұйытқып, сыпылдап ұшса, *сұңқар* тектестерге сыпырта, ағыза ұшу мәнері тән [2, 3, 9, 17]. Лашын құсты ілгенде астыңғы жағынан жетіп алады да, тік көтерілген соң жоғарыдан оқша шаншылып түседі [13].

Сұңқар тектестер көзіне көрінген құстарды түгелімен қырғанша тыным таппайды. Олар үйрек, дуадақ, қаз тәрізді ірі құстарды да іледі. Жақсы қайырылған *ителгі* көлдегі үйректің бірін де қалдырмай теуіп құлатады. М.Д. Сейітов есімді автордың мәліметіне қарағанда, ителгі қашқан қоянды кеудесімен, тегеуірінімен бірнеше рет соғып омыртқасын үзеді [12]. Дегенмен, ителгіні қолға үйрету өте қиынға саналады. Соған байланысты «*қаршыға қазан астырады, ителгі етек бұлғайды*» деген сөз орамы туған [2, 15].

Қаршыға олжасын төменнен жоғары қарай ұшып ұстайды. Қаршығаның ұшуы баяу болғандықтан жақын жерден ұшыруға тырысады. *Қаршығаның* басқа қырындардан ерекшелігі ілген құсын, қашанғы ілгенше тынбай тепендеп қуа береді [15]. Саятқа ересен шабытпен кірісетін *қырғи* бөдене мен торғай түрлерін жақсы іледі [17]. Саятшылыққа баулудың бастауына саналған *жағалтаймен* қоян, кекілік, құр сияқты кіші құсты көбіне жас балалар ермек үшін алады [12]. Шәулі қырандарға қаз бен дуадақ алу қиын. Ш.Аймановтың мәліметіне қарағанда, әсіресе, олардың бірін іліп жерге түскен қыранды басқалары жабылып қанатымен сабалайды.

Ал, дуадақтар өзіне қарсы ұмтылған қыранға жүнін қорбитып «алдайды» немесе оның басына саңғып жіберетін көрінеді [15, 11].

Қазақ арасында ертеде қыран құс үлкен сұранысқа ие болған. Қыранды малға айырбастап немесе беделін сатып алатын дәстүр ХІХ ғасырға дейін болған. Мысалы, Г.Загряжскийдің мәліметіне қарағанда, 1910 ж. бүркіттің бағасы 200 сом, тіпті бапталғаны 5-6 түйеге бағаланған. Ал, сұңқар, қаршыға бағасы 1-2 түйеге парапар болған [16]. Ұйретілген *түз бүркіті* қымбатқа, *қолбала* (ұядан алған балапанынан баулыған) қыран арзанға түскен. Қыранның денесі ірі, шымыр, түсі сарғыш болса, соғұрлым қымбатқа бағаланған [17].

Халықтық орнитологиядағы қалыптасқан талғам түсінік ғылыми классификациядан өзгеше тұстары болғанына қарамастан көптеген қырында сәйкес келетін жақтары аз емес. Қыран құстарды көшпелі ортаның шаруашылық-кәсіп талаптарына қарай жіктеу, сайып келгенде, ғасырлар бойы жүргізілген халықтық эмпирикадан туындаған саятшылық ісін ұйымдастыру мен жүргізуде өзіндік ролі болған, әрі табиғи ортаны игеру практикасына қызмет еткен дәстүрлі халықтық білімнің құрамдас бөлігіне айналған.

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Уәли Н. *Нәбатат. Мақлұқат // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Бес томдық этнографиялық энциклопедия. IV том. Қ—О.* — Алматы: Слон, 2013 (736 б.). — 502-506, 280-281 бб.
2. Марғұлан Ә. *Саят құстары // Таңдамалы. 2-том.* — Алматы: Алатау, 2007, — 432 б.
3. Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. *Қырандар.* — Алматы: Қайнар, 1983. — 176 б.
4. Әбілғазы. *Түрік шежіресі. Көне түрік тілінен аударған Б.Әбілқасымұлы.* — Алматы: Ана тілі, 1992. — 208 б.
5. *Álmásy György. Vándorutom Ázsia szívébe (Азия жүрегіне саяхат).* — Budapest, 1903. — 768 о.
6. Симаков Г.Н. *Соколиная охота и культ хищных птиц в Средней Азии (ритуальные и практические аспекты).* — СПб.: Петербургское востоковедение, 1998. — 323 с.

7. Қыран (қыран құс) // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Бес томдық этнографиялық энциклопедия. IV том. Қ—О. — Алматы: Слон, 2013 (736 б.). — 211-214 б.
8. Хинаят Б., Исабеков Қ. Саятшылық. — Алматы: Алматыкітап, 2007. — 132 б.
9. Кәмалашұлы Б. Қазақтың дәстүрлі аңшылығы. — Өлгий, 1994. — 108 б.
10. Муқанов М.С. Охота с ловчими птицами у казахов // Известия АН КазССР. Серия общ. наук. — 1983, №3. — С. 48-55.
11. Полферов Я.Я. Охота в Тургайской области. — Оренбург, 1896. — 137 с.
12. Сейтов М.Д. Охота с ловчими птицами у казахов Семипалатинского края (с предисловием и замечанием И.А.Чеканинского) // Записки Семипалатинского отдела Общества изучения Казакстана (бывший СПО ИРГО). Том 1, 1929. Вып. ХVIII. — Семипалатинск, 1929. — С. 65-74.
13. Мұқанов С. Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Таңдамалы шығармалар. XV том. — Алматы: Жазушы, 1979. — 380 б.
14. Жәңгірұлы Ш. Алымыр құстар жөнінде // Ғылым және өнер (Үрімжі). — 1986, №4. — 23-32 б.
15. Айманов Ш. Қыран туралы хикая. — Алматы: Қайнар, 1967. — 162 б.
16. Загряжский Г. Быт кочевого населения долинь Чу и Сырдарьи // Туркестанские ведомости. — 1874, № 30. — С.118.
17. Орехов И. Охота с ловчими птицами у киргиз // Туркестанские ведомости. — 1910. № 66, 67, 68.
18. Josef Hiebeler. Der Steinadler in der falknerei. — Wien, 2004. — 238 p.

РЕДКИЕ ХИЩНЫЕ ПТИЦЫ ПОБЕРЕЖЬЯ КАСПИЙСКОГО МОРЯ

Гисцов А.П.

Институт зоологи КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Для побережья казахстанской части Каспийского моря по литературным данным и нашим наблюдениям известно пребывание 292 видов птиц, из них в низовьях Урала встречается более 240 видов. Качественный и количественный состав птиц в исследуемом регионе в разные сезоны года подвержен существенным колебаниям. Видовой состав редких птиц, занесенных в национальную Красную книгу представлен более, чем 36 видами (розовый и кудрявый пеликаны, малая белая и желтая цапли, колпица, каравайка, черный аист, фламинго, краснозобая казарка, пискулька, лебедь-кликун, малый лебедь, мраморный чирок, белоглазый нырок, савка, скопа, змееяд, орел-карлик, степной орел, большой подорлик, могильник, беркут, орлан-белохвост, балобан, сапсан, стерх, серый журавль и красавка, султанка, дрофа, стрепет, джек, черноголовый хохотун, чернобрюхий рябок, саджа и филин).

Беркут — *Aquila chrysaetus*** - Буркіт

Крупная птица отряда соколообразных. Издавна используется как ловчая птица, в республике возрождается традиционная охота с беркутом. Питается млекопитающими средних размеров (сурки, зайцы, лисица и др.). В большинстве районов региона встречается на пролете и кочевках в марте-апреле и октябре-ноябре. Обычная гнездящаяся птица гор и чинков полуострова Мангышлак. Чаше встречается в южной его половине. Наиболее высокая плотность его была в Актау-Бузачинском заказнике (1 особь на 10 км маршрута) и на уступах Каясенирек (1.1 ос./10 км). Большинство беркутов встречалось около родников с кустарниковой растительностью, где держатся кеклики (*Alectoris chukar*) и зайцы-толай (*Lepus tolai*) — их основные объекты питания (Табл.). На авиамаршруте 3100 км в октябре-начале ноября 1991 г. зарегистрировано 105 беркутов — 52 одиночные птицы, 18 пар, 3 группы из трех и 2 группы из четырех особей (Карпов, Гисцов, 1996). В кладке 1-3, чаще 2 яйца. В году 1 выводок. Беркут внесен в Красную книгу России.

Орлан-белохвост — *Haliaeetus albicilla*** - Аккуйрыкты субуркіт

Одна из самых крупных птиц нашей фауны. В регионе встречается весь год, питается рыбой, и млекопитающими средних размеров. В казахстанской части дельты Волги гнездится около 30 пар этих птиц, в основном по протокам вдоль Кигача, где в начале апреля 1997 г. от пос. Сафоновка до “Московского охотника” отмечено более 15 гнезд и 63 орлана на 35-40 км водного маршрута. В пойме Урала от пос. Махамбет до г. Уральска гнездится — 25-30 пар [1, 2]. В Волжско-Уральском междуречье сосредоточены основные зимовки этой птицы до 400 особей.

Таблица. Численность и распределение редких хищных птиц в Мангистауской области по материалам авиаучета (октябрь-ноябрь 1990 г.)

Район	Длина маршрута км	Балобан		Беркут		Степ-ной орел	
		Абс. Ос./10 км	Ос./10 км	Абс. Ос./10км	Ос./10км	Абс. Ос./10км	Ос./10км
Горы Каратау	260	-	-	7	0.27	1	0.03
Горы Актау	240	2	0.08	1	0.04	5	0.2
Чинк п-ва Тيوب-Караган	96	1	0.1	1	0.1	2	0.2
Хребет Каскыр-Жол	54	-	-	3	0.5	6	1.1
Западный Чинк	928	25	0.26	48	0.5	12	0.1
Гора Жаман-Айрақты	24	2	0.8	-	-	1	0.4
Урочище Мынсуалмас	240	12	0.5	2	0.08	18	0.8
Горы Колекелы	24	2	0.8	1	0.4	3	0.8
Горы Жельтау	34	-	-	1	0.3	2	0.6
Северный Чинк	90	2	0.2	1	0.1	8	0.9
Уступы у пос. Уштаган	50	-	-	-	-	1	0.2
Впадина Карагие	222	3	0.01	4	0.02	-	-

Впадина Каунды	84	8	0.9	2	0.2	1	0.1
Приморский Чинк	98	-	-	6	0.6	-	-
Актау-Бузачинский заказник	106	2	0.1	11	1.0	3	0.2
Впадина Жазгурлы-Базгурлы	64	11	1.7	-	-	2	0.3
Уступы Каясенерек	64	4	0.6	7	1.1	2	0.3
Хребет Жабайушкан	174	3	0.1	7	0.4	1	0.05
Уступы Шапон-Ата, Ажиректысой	88	2	0.2	1	0.1	-	-
Западный Каратау	68	1	0.1	2	0.3	-	-
Гора Карашек	90	1	0.1	-	-	-	-
Всего	3104	81	0.26	105	0.33	68	0.21

Немаловажное значение для зимовки орлана имеют участки северных районов Каспийского моря у южной кромки льда (в мягкие по температурным режимам годы она проходит по 46 градусу с.ш.), где они держатся на местах “щенки” и линьки каспийского тюленя (*Phoca caspica* Gm.).

Учет численности орлана-белохвоста проводился с ледокольных судов в феврале-марте 1999-2007 г. в северной части Каспийского моря от бухты Баутино до нефтяной платформы Кашаган компании Аджип. Здесь орлан держится вблизи кромки льда и открытой воды, где сосредоточены основные “щенные” залежки каспийского тюленя. На маршруте судов 14 и 15 февраля 2000 г. отмечено 83 и 59 птиц, 22 февраля 2001 г. встречено 12, а 23 февраля 11 орланов, 16 февраля 2002 г. - 29 орланов-белохвостов. Как видно из приведенных материалов численность птиц на местах размножения тюленя довольно высока. Если учесть тот факт, что учетами охвачена небольшая часть залежек тюленя, а это не более 10% занимаемой ими площади, то расчетное число орланов-белохвостов, зимующих на льдах северной части Каспия составит в среднем 388 птиц. Численность каспийского тюленя в последние годы поддерживается на уровне 360-420 тыс. голов. Орлан-белохвост являясь одним из естественных врагов новорожденных тюленей может наносить определенный ущерб этим животным. Нами неоднократно наблюдалось

нападение на “бельков” каспийского тюленя в возрасте до 2-х недель, как одиночными орланами, так и группами до 3-4 птиц [3].

Балобан - *Falco cherrug*** - Ителги

Сокол средних размеров, перелетная птица, в питании преобладают мелкие грызуны и птицы. В большинстве районов региона встречается на пролете в конце марта-апреле и сентябре-октябре, гнездится в горных системах Мангышлака. По материалам авиаучета в октябре-начале ноября 1991 г. в горных системах Мангышлака отмечена 81 птица (см. табл.). Распределение этих соколов по горным массивам и чинкам было неравномерным и зависело от характера рельефа. Наиболее высокая плотность населения балобана (1.7 ос./10 км маршрута) наблюдалась во впадине Жазгурлы-Базгурлы, имеющей высокие отвесные стенки чинков, часто с отрицательным углом наклона (предпочитаемые места гнездования этого вида). В то же время на высоком Приморском чинке южнее пос. Курык и в горах Каратау балобаны не отмечались. Все встреченные птицы имели светло-серую (белесую) окраску, характерную для местной популяции балобана [4]. В кладке до 6, обычно 2-4 яйца. В последнее десятилетие пользуется ажиотажным спросом в странах Ближнего Востока как ловчая птица. Балобан занесен в Красную книгу Казахстана и России. Питается млекопитающими средних размеров и птицами, реже поедает ящериц и насекомых.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Березовиков Н.Н., Гисцов А.П. Орлан-белохвост в долине Урала и Северо-Восточном Прикаспии// *Редкие виды растений и животных Оренбургской области. Оренбург, 1992. С. 22-25.*
2. Березовиков Н.Н., Гисцов А.П., Грачев А.В. Орлан-белохвост в Северо-Восточном Прикаспии// *Selevinia, N 2, 1994. С. 89-90.*
4. Карпов Ф.Ф., Гисцов А.П. Материалы авиаучетов редких хищных птиц на полуострове Мангышлак// *Русский орнитологический журнал, N 4, 1996. С. 11-13.*
3. Гисцов А.П. Об изменениях численности редких птиц в дельте Урала и на северо-восточном побережье Каспия//*XIV Международная орнитол. конф. Северной Евразии. Алматы, 2015. С. 137-138*

БҮРКІТТЕРДІҢ ТАБИҒАТТАҒЫ ЖАҒДАЙЫ, ОЛАРДЫ ҚОЛДА КӨБЕЙТУ

Дуанкүлов Д. А.

Алматы облысы, Райымбек аудандық натуралистер станциясы

Қазақстан - жер көлемі жөнінде әлемдегі 1-ші ондыққа кіретін ірі Республикалардың бірі, ал ТМД елдері ішіндегі Россиядан кейінгі ең үлкен республика.

Солтүстік шекарасы мен оңтүстік шекарасы 1700 шақырым, шығысы мен батысы 3000 шақырымға созылып жатқан осындай кең байтақ жердің табиғи жағдайы, яғни жер бедері де біркелкі болып келмейтіні өзінен-өзі түсінікті. Республикамыздың әр аймағындағы табиғи жағдайы әр қилы болғандықтан өсімдіктері де, жануарлар дүниесі де әр түрлі. Мысалы, Солтүстік Қазақстан аймағының жануарлары мен өсімдіктері Сібірге тән болса, оңтүстік аймақтарда тропиктік, субтропиктік түлерге жақын. Осыған байланысты Қазақстан жерін бірнеше аймақтарға бөлуге болады. Ол аймақтар орманды-дала, дала, шөлейт, шөл және таулы аймақтар.

Мінеки, осы көрсетілген табиғи жағдайы өте күрделі алып территорияның өсімдіктері де, жануарлары да түр жағынан бай болып келеді.

Біз Қазақстан жеріндегі мекен ететін құстарға келсек, Республикамызда құстардың 481 түрі кездеседі екен. Систематикалық жағын қарастырсақ, олар 24 отрядқа бөлінеді. Біз әңгіме еткелі отырған негізгі нәрселер күндізгі жыртқыш құстар болғандықтан оларды жеке қарастырайық.

Қазақстанда тұрақтылығы жағынан ең кішкентайлар: тұрымтай, қырғи, жағалатай болса, ал ең үлкендері - құмай, сақалтай сияқты 6-7 кг тартатын үлкен құстар. Қанаттары қалықтап ұшуға, үлкен жылдамдықта шүйлігуге ыңғайлы келеді және оның ұзындығы 2,5 метрге дейін жететін болады.

Жыртқыш құстардың дене құрлысы тірі жем ұстап жеуге ыңғайлы, үстіңгі тұмсығы қайырылған, астыңғы жағы өткір, көпшілігінің аяқ тырнақтары өте иілген өткір болады. Ал, өлексе жейтін құмай, тазқаралардікі керісінше тұқыл болады. Үстіңгі тұмсығының түбінде жақсы балауызы болады. Көздерінің ай-

наласы мен саусақтарында қауырсын болмайды. Сирақтары әрі жыртқыш, әрі түрлерінде өзіне тән ғана қауырсын жабыны болады. Өлексемен қоректенетін түрлерінде мойыны мен басы не жалаңаш, не майда мамық жабынмен қапталған. Жабын қауырсындары қатты, ұштары доғал. Көптеген жыртқыш құстардың мойны мен желкесіндегі жабын қауырсындары ұшталып келеді. Санының қауырсындары ұзындау, балақ жүні түлейі. Қанат пен құйрық қауырсындары өте қатты. Жабын түсі негізінен сұр, қоңыр, қара, ақ түс. Сирақтары мықты, ірі қабыршақтармен қапталған. Үш саусағы алдына қараған, біреуі артына қараған. Әр жыртқыштардың өзіндік аң аулау тәсіліне байланысты қанаттары әр түрлі формада, мысалы: орман ішінде аулайтындарының доғал, қысқа қашықтыққа жейтін жемін тез қуып жету үшін болса ұзын, жемін қалқып жүріп іздейтіндерінде үлкен жалпақ қанат болады. Бұл сақалтай, тазқараларға тән. Ал бүркіттерде, яғни жылдам, әрі қуып жүріп аулайтындардікі ұзын болады. Көздері үлкен, басқа құстарға қарағанда алға қарай орналасқан бұл жыртқыштардың көру аймағын кеңейтіп көрсетеді.

Жыртқыш құстардың жыныс белгілері негізінен жабын қауырсындарының түсіне байланысты, ұрғашқылары солғын, еркектері айқын түсте болады. Әрі еркектері ұсақ, ұрғашылары ірі болып келеді.

Ұяларын негізінде жерге, ағаштарға, жартас қуыстарына салады. Жұптарымен жеке ұялайды. Бірақ кейбір жыртқыштар, мәселен, сұңқар тәрізділер мен құмайлар кішігірім топтасып ұялауы мүмкін. Жұмыртқаларын негізінен ұрғашысы басады, ал еркегі ұяны қорғап, ұрғашысын тамақтандырып жүреді. Ал балапан шыққан соң балапанын тамақтандырып, жем аулауға тәрбиелейді.

Бәріне тән қасиет, жұмыртқалары өте көп болмайды. Үлкен түрлерінде 1-2, кіші түрлерінде 9-ға дейін домалақ немесе сопақтау болып келеді. Жұмыртқа қабығы ақ, сарғыш, не көкшіл түсті, қабығы мықты болады. Жыл маусымында бір рет қана жұмыртқалайды. Жұмыртқа басуы бірінші жұмыртқадан басталады.

Ұядағы балапандары әлсіз және ұзақ дамиды. Балапандары ересектерінен ерекше түсті болады. Балапандары жыныстық жағынан 3-4 жылда ғана жетіледі.

Барлық жыртқыш құстардың көбеюі жемінің аз-көптігіне байланысты. Негізгі жемдері ұсақ құстардан бастап түрлі тірі жәндіктер,

мұнымен қоса өлекселермен де қоректенеді. Жыртқыш құстар жер бетінде (Антарктикадан басқа) өте кең таралған. Қазақстанда бір ғана отряд тармағы *Falcones* өкілдері таралған. Осы отряд үсті Қазақстанда 2 туысқа біріктірілген, олар **сұңқар тәріздестер және қаршыға тәрізділер**. Осы аталған отрядқа кіретін жыртқыш құс өкілдері атына сай етпен қоректенеді, шамасына қарай тірі жәндіктерді аулайды.

Өткен ғасырдың орта шеңінде көптеген ауыл маңын мекен еткен жыртқыш құстарды зиянкес, бағалы аң мен құсты жояды деп, жаппай қыруға да заң шыққан, тіптен атып өлтірілгені де болған. Оларды өлтіргеніне қарай сый ақы да төленген, нәтижесін қазір көріп отырмыз. Осының салдарынан көптеген майда сұңқарлар жойылу үстінде тұр. Әрине, заң қазір жойылды, бірақ жойылған құстардың келу- келмеуі екі талай.

Біздің қазіргі қарастырғалы отырған негізгі мәселеміз, күндізгі жыртқыш құстарды қолда баптап аңға салу, яғни құсбегілік спортын дамыту. Тарихқа үңілсек, бүркіт салу, сұңқар, ителгіге үйрек ілдіру Орта Азия халықтарында, тіптен Еуропаның кейбір елдерінде ертеден келе жатқан өнер екені мәлім. Әрине, адамзат осы іске еріккеннен емес, даладағы жабайы аң мен құсты ұстап жеуге, терісі мен қауырсынын тұрмыс қажетіне жаратуға мәжбүрлікпен барғаны рас.

Бертін келе шолақ мылтық шыққан соң бұл іс ұмыт бола бастаған, тек өткен ғасырдың соңғы он жылдығынан бастап құсбегілік спорт түрі ретінде қарастырыла бастады. Құсбегілік қазақ халқында да кеңінен таралған, бірақ қазақ жаппай құсбегі болмағаны шындық. Екінің бірі онымен айналысты десек, артықшылық болар. Ауылда бірлі-екілі бүркітші болды және олар көбінесе атадан қалған өнер болды, әкесі атасы істеген кәсібін жағдайына қарай балалары да жалғастырып отырды.

Қазақ халқының жыртқыш құстардан баптайтыны негізінен, бүркіт, жыртқыш құстардың үлкені және тегеуіріні мықты нағыз аңшы қыран құс. Жемі тірі жәндіктер, оның ішінде біздің өлкеде негізінен суыр, қысқа қарай тырнағына іліккен шамасы жеткеннің бәрін жейді, бірақ ашыққан кезде аң өлекселерін де қорек етеді. Жемін аңдып та алады, немесе биікте қалқып ұшып жүріп те алады. Мұны қанат құрлысынан-ақ көруге болады, тұрақты жұп құрайды, ұясын биік жартаc қуысына, не өте биік ағаш басына салады. Ұяны түрлі ағаш бұтақтарынан ебедейсіз жасайды. Ұяда бір неме-

се екі жұмыртқа салады. Біз тексерген 4 ұяда осылай болды. Бұл құстардың аз балапан өрбітуі жақын манда жемтік тауып беруінен болар. Мен жалпы бүркіттің биологиясы туралы аз жаздым, себебі бұған дейін, яғни осы уақытқа дейін бүркіт толық зерттеліп, түрлі орнитолог ғалымдар өздерінің ғылыми еңбектерінде жариялаған. Оларға өткен ғасырдың басында Қазақстан құстарын, әсіресе Жетісу өңірінің құстарын толық зерттеген В.Н. Шнитников, Г.П. Дементьев, М.Н. Корелов, тіптен осы кезде ғылыми көпшілікке арналған Ральф Пфедфердің еңбектерін атауға болады.

Мен көбінде осы сөзімнің дәлелі ретінде, табиғаттағы бүркіттерді қорғау жолдары және оның проблемалары, болашақта құсбегілердің пайдаланатын бүркіттерін қолда көбейту арқылы табиғаттағы бүркітке тиіспеу жолдарын қарастыруды жөн көрдім.

Құстарәлемін зеттеу жұмысын өте ерте бастадым. Бұрын құстардың тек систематикасын, көп түрлігін зерттедім. Зерттеу аймағын Алматы облысының Кетпен жоталары мен Теріскей Алатауы, тіптен қырғыз елінің сарт қалмақтар қоныстанған аймақтарына дейін сапар шектім. Бертін келе жабайы құстарды қолда ұстау, олардың балапандарын қолда өсіру жолын зерттедім. Ісімнің нәтижесі мен көбейтіп тәрбиелеген сирек кездесетін құстардың балапандары есейіп Алматы, Ресей, Америка Құрама Штаттары, Голландия хайуанаттар бақтарына кетті. Әрине, бұл істе мен Алматы хайуанаттар бағымен тығыз байланыста болдым. Мен жалпы осы іспен 40 жылдан арттық шұғылдандым. Барлық құстардың қай уақытта ұшып келетіні, қашан ұшып кететінін, қайсысы жолай қонады, қандай құстар бізге қыстап ұрпақ өрбітетінін бақылап отырдым. Осындай бақылаулардың нәтижесінде, Қазақстанның құстар әлемі өте көп өзгерістерге түскенін байқадым. Кезінде бізде көптеген балапан шығаратын, күз кезінде топталып ұшып жүретін бірнеше құс түрлері соңғы жылдары мүлдем ұшты-күйлі жоғалып кетті. Мысалы, бұрындары көп болаа-тын балшықшы, жылқышы құс топтары қайда кетті?

Біз бақылаған өңірлерде бұрын бүркіт ұяларын немесе ұшып жүрген бүркіттерді азды - көпті көріп жүретінбіз. Ал, соңғы он-он бес жыл ішінде биылдың өзінде бір-ақ бүркіт кездестірдік. Бұрындары малшылар мекен ететін шалғай өңірлерде, қыстаулардың маңайында «бәлен жерде бүркіт ұялады» деген сөзді жиірек еститінбіз, қазір тіптен естілмейді. Мұның өзі адам аяғы баратын жерге бүркіт ұя салмайтын болды деген сөз. Себебі ұядағы балапан-

ды жетілмей жатып алып кетеді. Бұған соңғы кезде қыран құстарды пайдаға асырып, саудалап жүргендердің қатарының көбейгендігі екені даусыз. Тіптен бүркіт балапанын алып, республикадан тыс-жерлерге саудаға салу фактілерінің де байқалып отырғаны белгілі.

Ғылымда, егерде ұядағы құстың не бір тал жұмыртқасын, не бір балапанын алса да, ұябасар құс ең болмаса бір балапанын ұшырса, сол ұяға жылда ұя баса береді, яғни құс мазасын алмаса, ол ұясынан безіп кетпейді.

Екіншіден, бүркіттердің тіршілік етуіне азығы, яғни тірі жәндіктердің аз-көптігі де әсер етеді. Бізде қыран құстардың азығының негізі- суыр. Суыр бұрын өте көп болды. Ал, қазір қалай? Соңғы уақытта біздің табиғи өлкелеріміз негізінен аң аулау аймақтарына бөлшектеніп, жекелікке өтіп кетті. Аңшы үйлері салынып, өз беттерінше шаруашылық болды. Бірақ олар ешқандайда ереже бойынша қанша аң барын, олардың есебін жүргізбейді. Олардың қаншасын ұстауға, не атуға рұқсат беру есебін жүргізбейді. Осының салдарынан соңғы 3 жыл ішінде Лабасы-Шәкірамбал өңірінде аңшылар суырдың терісі мен майы үшін оны өте көп аулады. Біз 10 шақырым арнайы бағытпен жүріп отырып, осы өлкеде санағанымызда суырдың өте сиреп кеткенін көрдік, індері бар, бірақ иесіз. Мен бұл бақылауымда суыр жөнінде емес, сол суырды жеп тіршілік ететін бүркіт және басқа жыртқыш құстардың азықсыз қалғанын байқадым.

Үшіншіден, қасқыр. Қасқыр малға шабады, қасқыр тартқан малды қазақ жемейді. Қасқырды ұстау үшін өлексенің жанына қақпан құрады. Өлексені жеуге қасқыр келмейді, алдымен жыртқыш құстар келеді, солар қақпанға түседі. Әрине, қақпанға түскен құстың тағдыры белгілі. Қақпан шайнаған аяқ бітпейді, құс өледі.

Осы жоғарыдағы жайлар мен табиғаттағы жағдайларды қарастыра отырып, саралағанымда, Қазақстанда бүркіттердің табиғатта жойылып кету қаупі туып тұр. Қазірден осы құстарды сақтап қалу шаралары қарастырылмаса, болашақта мүлдем жойылып кетеді.

Менің ұсынысым - бүркіттерді қолда көбейту. Алматы хайуанаттар бағында кезінде осы мәселе жақсы қолға алынып еді. Бұл істі енді Бүркітшілер федерациясы да қолға алса. Бүркітті де арнаулы тәлімбақта көбейтіп, ал аңшылар сол тәлімбақтан алған балапандарды аңға баулыса. Егер маман шын мәнінде қолға алса, бұл өте қиын мәселе емес. Тек қиыны, аналық бас жұбын анықтап, тұрақты түрде

тек көбеюге қою керек. Ал қоректендіруде, оған үй қояндары мен егеу құйрықтарын өсіретін шағын зертхана-ферма ғана қажет. Жалпы бүркітті көбейту әрине, жеке адамның қолынан келмейді. Оған қаржы және маман керек. Бұл үшін тәлімбақтар ашып, бүркіттерді өсіруге бағыт алған Бүркітшілер федерациясына үкіметтен қолдау қажет. Бұл жерде айта кететін жай, үлкен кедергі, ол «утилизация» яғни, бүркіттер кемтар болып қалса немесе көбеюге жарамай қартайса, тіптен белгісіз себептермен құсбегі құсынан сырт берсе бүркіт тағдыры қиын, оның өмірі не хайуанаттар бағында өтуі керек, немесе тәлімбақта қалуы керек. Бүркіт табиғатынан жыртқыш, қауіпті құс екенін естен шығармауымыз қажет. Міне, осындай мәдени тұрғыда бүркіттер тәлімбағын ұйымдастыру, бүркіттерді сақтап қалудың бірден-бір жолы деп есептеймін.

Ендігі мәселе, қазіргі таңда қолымызда ұстап жүрген бүркіттер туралы. Қазір өздеріңіз көріп жүргендей құсбегілер саны артып келеді, бірақ құсбегілердің барлығы бірдей бүркіттерін нағыз өз жағдайында ұстап жүр десек артық айтқандай болар еді. Себебі, көпшілігі күркеде, тар торда, тіптен қорада ұстайды. Мұндай жағдайда бүркіттің қанша уақыт өз қалпында өмір сүруі белгісіз, мақсаты бір рет болсын болмасын құсбегілер жарысына қатысу, бүркітші деген атаққа ие болуды мақсат тұтқан жандардың жайы белгілі. Турасын айтсақ, бүркітші болып, бүркіт ұстау оңай емес. Ол үшін қазіргі жағдайы да, тұрмыс-әл ауқаты жақсы болуы қажет. Бүркітшіліктен, тіпті ұстаған құс-аңнан тапқан табысы кеткен қаражатын ақтай алмайды. Нағыз құсбегілік, атадан-балаға берілетін өнер. Біз өнерді дамытумен қатар нағыз құсбегілерді тәрбиелей білуіміз қажет.

Мен құстарды торда ұстап келе жатқаныма міне 40 жылдан асты. Оларды тек торда ұстап қана қоймай, осында көбейтіп отырамын. Балапандарын адамға, яғни тәрбиешіге үйір болуға баулыдым. Бұл ретте әр түрлі құсқа әр түрлі әдіс қолдану қажет, тіптен бір түрге жататын құстардың да талап, тілегі әр түрлі болып келеді. Құстарды, әсіресе сәндік құстарды торда ұстаумен адамзат ерте кезден-ақ шұғылданған, ермек еткен. Бертін келе, ғылымда өте көп зерттеулер жүргізілген, дегенмен, әлі де дәл қайсы құсқа қандай мөлшердегі тор керек екенін толық ешкім айта алмайды. Барлық уақытта тек жорамалмен мөлшерлейді. Осы 40 жыл ішінде құстарды торда өсіргендегі менің бір байқауым, құстың торы неғұрлым кең болса, құс үшін бұл жақсы, бірақ құс қолға үйренбей үркек, жабайы болып кетеді, керек

кезінде тоқ болса қолға да келмейді. Ал, өте тар болса, онда қанат, құйрық қауырсындары қаққан кезде сынып, құстың сұрын кетіреді. Түрлі құс паразиттері тез пайда болып, құстың мазасын алады, ақыры құс өліп тынады. Құстың тұғырының биіктігі де көп рөл атқарады. Мысалы, адам көз қарасынан жоғары орналасса, онда құс өзін адамнан жоғары ұстайды, оңайшылықпен бағынбайды. Осы себептен құс тұғыры адам бойынан төмен орналасуы керек. Құс қожасының кім екенін сезінуі қажет. Осыған байланысты мен бүркітті қолда ұстауға қолданылатын тор (вольер) жобасын ұсынып отырмын.

Вольер құрылысы қарапайым, әрі құрылыс материалы жергілікті жерден табылатындай арзан болуы керек. Негізінен, тақтайдан болса өте ыңғайлы. Өйткені, ағаш кірпіштен гөрі таза, сыртын жұқа қаңылтырмен қаптаса суық өтпей, желден жақсы сақтайды. Тордың алдыңғы беті оңтүстік, не оңтүстік-шығысқа бетін бұрып тұруы керек. Тұмшаламай тор төбесі аздап тормен жабылады. Түкпір жағынан қыс кезінде, қатты суықтан қорғайтын тор көздері барынша ұсақ, әрі мықты арнайы жылы орын болмаса, басқа жәндіктер, ұсақ құстар бүркіттің мазасын алады.

Еденінде бүркіт шомылатын су құйылған ыдыс, оған жақын қауырсындарын тарап, кептіріп отыратын үлкен тас, не ағаш шөлкесі орналастырылуы керек.

Енді құстың санитарлық-гигиеналық жағына келсек: тордың іші жыл маусымына қарай әктелсе, құстар көктемде және күзде бір рет эктопаразит насекомдарға қарсы дәріленуі керек, бұның маңызы өте зор. Себебі, торда тұрған құстар паразиттерден көптеп зардап шегеді. Ал тор еденіндегі құстың қалдық тамақтарын күн сайын тазартып отыру керек екені айтпаса да түсінікті.

Ал, құстарды азықтандыруға келсек, құстың бұл түрі негізінен етпен қоректенетіндіктен, көп жағдайда бүркітшілер мал етімен, өлексе мал етімен қоректендіреді, суыр, қоян аулап береді. Бұл жағынан дұрысы да, бұрысы да бар. Әрі басқаша азық тауып беру қиын. Шығар жолы сол: қолда үй қоянын асырау. Пайдасы - бүркіт үшін жылы қанды жас ет, жақсы азық. Мұндай азықпен құс көп өмір сүреді. Үй қоянының күтімі ауыр, асыл тұқымдасынан гөрі кәдімгі ауылда балалар асырап жүретін жәй қояндар болса жетеді. Оларды бағу оңай, әрі өсімтал. Тек торда бағу керек. Азықтың өзге де қымбат тұратын түрлерін асырауға болады, алайда, біз жергілікті жердің мүмкіндігіне қарай айтып отырмыз.

СЕМЕЙ ЖӘНЕ ПАВЛОДАР ӨНІРІНДЕГІ ЖЫРТҚЫШ ҚҰСТАРДЫҢ ТҮРЛІК ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰСБЕГІЛІК ДӘСТҮРІ

Зейноллинова А.К., Ауталипова Д.Қ., Кабденов А.С.

Караағаш ЖОББМ, Ертіс ауданы, Қазақстан Республикасы

Қазақстанда табиғи ландшафты алуантүрлі болғандықтан, мұнда әртүрлі жануарлар, құстар тіршілік етеді. Біздің еліміздің ең әдемі, сұлу деген жерлері Көкшетеу, Баянауыл және тағы таулы-қыртты жерлерде ең қызықты құстардың отрядтарының бір түрі - жыртқыш құстар отряды тіршілік етеді [1].

Ұлан-байтақ Қазақстан территориясында құстардың 480-нен астам түрлері тіршілік етсе, оның 51 түрі жыртқыш құстар. Күндіз ұшатын жыртқыш құстардың 39 түрі кездеседі, олардың 33-і ұя салады [2, 3].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына күндіз ұшатын жыртқыш құстардың 15 түрі енгізілді. Бірқатар түрлері жойылып кету шебінде қалып отыр және адамның араласуынсыз олардың өсіп-өрбуі, қалпына келтіру мүмкін емес.

«Семей және Павлодар өңіріндегі жыртқыш құстардың түрлік құрамы мен құсбегілік дәстүрі» атты өзекті ғылыми зерттеу жұмысының жасалуына биылғы таңда тоғыз жыл. Бұл ғылыми жұмыс өзінің бастауын Семей қаласы 2007 жылдан алады. Алғаш жыртқыш құстарға менің ұстазым 2007-2014 жылдар аралығында «Семей қаласы және қала өңіріндегі жыртқыш құстардың түрлік құрамы» атты тақырыпта зерттеу жұмысын жүргізді (кесте 1). Аймақтық компоненттің өзгеруіне байланысты ұстазыммен бірге зерттеу жұмысын жалғастырудамыз (кесте 2)

Зерттеу жұмысының өзектілігі - Туған өлкеміздің жыртқыш құстарының түрлік құрамын зерттеу және де құсбегілік дәстүрін жаңғырту өте өзекті, қазақ халқының құсбегілік дәстүрінің тарихын болашақ ұрпаққа дарыту, жалғастыру, үйрету.

Зерттеудің өзектілігі - біріншіден, көшпенділер өмірінен берік орын алған өнер, екіншіден, табиғат пен адамның тұтастығын қалыптастыру, үшіншіден, беріліп отырған тақырып бойынша зерттеу жұмыстарының өте аздығы.

Кез келген ұлт атаулының ежелгі дүниетанымдық көрінісі оның тарихынан көрініс табады. Ұлттың өзіндік тұрмыс-салт ерекшелігі

халықтың өткен өмірінде қандай мәні болса, бүгінгі өмір тіршілігіне тигізер пайдасы зор. Қазіргі таңдағы маңызды бір мүмкіндігі — оның осы танымдық қызметін неғұрлым толық ашып көрсету, сол арқылы ежелгі елдік белгіні, халықтық қалыпты жете тану.

1. Жыртқыш құстардың экология жағдайына, ауа-райына, табиғи мекендерінің өзгеруіне байланысты қоныс аударуы, яғни миграциялау.

2. Жыртқыш құстардың көптеген түрлері — «Қызыл кітап» иелері.

3. Жыртқыш құстар шетелге, яғни Араб әмірліктеріне (ителгі) сатылады.

4. Еріксіз жағдайда ұсталатын жыртқыш құстарды өрбітіп, табиғи ортаға шығару.

5. Құсбеглік дәстүрін облысымызда жаңғырту.

Зерттеу жұмысының мақсаты - Павлодар қаласы және қала өңірінің жыртқыш құстарының түрлік құрамын анықтау және құсбегілік дәстүрінің теориясын игеру. Құсбегілік дәстүрді қазақ тарихындағы аңшылық кәсібінің бір үлкен саласы ретінде анықтап, бұл кәсіптің болашақ ұрпаққа берері көп екенін көрсету. Ата — бабамыздың ежелгі аңшылық-саятшылық дәстүрін жаңғырту, деректер жинақтау, тарихи тұрғыдан талдау.

Зерттеу жұмысының міндеттері: Жыртқыш құстардың түр құрамын, олардың кездесу жиілігін, жеке түрлерінің көп мөлшерде кездесуін анықтау, «Құсбегілік дәстүрінің» теориясын меңгерген адамдармен сұқбаттасу, мектепте жыртқыш құстарды оқытуға әдістемелік талдау жүргізу.

Құсбегілік сонымен қатар жеріміздің асты-үсті көл-көсір байлығын қорғап, сақтап қалуға өте тиімді, әрі қолайлы өнер саласы деп қабылдауымыз қажет екенін білу. Жыртқыш құстардың түрлік құрамын көбейтуде маңызды рөл атқарады. «Құсбегілік дәстүрінің» теориясымен Қараағаш ЖОББМ-нің оқушыларын таныстыру.

Зерттеу жұмысының нысаны: Павлодар қаласы және қала өңірінің күндізгі жыртқыш құстар класының түрлері. Қазақ халқының — атадан мұра қалған қазақ халқының дәстүрі, кәсіпті ұлттық тарихи тұрғыдан зерттеу.

Зерттеу жұмысының жаңашылдығы: 2016-2019 жылдарда Павлодар қаласы және қала өңірінде жыртқыш құстардың түрлік құрамына алғаш зерттеу жүргізілді.

Павлодар облысында құсбегілік дәстүрінің маңыздылығын түсіндіру.

Зерттеу жұмысының педагогикалық маңызы: Зерттеу нәтижелерін мектепте орнитология курсын оқытуда құстар әлемінің көптүрлілігі, жыртқыш құстардың сыртқы құрылысы, экологиясы, табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы тақырыптарында қолдануға болады. Қазақ халқының дәстүрін маңыздылығы туралы ашық сабақтар жүргізу.

2007-2014 жылдар аралығында Семей қаласы және қала өңіріне 17 танымжорық жүйесі жасалды. 15 -жыртқыш құстың түрі анықталды (кесте 1).

Қаршыға тәріздестер -дала қыраны, кара кезқұйрық, дала құладыны, қаршыға, қырғи, қарақұс, бүркіт, акқұйрықты суббүркіт, кәдімгі тілеміш, ал сұңқар тәріздестер - ителгі, жағалтай, кәдімгі тұрымтай, кәдімгі күйкентай, бөктергі, жамансары.

Зерттелген жыртқыш құстардың ішіндегі қызыл кітап иелері — бүркіт, дала қыраны, қарақұс, акқұйрықты суббүркіт, ителгі.

2015-2016 жылға бекітілген зерттеу жоспары: Жыртқыш құстардың түрлік құрамын анықтауда Павлодар қаласына және қала өңіріне 6 танымжорық жүйесі жоспарланды. Танымжорық орындары: Баянауыл ауданы (танымжорық ұзақтығы 40 км), Қараағаш ауылы (танымжорық ұзақтығы 15 км.), Павлодар қаласы —Семей қаласы(танымжорық ұзақтығы 350 км.), Ертіс ауданы — Павлодар қаласы(танымжорық ұзақтығы 135 км.), Қараағаш-Железинка (танымжорық ұзақтығы 50 км), 6 танымжорық жүйесі жасалып, 570 км жүрілу керек. (сурет 17-20).

Кесте 1. 2007-2014 жылдары кездескен жыртқыш құстардың кездесу жиілігі

№	Жыртқыш құстың түрі	2007-2009 ж.	2010-2011ж.	2012-2014ж.	Барлығы
1	Қарақұс	6	1	4	11
2	Кәдімгі күйкентай	2	7	-	9
3	Дала қыраны	1	5	2	8
4	Бүркіт	1	3	4	8
5	Қара кезқұйрық	7	9	9	25

6	Ителгі	6	1	-	7
7	Жағалтай	3	5	-	8
8	Қырғи	7	2	1	10
9	Кәдімгі тұрымтай	1	-	-	1
10	Аққұйрық субүркіт	1	2	-	3
11	Дала құладыны	3	9	3	15
12	Үлкен қаршыға	3	2	-	5
13	Бөктергі	-	1	-	1
14	Жамансары	-	-	1	1

Зерттеудегі күні, уақыты, ауа-райы, құстарға дейінгі ара қашықтық, түрлік құрамы, жалпы саны, мекен ортасы, маршрут ұзақтығы, биіктігі танымжорық кестесіне түсіріледі.

Зерттеу жұмысында жүргізілген танымжорық қорытындысы: 2015-2016 жылы 5 танымжорық жүйесі жасалып, жыртқыш құстарға зерттеу жүргізілді, 13 — жыртқыш құстың түрі анықталды. Мысалы: «Баянауыл» - бүркіт, қарақұс, дала құладыны, кәдімгі күйкентай, кәдімгі күйкентай; «Семей-Павлодар» - бүркіт, дала құладыны, кәдімгі күйкентай, дала қыраны, қара кезқұйрық, бөктергі, жағалтай; «Павлодар-Ертіс» - дала құладыны, дала қыраны, қара кезқұйрық, бүркіт, қырғи; «Қараағаш ауылы» - кәдімгі күйкентай, ақ құйрықты субүркіт, дала құладыны, қара кезқұйрық, қарақұс, ақ жапалақ, бүркіт, кәдімгі үкі; «Железинка» - қара кезқұйрық, кәдімгі тілеміш, ақ құйрықты субүркіт кездесті. 2015-2016 жылғы зертеу жұмысының қортындысының нәтижесінде 11 — күндізгі жыртқыш құстары және 2 — түнгі жыртқыш құстары тіркелді. 11 жыртқыш құстың қаршыға тәріздестер — дала қыраны, қара кезқұйрық, дала құладыны, қырғи, қарақұс, бүркіт, аққұйрықты субүркіт, кәдімгі тілеміш, ал сұңқар тәріздестер — жағалтай, кәдімгі күйкентай, бөктергі. 13 жыртқыш құстың — 6 түрі «Қызыл кітапқа» енгізілген (кесте 2).

Құсбегілік - ұлттың қанына сіңген көне дәстүр. Көшпенділер өмірінен берік орын алған өнер. Оның тәлім-тәрбиесі атадан балаға қастерлі қалпымен жарасымды жалғасқан. Саятшылық

қызығы серуендеу сипатымен ғана шектелген жоқ. Табиғат пен адамның тұтастығын қалыптастырды. Қыранның болмысын, оның көтерілген биігін түсіну үшін де сезім керек. Ол сезім қазақтың намысын жалаулатты, жігер отын алаулатты. Өршілдікті қаны мен жанына дарытты [4].

Қазір құсбегілік өнер шет жұрттықтарға «этникалық туризм» ұйымдастыратын мекемелерге ауадай қажет. Алайда жас ұрпақтың саятшылыққа деген құштарлығын оятумен бірге, қолына бүркіт ұстай алатын баланы аяқтандырып, тәрбиелеуге мүмкіндік беру.

Шәйбай Айманов өзінің «Аңшылық және табиғат» деген еңбегінде сонау Кавказ тауларындағы Қарашай өлкесінде тұрғасында жазды. Ол өзі сүйген аңшылық өнерді, оның ішінді қазақ халқының құсбегілік өнерін жастарға жатық та түсінікті етіп жазып беруді борыш деп санаған Шәйбай еңбегі сол жағынан бағалы.

Кесте 2. 2016 жылға жасалған жоспар бойынша жүргізілген танымжорық қорытындысы

№	Мекен ортасы	Түрі	Түр саны
1	Баянауыл	Бүркіт - Беркут - <i>Aquila chrysaetos</i>	2
2		Қаракұс - Могильник - <i>Aquila heliaca</i>	1
3		Дала құладыны - Степной лунь <i>Circus macrourus</i>	2
4		Кәдімгі күйкентай - Пустельга обыкновенная <i>Falco tinnunculus</i>	2
5		Кәдімгі үкі - Обыкновенный филин	3
6	Павлодар	Дала қыраны - Степной орёл <i>Aquila nipalensis</i>	1
7		Қара кезқұйрық - Чёрный коршун <i>Milvus migrans</i>	5
8		Бөктергі - Кобчик - <i>Falco vespertinus</i>	1
9		Дала құладыны - Степной лунь <i>Circus macrourus</i>	2
10		Жағалтай - Чеглок - <i>Falco subbuteo</i>	1
11		Кәдімгі күйкентай - Пустельга обыкновенная <i>Falco tinnunculus</i>	2
12		Бүркіт - Беркут - <i>Aquila chrysaetos</i>	1

13	Ертіс	Бүркіт - Беркут - <i>Aquila chrysaetos</i>	1
14		Қара кезқұйрық - Чёрный коршун <i>Milvus migrans</i>	4
15		Дала құладыны - Степной лунь <i>Circus macrouras</i>	2
16		Қырғи - Перепелятник - <i>Accipiter nisus</i>	2
17		Дала қыраны - Степной орёл - <i>Aquila nipalensis</i>	1
18	Қараағаш	Қарақұс - Могильник - <i>Aquila heliaca</i>	1
19		Кәдімгі күйкентай - Пустельга обыкновенная - <i>Falco tinnunculus</i>	2
20		Бүркіт - Беркут - <i>Aquila chrysaetos</i>	1
21		Қара кезқұйрық - Чёрный коршун - <i>Milvus migrans</i>	4
22		Ақ жапалақ - Белая сова	1
23		Ақ құйрықты субүркіт - Орлан белохвост - <i>Haliaeetus albicilla</i>	1
24		Дала құладыны - Степной лунь - <i>Circus macrouras</i>	2
25		Кәдімгі үкі - Обыкновенный филин	2
26	Железинка	Кәдімгі тілеміш - Обыкновенный курганник - <i>Buteo rufinus</i>	2
27		Қара кезқұйрық - Чёрный коршун - <i>Milvus migrans</i>	4
28		Ақ құйрықты субүркіт - Орлан белохвост - <i>Haliaeetus albicilla</i>	1

Республикамыздың белгілі жазушысы Сапарғали Бегалин ұшқыр қаламынан шыққан аңшылық, құсбегілік жайындағы әңгімелер өзінің көркемділігі, шебер суреттелуімен кезінде қалың оқушы қауымды қатты сүйсіндірген. «Қыран туралы хикая», «Сынық қанат», «Түйе тіркеу», «Тазы мен түлкі» деген әңгімелерінде де жазушы жасынан жаны сүйіп қастерлеген аңшылық, құсбегілік, мергендік өнерін үлкен шабытпен кеңінен баяндайды. Бұл көркем әңгімелерді де өз оқушыларының жүрегіне жол табады [4].

Төрехан Әлішеров өзінің «Ит жүгіртіп, құс салған» деген еңбегінде ғасырлар қойнауынан жеткен халқымыздың тамаша аңшылық өнерін әңгімелейді. Ұшқан құс пен жүгірген аңның әдет-дағдысы, амал-әрекеті, із кесу өнері, аңдарды техникасыз аулау, қазақтың дәстүрлі бүркіт, қаршыға, ителгі т.б. құстарды ұясынан ұстап, баулу, қақпан құрып, тұзақ қою арқылы табиғат шырқын бұзбай аңшылық құруы туралы айтады [5].

Зерттеу нәтижелерін мектепте орнитология курсын оқытуда құстар әлемінің көптүрлілігі, жыртқыш құстардың сыртқы құрылысы, экологиясы, табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы тақырыптарында қолдануға болады (сурет 1, 2).



Сурет 1. «Жыртқыш құстардың адам өміріне маңызы» атты ашық сабақ. Облыстық балалар биологиялық орталығы, Семей қаласы.



Сурет 2. «Құсбегілік - ұлттың қанына сіңген көне дәстүр» атты ашық сабақ. Қараағаш ЖОББМ, Павлодар облысы.

ОХОТА С ЛОВЧИМИ ПТИЦАМИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Земблевский В.Н.

*Республиканская ассоциация общественных объединений
охотников и субъектов охотничьего хозяйства «Кансонар»,
Астана, E-mail: sadak-kz@mail.ru*

Из исторических источников, начало работы человека с ловчими птицами датируется V - VI тысячелетием до нашей эры. С того момента работа с ловчими птицами неоднократно обошла все континенты, и каждый народ внес свою лепту в этот тандем отношения человека и птицы. В наше время, в мировом масштабе, такую функцию выполняет Всемирная Федерация Соколятников — International association for falconry and conservation of birds of prey (IAF), которая насчитывает в своем членстве 110 организаций из 86-ти стран мира, и существует без малого 50 лет. За этот период IAF проделала огромную работу по пропаганде, сохранению и легализации охоты с ловчими птицами во многих государствах, помогая соколятникам вносить изменения в законодательства их стран, обосновывая и доказывая, что соколиная охота должна существовать. Так же, был реализован большой проект по внесению соколиной охоты в репрезентативный список нематериального культурного наследия ЮНЕСКО.

40 лет назад чехословацкие соколятники приезжали в Казахстан и перенимали опыт, накопленный нашими отцами, по обращению с хищной птицей. Сегодня, обогатив его своими знаниями, многие владельцы этих пернатых Словакии, Чехии и других западных стран, у себя дома занимаются разведением и выращиванием как соколов, так и беркутов, не затрагивая дикую природу.

На протяжении многих веков любители соколиной охоты встречали как поддержку, так и преследование со стороны властей, как благосклонность судьбы, так и бытовые трудности в отношении своего ремесла.

С приобретением независимости Казахстана, прослеживается дополнительная волна развития национальной охоты с ловчими птицами. В данный момент в Казахстане идет её возрождение и процветание, оказывается всяческая поддержка этому направлению охоты.

Однако, в условиях развития общества в техногенном прогрессе, под постоянным прессом экологических проблем, неблагоприятных социальных и бытовых воздействий, такое древнее искусство испытывает трудности и деформации даже в такой стране как Казахстан.

Простые, на первый взгляд, принятые нормы в Законе «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира», такие как, например, «нахождение в охотничьих угодьях лиц с ловчей хищной птицей приравнивается к охоте», влекут административную ответственность, и, соответственно, оставляют негативный отпечаток на соколятника во время его тренировок в степи, - ведь это действие уже можно расценить как производство охоты. И если в период охотничьего сезона ещё возможно найти какой-либо выход из сложившейся ситуации, то вне сезона охоты сделать это практически невозможно. Но птица должна получать физическую нагрузку постоянно, круглогодично, а не от случая к случаю. А в городе поддерживать в норме мышечный тонус, навыки маневренного полета и рабочий контакт питомца с владельцем зачастую невозможно. В связи с такой потребностью необходимо законодательно дать возможность создания легкодоступных природных островков, специальных полигонов или участков вокруг городов, в охотничьих хозяйствах, для каждодневной работы соколятников и беркутчей с ловчими птицами, их натаски и тренировки.

В советское время выделялись участки охотничьих угодий специально для охоты с собаками и ловчими птицами. Эти мероприятия в какой-то мере обеспечивали безопасность используемых на охоте птиц от нерадивых охотников, которые могли застрелить не только дичь, но и пернатого хищника, - обученная птица совсем не боится человека. В данное время такие опасения за птицу существуют среди беркутчи и соколятников. В связи с этим, охотпользователь должен выделять такие участки у себя в хозяйстве, включать их в правила внутреннего распорядка, обозначать аншлагами, определять территорию охоты для охотников при выдаче путевки и контролировать местоположение клиента во время охоты.

Для развития и поддержки охоты с ловчими птицами надо использовать опыт соседних стран. Так, в Нидерландах правительство поддерживает древний промысел ловли морских креветок. Ловцы, одетые в национальные костюмы, верхом на лошадях в традиционной конской сбруе, выходят, как в старину, на берег моря и тянут свои невода. Конкурировать с корабельными тралами по вылову креветок они, конечно же, не в силах. Но государство допла-

чивает участникам за данное ремесло. Это делается для того, чтобы туристы могли окунуться в древнюю жизнь приморцев.

Аналогичными действиями можно приглашать иностранных туристов в степь, сопки, горы, где они имели бы возможность ознакомиться с искусством работы с ястребом, соколом или беркутом. У каждого народа есть свои обычаи, наработки, традиции, которые они сохранили и которые им дороги. Туристам, несомненно, будет очень интересно узнать о них, ознакомиться с их историей.

Для развития национальной охоты с ловчими хищными птицами, необходимо выполнение следующих условий: создание условий и возможностей для приобретения птиц; участие государства в создании и поддержании существующих питомников по разведению и выращиванию пернатых хищников; наличие возможности расширенного общения беркутчи и соколятников с единомышленниками из других стран; содействие государства в проведении состязаний и фестивалей с участием ловчих хищных птиц. Но на данный момент удовлетворение всех требований не представляется возможным. Кроме того, при пересечении с птицей границы для участия в международных мероприятиях, имеются некоторые трудности. Действующие нормы СИТЕС (СИТЕС - конвенция о международной торговле видами дикой фауны и флоры, находящимися под угрозой исчезновения - международное правительственное соглашение, подписанное в результате резолюции Международного союза охраны природы (IUCN) предполагают получение в уполномоченном органе специального разрешения на провоз СИТЕСной птицы через границу, с обязательным наличием у неё микрочипа, в противном случае птицу не пропускают. Зачастую владельцам птиц из дальних регионов по разным причинам затруднительно ехать в Комитет лесного хозяйства и животного мира, как в уполномоченный орган, для получения этого документа, да и не все владельцы могут себе позволить чипирование питомца. Но особое место в проблематике занимает вопрос происхождения ловчей птицы. В Казахстане есть потребность либо в легализации отловленных из дикой природы хищных птиц, либо в отлаживании механизма пополнения поголовья ловчих птиц из других источников, в том числе от полученных в результате размножения неволе.

Казахстанский беркут с достоинством украшает герб нашего государства, и наша ответственность перед потомками состоит в том, чтобы он не затерялся среди компьютеров, автомашин и других современных достижений.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰСБЕГІЛІК ӨНЕРІ ЖӘНЕ БҮРКІТШІ ХАМИТ

Зәкенұлы Т.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет,
Алматы, Қазақстан Республикасы*

Бүркіт салып, саятшылық қылу көшпенді халықтарда, соның ішінде қазақ халқында тым ертеден қалыптасқан дәстүр. Ол дәстүрлі өнер. Өнер ғана емес, ұлттық мәдениет. Ол тұтас шығыс мәдениетінің аясында қарастырылатын мәселе. Құсбегіліктің, саятшылықтың тарихы да қыр даланың көне тарихымен сабақтасып жатыр. Ертеде ғұндар, көне үйсіндер, түріктер, қыпшақтар, Шыңғысхан қоластына кірген қазақ тайпалары түгел бүркіт салып, саятшылық қылатын болған. Табиғатпен етене халық бүркітті ең алғаш қолға үйреткен, бабын алған, аң-құсқа салған. Қытайдың Таң дәуіріндегі (VII-IX ғғ.) деректерде Алтайдың күнбетінде Ертіске құятын бір өзеннің аты Бүркітшіні өзені деп аталған. Шыңғысхан Саян-Алтайдағы түркі тайпаларын қол астына біріктіргенде олардың көсемдері қолдарына қыран құстарын қондырып, сән-салтанатпен барып қағанға кірім болған. Бұл өз кезіне сый-құрметтің ең төресі, кәделісі еді.

Құсбегілік қазақтың қанына туа біткен өнер. Даңсалы бүркітшілердің ұрпақтары қолы қалт еткенде, сәл мүмкіндік бола қалған жағдайда ата дәстүрді одан ары жалғастырып, оның мүлде жойылып кетпеуіне мұрындық болды. Соның арқасында саятшылық өнері толық қалпында болмаса да, ептеп сақталып қалды. Қазақ тарихында саятшылық өнердің, құсбегіліктің бірнеше отаны бар. Ол Арқа, Жетісу, Табағатай, Еренқабырға, Боғда және Алтай-Сауыр мектебі.

Осы Алтай-Сауыр мектебінің бүгінге жеткен көрнекті өкілдерінің бірі, бүркітші Хамит Құрсақұлы. Ол құстың тілін білетін, құспен адамша сөйлесетін, аспандағы құсты үйіріп қолына қондыратын, құс баптауға бүкіл ынта-жігерімен берілген, сол жолға өзін арнаған «фанатик» адам. Ол құстың қанат-құйрығанда қанша тал қауырсынның болатынына, олардың әр бірінің не деп аталатынына дейін білетін еді. Оның арғы аталары кезінде Жалайыр

Шорадан бата алған атақты құсбегі Тінеймен туыстас келеді. Бергі атасы **Жомарт** кезінде Он екі Абақ Керей елі Әбілмамбет ханның күзіретіне төре сұрай келгенде Тұмар ханыммен бірге Көгедай, Жабағы, Сәменді ертіп Өр Алтайға барған деседі. Жомарттан (Тілепалды) **Сати**, одан **Кемен**, Кеменнен **Лекер**, Лекерден **Темір**, Темірден **Жақыпбек**, Жақыпбектен **Құрсақ**, одан **Хамит** туған. Осы аталғандардың бәрі бірінің ізін бірі басқан құсбегі болған. Яғни жеті атасынан бүркітші. Мен жастайымнан оның төртінші атасы Лекердің күзеуі мен төлдеуі болған, қазіргі Алтай қаласына қарасты Аюалған сайының аузындағы Лекер тұмасының басында ержеттім. Ол жерде бір кезде құсбегі Лекер өз қолымен еккен үйеңкі шыбығы бүгінде екі адамның құшағы жетпейтін үлкен дарақ болып өсіп, саясын кеңге жайып тұр. Ал оның шөпшегі Хамит ақсақал 1994 жылы жүз жасқа дейін жасап, осы жерде — өз ауылы Сарғусында дүниеден өтті.

Хамит 1896 жылы Күнгеі Алтайдың Балқанак деген жерінде (қазіргі Алтай қаласы Шеміршек ауылына қарасты жер) туған. Балқанак—Күрті мен Шеміршек сайының арасында орналасқан атақты Борандық биігінің құз жартасты күнгеі беті, оны жер жағдайының аса қиын, қатерлігіне байланысты қазақтар «Кереге-қызыл» деп те атайды. Кереге-қызыл Алтайдың атақты ақиық қырандары ұя салатын шырқау шың. Тұмса табиғаттың адам аяғы жетпеген сері һәм тұңғыық бір қойнауы. Осында атақты бүркітшілер мен қырандар мекенінде туып-өскен бала Хамит жастайынан бүркіт салып, тазы ертуге, мылтық асынып, бәйгеге жүйірік ат қосуға әуес болды. Жатса да, тұрса да ойынан көк аспанда қанат қаққан қыран құстың бейнесі кетпейтін. Қыранға, оның самғауына, аңға түскен кездегі сорғалай түйілген тебініне, кірпияздығына, шаңқылдаған сергектігіне, тазалығына, алмырлығы мен көрегендігіне деген құштарлық оны бір сәт пайыз таптырмайтын. Әкесі Құрсаққа еріп, Алтайдың тау мен тасын, Нарынқара-Сауырды емін-еркін аралап саятшылық қылатын.

Сөйтіп жүріп, ол мергендігін де шындайды. Ел тағдыры, жер тағдыры талқыға түскен қиын-қыстау күндерде белсеніп алға шығады. Еліне, жұртына қорған болады. 1921 жылы Алтайды генерал-литенант ақ армия командирі Андрей Степанович Бакич басшылық еткен ақтар қолы басып алған кезде, Сарқобы деген жердегі соғыста Хамиттың қуыс кеудесінен тиген оқ артқы

кабырғасынан тесіп өтіп, қасындағы Сымағұл Құралсынұлы деген жігіттің аузынан тиген оқ төрт тісін жұлып өтіп, шықшытынан шығады. Осы реткі кескілескен ұрыстан соң Бакич бастаған ақтар Алтайды тастап шығып, Монғолияға тайып тұрады. Хамит отыз жастан асқан шағында «қытайлық мұсылман мемлекетін» құру деген желеумен ортаға шыққан атақты «төрт дүнгеннің» Алтай халқына салған зобалаңына қарсы шығады. Жатжұрттық басқыншыға қарсы күрес жеңіске жетіп, дүнгендердің қолбасшысы, «жырық дүнген» деген аты бар Ма Рулун қазақтар тарапынан оққа ұшады. Бұл «төрт дүнгенге оқ тимейді екен, оқ тисе де денесіне дарымай, киімін шешкен кезде саудырап жерге түсіп қалады екен» деген аңыздың күл-талқанын шығарады. Сол кезде Хамиттың ел көңілін орнықтырмақ болып, жерде сұлап жатқан дүнген қолбасшысына қарап тұрып: «Па, шіркін, мына жырығың оқ тисе, өліп қалатын бір кесек арам ет екен ғой!» - дегені әлі де жұрт есінде.

1941 жылы ұлт-азаттық қозғалыс кезінде Сарсүмбенің Шаша деген жеріндегі бір реткі қанды шайқаста, Хамитың Сүйеніш деген досының атына оқ тиіп жау қоршауында қалады. Хамит қайта қайырылып оны құтқармақшы болғанда, қасындағы серіктері алдын бөгеп: «егер қараптан қарап өлгің келмесе, оған бармай-ақ қой!»-дейді. Сонда Хамит: «жаман дос жолдасын жауға қалдырар деген сөз бар. Оны көріп тұрып өлімге байлау ер-азаматтыққа, адамгершілікке жатпайды. Менің жаным оның жанынан артық емес!»-дейді де, автоматының шақшасына оқ толтырып алып, ажал оғы ысқырған жау шебіне қарсы ат үстінен оқ жаудырып, қырандай шүйіліп барып, Сүйенішті арқасына көтеріп, артына мінгестіре қашып өлімнен арашалап қалады. Осы жайды көзі тірісінде Сүйеніш Ералыұлы көп адамға әңгімелеп беріп, «жігіт болсаң Хамиттай бол» деп айтып отыратын еді.

Хамиттың ұлы әкесі Жақыпбек те ата жолын қуған құсбегі болыпты. Ол кезде Жақыпбектің де жаз айларындағы мекені Балқанақтың басындағы Кереге қызылдың етегі екен. Бүркітті қайырып қасқыр мен түлкіге, қаршығаны қайырып қарғаға, қарғаны қайырып сауысқанға, сауысқанды қайырып торғайға, торғайды қайырып маса-шыбынға салатын қу екен. Бір күні балқанақтың басындағы Борандықты жайлайтын монғол досы келіп, оның үйінде бірнеше күн жатады. Ол монғол досына қазір

қолында құсының жоқтығын айтып, ол жақта қыран құстың бар-жоқтығын сұрайды. Жақыпбек қыран құстың жағдайын сұраған соң: монғол салтында бүркіт ұстамайды, әрі бүркіттің ұясын да басқаларға көрсетпейді. Сен қазақ болсаң да көңіліміз жақын болғандықтан айтайын, бөтен ешкімге ештеме деме. Сен іздеген бүркіт алыста емес, үйіңнің іргесінде. Мен оның әр күні ертемен балапанына жем тасып жүргенін көрдім,-деп сонадайда Кереге қызылдың бір сеңгіріндегі бүркіт ұя салған құзды көрсетіпті. Монғол айтса айтқандай, Жақыпбек ертемен бүркіттің балапандарына суыр апарып бергенін және балапандардың соны жеп тояттап отырғанын көреді. Бұған шексіз разы болған ол монғол досына бір шапандық мата және құлындаған тайлы бие беріп қайтарыпты. Алайда, ұя биік жанама құздың жапсарында болғандықтан, астынан шығуға да, үстінен түсуге де қолайсыз еді. Сол себепті, балапанын алуға ешкім батылдық ете алмайды. Ұя ұшпа құздың ортан беліне таяу болғандықтан, ұлы-кәрілер жиналып, ақылдасып, амалын таппай тұрғанда, бұл ұяға 16 жастағы Кәлпен (Халифан) деген жігіт «Мен түсемін!» деп белсеніп шығады. Ақыры белсенді топ 80 арқан, 40 қанат ши, 2 қанат кереге, бір түйемен үстіне шығып, түйені сонда сойып, тас кимас үшін 80 арқанды екі қабаттап түйенің шылғи терісімен сыртынан орап, бір қанат керегенің екі басынан арқанмен мықтап байлап, 40 қанат шиді тастың үстінен төмен қарай ақырын сырғытып, оның үстінен Кәлпенді қолына нәрел ағаш ұстатып керегемен түсіреді. Нәрел ағаш кереге айналып кетпес үшін керек болған. Сол кезде қарсы бетке ұяны меңзеп бағыт-бағдар беріп тұратын екі адам қойған. Оның бірі қолына ақ шыт, енді бірі қолына қызыл шыт алып ишара жасап тұрған. Ақ шыт жоғарыдағыларға, қызыл шыт ұяға түсушіге жөн сілтеп тұрған. Нәтижесінде, Кәлпен ұяға сәтті жетіп, ұябасарымен жағаласып жүріп, жалғыз балапан ғана алып шығады. Сөйтіп, бұл жер кейін «Қиын ұя» аталып кетеді. Сол кезде осы жалама жартастардағы ұялардың жалпы саны 12 екен. Кейін Хамиттың кезіне келгенде, саны азайып, 9 ұя қалыпты. Бұл жер кейін келе ел аузында «Бураның бүркіт ұясы» атанып кетеді. Ол ұяларды Сарғусын ауылының байырғы тұрғыны, Хамиттың табынушысы Сейітқазы дәрігер жақсы білетін еді. Сейітқазы дәрігердің айтуынша, Хамит жас кезінде сол бүркітті өзі баптап аң-құсқа салған. Бүркітті алып келгеннен кейін, Күртінің Бәйгетөбе деген жерінде

ат шаптырып той жасапты. Төменгі Шәмархан-Батпақбұлақтан қайқайта салған аламан бәйгеде Шақабай Сыбат дегеннің аты озып келіпті деп отырушы еді.

Хамит ол бүркітті ырғаққа отырғызып, қоя салып, әбден заркүйіне келтіріп, келесі күзде қар бір жауғаннан бастап салады. Алтай-Сауырды, Нарынқараны түгел аралап келесі көктемге дейін 50 түлкі, 1 қарсақ, екі қасқыр, 4-5 қарақұйрық алады. «Соның ішінде Өр Алтайдың екі қара түлкісі бар еді, жүнінің ұшы алтын еді» дейтін Хамаң. Ол Шарыпхан дутонның ел билеген заманы еді. Екі қара түлкіге қызығушылар көп болып, сұраған бағасына қалап алып кетеді. Мұны естіген Шақабай елінің тәйжісі Жанымхан қасына Дәлелхан Сүгірбайды ертіп, келесі күзде Шеміршектің Қарасу деген жерінде отырғанда бүркітке қолқа салып келіп, жатып алады. Үлкен ел ағалары бетін салып келіп, қиыла жабысқандықтан, Хамит көңілін қимай бүркітті тұғырымен, биялайымен қолына қондырып қоя береді.

Бірақ берерін беріп алса да, сол бүркіттің күйігінен Хамит бір ай бойы бүк түсіп жатып қалады. Ақыры тағы бір бүркітті қолға үйретіп, қыс түсе Ертістің оң қанатындағы Жаманқараның қырында шырғаға шақырып жүреді. Сол сәтте ғайыптан өзінің осының алдында Жанымханға беріп жіберген бүркіті ұшып келіп, шырғаға қонады. Сөйтсе, Жанымхан оны бұдан үш көш жердегі Қанасайырдың жонында аңға салып жүргенде алыстан өз иесін көріп, ұшып келген беті екен дейді. Хамит сол беті осы бүркітін өзінде алып қалады. Жанымхан да қайырып сұрамайды.

Ол кезде төменгі Алтай бетінде Хамитпен саятшылықта бәсекелес жалғыз Есеғасы Тәстембай деген болған екен. Тәстембайдың үйіне күллі бүркітшілер жиналып, бір-бірінің бүркітін сынап, өнер жарыстырып, қызды-қыздымен Көксінге, одан Нарынқара, Сауырға дейін шығып кетеді екен. Бұлар Есеғасы Тәстембай, Құрсақтың Хамиты, Әбдіраштың Хамзасы, Найман Ілияс, Шақабай Мұхамадим, Найман Акрамбек (Өр Алтайда руды фамилия ретінде қолданатын әдет бар) т.т.лар еді. Сол кезде Тәстембайдың ақ құсы жылына 150 түлкі алады екен. Ол мақтанып:

— Сендер маған жете алмайсындар! - дегенде, жалпы құстың күй-жайы мен бабын білетін Хамит:

— Сен байлығыңмен 200 қой беріп ақ құсты сатып алғансың. Сенің бүркітің қаны өш тарихи қыран. Оны баптамай-ақ май

берсең де көзіне көрінгенін ала береді. Сен нағыз құсбегі болсаң біздің құсты бабына келтіріп салып көр. Егер құсты бабына келтіре алмасаң, түлкі тұрмақ тышқан да алғыза алмайсың», - дейді.

Тәстембаймен бірге шыққан салбуырында Хамиттың Сарысы (ол құсын осылай атайтын) бірнеше түлкі алып, ең соңында Үліңгір көлінің батыс жағында, Қарасоранның етегінде қасқырға түсіп, тегеуірінді көзіне салмақ бола бергенде қасқырдың азуына ілігіп кетеді де, шайнатып алады. Хамит қыстай Сарыны бағып-қағып, жазға салым бала-шағасымен бірге улап-шұрқырап құсты қоя береді. Кейбіреулер оған аяғына жез кигізіп, әлі де бағып-бапта дейді. Бірақ Хамит бұған көнбейді.

Осындай бір жағдай Тасбике Есік деген бүркітшінің де басынан өткен екен. Есік бір жағы құс салып, бір жағынан ұсталық істейтін адам екен. Ол қасқырға салғанда бүркітінің артқы жембасар үлкен тұяғы қасқырдың азуына түсіп қыршылып кеткендіктен, қарап көріп буыны аман болғандықтан, дәл өзіндей етіп қызыл мыстан тегеуірін жасап, тұқыл аяғына кигізгенде, бүркітінің аяғы кемдігі білінбей, бұрынғыдай түлкі ала берген екен.

Алтай құсбегілері күзде қазан айынан бастап құс салып, наурыз айында «түлкінің таңы отырып кетті» деп, құс салуды тоқтататын болған. Олар қыс басында және қаңтар айында бүркіттің тұмсығы мен аяғындағы тұяқтарын пышакпен ұштап отыратын еді. Бүркіт салғанда аяққа жеңіл пима, басына пұшпақ тымақ, кеудесіне қалың түйе жүнінен күрте, сыртынан үлкен қаптал шапан киіп, оның етегін тері шалбарының ышқырына салып, шалбардың балағын буып, белін белбеумен жемқалтасын өткізе буынып, тап-тұйнақтай болып киінеді.

Хамит Сарымен қоштасқан соң, 1945 жылы Жеменейге астық тасып барған жолында біреудің қолынан екі бірдей балапан бүркіт көріп, өзінің жалғыз Ақбас атанына айырбастап алып қайтады. Үйіне келіп біреуін әкесі Құрсакқа беріп, енді бірін өзі тәрбиелейді. Нәтижесінде сол екі балапанның біреуі өте қаншегір қыран болып, әкелі-балалы екеуінің қанжығасын майлап берген. Сол жылы қыстың өзінде 62 түлкі, 1 қасқыр, 1 қарақұйрық алған.

Хамиттың арғы атасы Лекер бір құсты отыз жыл түлетіп ұстаған және Жақыпбекке мұра ғып қалдырған деседі. Ал өз әкесі Құрсак та құсты тұрқынан, жаратылысынан танитын, қайсы ұяның балапаны

екенін дәп басып айтатын сыншы болған. 1940 жылы Сарқарын деген жерде отырғанда Ертістің ар жағындағы Көшкінбай тоғайының ішінен шамамен қазан айының ішінде бір балапан бүркіттің піштактағанын естіп, іздеп барса, әлгі балапан Есік деген кісінің киіз үйінің алдындағы тұғырда дүр-дүр сілкініп отыр екен дейді. Аман-сәлемнен кейін:

— Мына балапанды қайдан алдың? - деп сұрағанда, Есік:

— Сатып алдым, - деп бет қаратпайды. Бірақ Құрсак:

— Сен шыныңды айт, мынау біздің Борандықтағы Тұмсықұяның балапаны! - дегенде, Есік амалсыз мойындап былай дейді:

— Тамыздың орта шенінде Қарамайлыдан жоқ іздеп құлдилап келе жатқан едім. Теріскейден желемік соғып тұрған. Ойда жоқта бір балапан құс алдыма жалп етіп ұшып түсті. Жалма-жан аттан қарғып түсіп, сулығыма орап үйге алып келдім.

Расында да балапан бүркіт қазан айының ортасына қарай қанат-құйрығы жетіліп, ұядан ұшып шығады. Осы кезде терісінен жел тұрып, қанатын желге керіп отырған балапан ұшып, оның алдына түскен. Ақыр-аяғында сол балапан бүркітті Құрсак алып, екеуі дос болып, әрі немере ұлына Есіктің қызын атастырып, бал жаласқан құда болады. Құрсактың осы құсы болса керек, саятшылық кезінде қасындағы бүркітшілердің құсына түсіп, қырғидай қырып тоқтатпағандықтан, түлкі алғанда өзін жалғыз қоя беріп, басқа уақытта аяқ бауын ашпайды екен. Сол құсы бір жолы томағасын тартқанда аспанға тік атылып шығып, биікте айналып жүрген тұз тағысын шеңбектей ұстап жерге алып түседі.

Бір жылы Елгелді Асылхан деген кісі Хамитқа бір асау балапан бүркіт әкеліп береді. Хамит бүркіттің бодауына 1 бие, 5 түлкі, 5 қарсақ, 2 балық ау, 1 қаршыға жолын беріп қайтарады. Хамит сол жылы қыста осы бүркітті қайырып салып, 62 түлкі, 1 қасқыр, 1 қарақұйрық алады. Ол кезде бір түлкі бір бойдақ қойға пара-пар екен. Қазіргі есеппен 25-30 мың теңге. Көктем шыға наурыз айында Асылхан тағы келіп, қонып жатып қайтарында Хамит бұйымтайын сұрайды. Сонда, Асылхан оның екі атының бірі Қара жорға атты қалап келгенін айтады. Хамит еш екіленбей Қара жорғаны жетектетіп жібереді. Күзде Асылхан қолында бір бүркіті бар тағы келіп:

— Жуас құсты маған бер, сен мына құсты сал, - деп қолқа салады. Хамит:

— Андағы асау бүркітіне қарасам, нағыз ордың өзі екен. Қырып

салам деп тұрғандай, - деп, жуас бүркітті иесіне беріп, асау бүркітті алып қалады.

Күздей бабына келтіріп, қыстай аңға салып, сол жылы 81 түлкі, 2 қасқыр, 5 қарсақ алады. Қыс өтіп, мамыр айы келгенде, Шеміршектің Қарасу деген жерінде отырғанда Асылхан қолындағы бүркітті қайта алып келіп:

— Мына құс ештеме алмай қойды, ана бүркітті өзіме берсең!- деп, сол жерде екеуі сөзге қалады. Хамит зорға дегенде зар күйіне келтірген құсын бермейді. Күзде шақырып жатыр деген соң Хамит барғанда аудан бастығы Абзалхан, халық комиссары Ілияс деген кісілер Хамиттың осы бүркітті бағып-қағуға кеткен еңбегін алға тартып, әрі Асылханның одан алған нәрселерін бір-бірден мойнына қойып, зорға құтқарады.

Хамит 1959-1960 жылдардағы ашаршылық кезінде мойнындағы мылтығы мен қолындағы құсы арқылы жатпай-тұрмай дала кезіп, Ертістің ең тоғайын аралап жүріп, бүркіт салып, аң-құс атып әкеліп, қолдан жасалған ашаршылықтан ауылдастарын қарлығаштың қанатымен су сепкеніндей асырап, аман алып қалған.

Демек, Хамит құсбегілік пен мергендікті тек қара басының пайдасы, серілік пен көңіл көтеру үшін емес, ел-жұртының қамы үшін де пайдалана білген. Оның бұл ізгі қасиетін өзінің атасына арнаған жоқтау жырына сіңіре, тебірене тербеген келіні Дінә былай деген екен:

Жылқыдан міндің жорғаны,
Елінің болды қормалы.
Жар астынан жау шықса,
Жалпақ жұртын қорғады.

Тайсалмай талай бөгеттен,
Жауларын жайпап жер еткен.
Орысқа қарсы шапқанда,
Кеудесін келіп оқ тескен.

Атамыз еді ержүрек,
Ерлігін дүйім ел білер.
Мылтық пен дүрбі қолында,
Майданнан аман келді дер.

Құтылған талай қатерден,
Халқына даңқ әперген.
Тастыда¹ тірі ауылға
Жетектеп аю әкелген.

Мұрасын ұлттың жалғаған,
Қолында қыран самғаған.
Еңбекпен жиған мал-мүлкін,
Еліне түгел арнаған.

Қиындық түспес кімдерге,
Бәрі де шындық білгенге.
Ауылын аман ап қалған,
Ашаршылық күндерде.

Жығылмай асау, үркектен,
Жібектен арқан сүйреткен.
Аташым қормал жан еді,
Әдеп пен ақыл үйреткен.

Қырда бір жүрген кекілік,
Кекілік ұшар секіріп.
Тарихын түгел жия алмай,
Отырмыз енді өкініп.

Қорғаған желдің өтінен,
Келмеске атам бекінген.
Жылағанмен не шара?
Өмір-ғой күнде өкінген.

Жалықпа жұртым тыңдаудан,
Қалмады дейсің кімде арман.
Асқар бір таудай атамды,
Айырды бізден сұм жалған.

Жырымды жаздым параққа,
Мұңымды халқым сарапта.
Топырағың ата торқа боп,
Жаныңыз болсын жәнатта!

¹ Тасты — жер аты

Мен Хамит ақсақалды соңғы рет 1991 жылы күзде Ертіс бойындағы қыстауында отырғанда арнайы барып көрдім. Ол кезде бойынан қуаты кеткен ақсақалдың көп сөзге, әңгімеге зауқы қалмаған екен. Өзі де бір Алтай тауының сеңгіріне қонақтаған кәрі тарлан бүркіттей, топшысын анда-санда қомдап қойып, ойға шомып отыр екен. Өкіндім. Ертеректе онымен көбірек жолығып, көкейіндегі көп әңгімесін өз аузынан жазып-сызып алмағаныма өкіндім. Жеті атадан жалғасқан халық мұрасының қатпары терең тарихы мен талай-талай сыр-сипаты, мол қазынасы қарияның өзімен бірге қара жерге көмілді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Хамитұлы М. Құсбегі және бүркіт туралы. Қолжазба (Ксерокөшірме). Авторда сақтаулы. Сарқусын. — 2011. — 21 б.*
2. *Мұхаметұлы Ш. Батыр Хамит Құрсақұлының кешірмелері. Қолжазба. Авторда сақтаулы. Алтай қаласы. — 2006. — 30 б.*
3. *Зәкенұлы Т. Шақабай Сейітқазы дәрігердің аузынан жазып алынған қолжазба. Авторда сақтаулы. Ертіс. Сарғусын. — 1985. — 8 б.*

ПЕРВЫЙ ОПЫТ РЕИНТРОДУКЦИИ АЛТАЙСКОГО БАЛОБАНА В АЛТАЕ-САЯНСКОМ РЕГИОНЕ

Карякин И.В.¹, Зиневич Л.С.², Николенко Э.Г.¹, Шнайдер Е.П.¹,
Сарычев Е.И.³, Бёме И.Р.⁴

¹ ООО «Сибэкоцентр», Новосибирск, Россия, ikar_research@mail.ru,

² ФГБУН Институт биологии развития им. Н.К. Кольцова РАН,
Москва, Россия, lzinevich@gmail.com

³ ООО «Витасфера», Москва, Россия, vitasfera@mail.ru

⁴ МГУ им. М.В. Ломоносова, Москва, Россия

Введение

Алтайский балобан — уникальная темная морфа *Falco cherrug*, некогда относимая к самостоятельному виду алтайский сокол (*Falco altaicus*) [1, 2], затем подвиду кречета (*Falco rusticolus altaicus*) [3], позже к алтайскому (*Falco cherrug altaicus*), центральноазиатскому (*Falco cherrug milvipes*), либо монгольскому (*Falco cherrug progressus*) подвиду балобана [4, 5, 6] и в настоящее время сведенная до морфы, возникающей в зоне интерградации трех подвидов балобана на стыке Алтая, Тувы и Монголии [7], за последние 20 лет фактически полностью уничтожена в пределах Алтае-Саянского региона [8, 9]. Это привело к существенному обеднению генофонда природных популяций вида, что, в свою очередь, несёт угрозу для дальнейшего выживания балобана в природе.

При этом настоящие темные алтайские балобаны, происходящие от нескольких самок, отловленных на Алтае в 90-х гг. по разрешениям Госкомэкологии, сохранились в нескольких питомниках России. Образцы ДНК от этих птиц были включены в исследование генетического разнообразия балобана и отнесены к восточному подвиду балобана по митохондриальным и ядерным маркерам [10]. Уникальные генетические маркеры алтайской морфы остаются невыявленными, однако фенотип является устойчивым и наследуется при скрещивании темной морфы с другими морфами восточных подвидов балобана с образованием различных фенотипов, включая типичный алтайский.

Таким образом, реинтродукция алтайской морфы балобана в ее природные местообитания может повысить как численность исчезающего вида в природе, так и генетическое разнообразие природных популяций и в перспективе — восстановить прежнюю популяционно-генетическую структуру вида в Алтае-Саянском регионе.

В настоящее время существует несколько возможных подходов к реинтродукции соколов, примененные для восстановления популяций сапсанов (*Falco peregrinus*): выращивание птенцов в искусственных гнездах для формирования нужного стереотипа гнездования с последующим выпуском в природу и подсаживание птенцов, выведенных в питомнике, в естественные гнезда для выкармливания приемными родителями. Оба метода применялись успешно, однако при втором способе эффективность выпусков была более высокой [11]. Для балобана известны результаты выпусков реабилитированных взрослых птиц, отловленных в природе, однако мечение спутниковыми передатчиками показало низкую выживаемость выпускаемых птиц [12].

Целью настоящей работы было пилотное исследование перспектив реинтродукции алтайской морфы балобана путем подсаживания выращенных в питомнике птенцов в естественные гнезда балобанов других морф в Алтае-Саянском регионе.

Данная программа разработана и реализована Российской сетью изучения и охраны пернатых хищников под эгидой МГУ при поддержке ООО «Сибэкоцентр», Алтае-Саянского отделения WWF, корпорации «Сибирское здоровье», Национального парка «Сайлюгемский» и заповедника «Убсунурская котловина».

Материалы и методы

Десять птенцов балобана от четырех пар, происходящих от отловленных в 90е годы на Алтае самок алтайской морфы, были выращены в ООО «Питомник редких видов птиц ВИТАСФЕРА» до возраста 20-27 дней при естественном вскармливании родителями. Эти птенцы были доставлены в российскую часть Алтае-Саянского региона самолетом и в течение недели высажены в естественные гнезда. Три птенца были подсажены в единственное обнаруженное жилое гнездо балобана с четырьмя птенцами. Это гнездо было расположено на территории в зоне глубокой депрессии монгольской пищухи (*Ochotona palassi*) и длиннохвостого суслика (*Spermophilus*

undulatus). На этом гнезде было организовано постоянное круглосуточное видеонаблюдение, подкормка суточными цыплятами, хомяками и крысами (вне пределов видимости птенцами человека) до окончательного вылета птенцов и мечение GPS/GSM-дataloggerами. Остальные птенцы (по 1-2 штуки) были высажены в 5 жилых гнезд балобанов на платформах на экспериментальной площадке [13], где кормовая ситуация была стабильной, и в естественных выводках было от 3 до 5 птенцов. Все птенцы были высажены в гнёзда на территориях, на которых ранее наблюдалось гнездование балобанов алтайского фенотипа. Первый прилет приемных родителей фиксировался видеорегистраторами, в дальнейшем был проведен мониторинг гнезд для определения успеха вскармливания и вылета как подсаженных, так и природных птенцов.

Результаты

Подсаживание птенцов балобана в естественные гнезда и организация подкормки

При высаживании птенцов, выращенных в питомнике и выкормленных родителями, в естественные гнезда балобана не наблюдалось ни одного случая агрессии птенцов друг к другу. Реакция подсаженных птенцов на появление взрослых птиц в пределах видимости была полностью аналогична реакции диких птенцов. Взрослые самки во всех случаях возвращались на гнездо в течение первого часа видеонаблюдения и также не проявляли никакой агрессии к подсаженным птенцам и сразу приступали к кормлению как родных птенцов, так и подсаженных, несмотря на разницу в окраске и иногда в возрасте. Самцы также не проявляли агрессии к птенцам, хотя на одном из гнезд самец атаковал установленный на край гнезда видеорегистратор.

Долговременное круглосуточное наблюдение, организованное вместе с регулярной подкормкой на одном из гнезд, также не выявило существенной разницы в поведении птенцов, выращенных в питомнике, и диких птенцов, а также в реакциях взрослых птиц на них.

На этом гнезде один из подсаженных птенцов и один из диких были добыты филином (*Bubo bubo*), гнездо которого было обнаружено в 500 м от исследуемого гнезда балобана. Это случилось в дни дождливой погоды. По-видимому, из-за плохой кормовой ситуа-

ции, в гнезде филина один птенец погиб — рядом с гнездом были найдены его останки. Также на этом участке в связи с негативной кормовой ситуацией погибли выводки мохноногого курганника (*Buteo hemilasius*) и степного орла (*Aquila nipalensis*). В то же время при организованной регулярной подкормке оставшиеся 5 птенцов балобана (2 подсаженных и 3 родных) благополучно доросли до вылета.

При наблюдении за результатами искусственной подкормки было показано, что птенцы спокойно реагируют на любую подкормку (суточные цыплята, джунгарские хомячки, обыкновенные хомяки, лабораторные крысы) и в возрасте 30 дней начинают пробовать есть самостоятельно. В то же время взрослая самка на этом гнезде кормила птенцов цыплятами, хомячками и хомяками, но при появлении на гнезде белой крысы не садилась на гнездо в течение нескольких часов и при кормлении птенцов белых крыс избегала, хотя серых крыс выносила из гнезда и ела сама.

Наследование фенотипа алтайского балобана

Десять реинтродуцированных птенцов происходили от четырех пар фенотипически чистых алтайских балобанов, многократно размножавшихся в питомнике. При высаживании в возрасте 21-30 дней детально определить окраску птенца было невозможно. Однако постоянное видеонаблюдение на одном из гнезд, куда были высажены три птенца, выявило у одного из подсаженных птенцов при окончательном раскрытии пера окраску, типичную для сибирского «подвида» *F. ch. succerooides*, также встречающейся в Алтае-Саянском регионе. Другой подсаженный птенец после оперения имел типичный фенотип алтайского балобана.

Мониторинг вылета птенцов

Круглосуточное видеонаблюдение на гнезде показало, что все выжившие после атаки филина птенцы в возрасте 43-45 дней вылетели и держатся на участке, периодически возвращаясь на гнездо. Один из подсаженных птенцов и два из диких помечены GPS/GSM-даталоггерами для дальнейшего прослеживания миграций.

Мониторинг жилых гнезд на платформах на экспериментальной площадке, куда были подсажены птенцы, показал, что все подсаженные птенцы успешно вылетели.

Обсуждение

Балобан как крупный хищник, находящийся на вершине трофической пирамиды, оказывает регулирующее воздействие на популяции колониальных грызунов и зайцеобразных, не давая им перенасыщать местообитания на пике их численности и тем самым ликвидируя эпизоотии и следующие за ними резкие депрессии численности. В последние десятилетия интенсивный нелегальный лов балобана и гибель соколов на ЛЭП привели к резкому снижению численности вида в Алтае-Саянском регионе и к изменению структуры популяции: в результате избирательного отлова нативной алтайской темной морфы балобана гнездопригодные участки заняты, в основном, птицами монгольского подвида. Однако наличие жилых гнезд создает благоприятные условия для восстановления численности балобана и нативной структуры его популяции в Алтае-Саянском регионе путем выпуска птиц, выращенных в питомниках и происходящих от отловленных в Алтае-Саянском регионе диких балобанов алтайского фенотипа.

В результате данной работы было показано, что взрослые дикие балобаны не проявляют агрессии по отношению к подсаженным в гнездо птенцам темной морфы, кормят их наравне с родными, а также спокойно реагируют на искусственную подкормку, мало отличающуюся от привычной естественной добычи. Птенцы, выкормленные взрослыми птицами в питомнике до трехнедельного возраста, хорошо переносят транспортировку к местам гнездования, при этом сохраняют естественные реакции на взрослых птиц и условия обитания и в положенный срок вылетают вместе с родными птенцами.

Таким образом, реинтродукция балобана путем подсаживания птенцов в естественные гнезда возможна при любой кормовой ситуации на гнездовых территориях, при условии организации искусственной подкормки по необходимости. Сравнение миграционного поведения подсаженных и диких птенцов балобана, выращенных в природных гнездах, с помощью GPS/GSM-даталоггеров является темой дальнейших исследований.

Поскольку алтайский балобан в настоящее время практически исчез в природных местообитаниях, восстановление его численности в Алтае-Саянском регионе при помощи реинтродукции птиц, выращенных в питомниках, является актуальной задачей с точки

зрения восстановления биоразнообразия природных популяций. Однако поскольку при скрещивании фенотипически чистых алтайских балобанов в потомстве появляются птицы, имеющие фенотипы других морф, требуются дальнейшие исследования природы возникновения темных алтайских балобанов в зоне интерградации трех подвидов балобанов — Алтае-Саянском регионе — с помощью молекулярно-генетических методов.

Благодарности

Авторы благодарят за помощь в работе заместителя директора по науке, научным исследованиям и мониторингу национального парка «Сайлюгемский» Д. Маликова, сотрудников нацпарка «Сайлюгемский», заместителя директора по НИР заповедника «Убсунурская котловина» А. Куксина, волонтеров Д. Зимина, М. Пчельникова и Д. Штоля.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Мензбир М.А. Птицы (*Aves*). *Falconiformes* (Дневные хищные птицы) Т. 6. Вып. 1. Петроград, 1916. — 344 с.
2. Сушкин П.П. Птицы Советского Алтая и прилежащих частей Северо-Западной Монголии. М.—Л., 1938. Т. 1. 316 с., Т. 2. — 434 с.
3. Дементьев Г.П. Отряд хищные птицы // Птицы Советского Союза. Т. 1. М.: Советская наука, 1951. — С. 70—341.
4. Дементьев Г.П., Шагдарсурен А. О монгольских балобанах и таксономическом положении алтайского кречета // Исследования по фауне Советского Союза (птицы). М., 1964. — С. 3—37.
5. Степанян Л.С. Конспект орнитологической фауны СССР. Москва «Наука», 1990. — 727 с.
6. Пфеффер Р. К вопросу о географической изменчивости балобанов // Пернатые хищники и их охрана. 2009. № 16. — С. 68—95.
7. Карякин И.В. Популяционно-подвидовая структура ареала балобана // Пернатые хищники и их охрана. 2011. № 21. — С. 116—171.
8. Карякин И.В., Левин А.С., Мошкин А.В., Николенко Э.Г. Балобан в России и Казахстане // XIV Международная орнитологическая

конференция Северной Евразии. II. Доклады / Отв. ред. А.Ф. Ковшарь. Алматы, 2015. — С. 473—530.

9. Николенко Э.Г., Карякин И.В. Распространение, численность и статус балобана (*Falco cherrug*) в Республике Тыва // Современное состояние редких видов растений и животных Республики Тыва: материалы Всероссийской научно-практической конференции (28—29 апреля 2016 года) / отв. ред. У.В. Ондар. Кызыл: Изд-во ТувГУ, 2016. — С. 99—105.

10. Nittinger F., Gamauf A., Pinsker W., Wink M., Haring E. Phylogeography and population structure of the Saker Falcon (*Falco cherrug*) and the influence of hybridization: mitochondrial and microsatellite data // *Molecular Ecology*. 2007. № 16. — P. 1497—1517.

11. Burnham W., Cade T.J. Return of the Peregrine. *The Peregrine Fund*, 2003. — 394 p.

12. Muller M.G. The Late Sheikh Zayed Falcon Release Program (SZFR) // *Saker Falcon Task Force — Stakeholders' Action Planning Workshop*. 10 September 2013. Abu Dhabi Falcon Hospital, 2013.

13. Николенко Э.Г., Карякин И.В., Шнайдер Е.П. Результаты многолетнего проекта по привлечению хищных птиц на искусственные гнездовья в Туве // Хищные птицы Северной Евразии. Проблемы и адаптации в современных условиях: материалы VII Международной конференции РГСС, г. Сочи, 19-24 сентября 2016 г. / Отв. ред. В.П. Белик. Ростов-на-Дону: изд. Южного федерального университета, 2016. — С. 438—443.

ХИЩНЫЕ ПТИЦЫ ЗАПОВЕДНИКА БАРСАКЕЛЬМЕС

Куандыков Б.

Барсакельмесский ГПЗ, *Nauka barsakelmes@mail.ru*,
barsakelmes_39@mail.ru

В заповеднике нами наблюдалось 15 видов хищных птиц. Из них 6 видов занесены в Красную книгу Казахстана. Особенно много дневных хищных видов птиц наблюдалось весной 2014 года, когда на каждом обходе в течение часа их можно было встретить 5-6 экземпляров. Среди них количественно преобладали луни болотные. Довольно большое количество дневных хищных птиц наблюдалось также в октябре 2015 года, среди них были главным образом курганники, степные орлы которые появлялись до 15-20 экземпляров. Луни в это время почти отсутствовали. Зимой хищные птицы в заповеднике не наблюдались. 2016-2017 годах тоже отмечались в конце марта-апреле луни, канюки и курганники, но в незначительном количестве. Во время летних экскурсии дневные хищные птицы встречаются 5-6 за 6-7 часов. Осенью в сентябре-октябре, за то же время можно встретить 8-10 экземпляра. Неоднократно наблюдалось охота луней за трясогузками. Ежегодно находились нами на саксаульнике 5-6 гнезда курганника, высотой 1,5-2 метра в нем обычно бывает 3-5 яиц, которые откладываются в первой половине апреля, но вылупляются не все. Птенцы покидают гнезда через 45-50 дней. Хищные птицы придерживаются в основном среди кустарников на барханах, а луни часто встречаются в тростниках. Балобан встречается редко в обрывах острова Барсакельмес. Хищные виды птиц почти не гнездятся и в большом количестве появляются только изредка. В настоящее время в заповеднике Барсакельмес доминирующим видом среди дневных хищных птиц остается болотный лунь, курганник, степной орел.

Степной орел - *Aquila nipalensis* - в заповеднике встречаются часто в основном только одиночные холостые особи.

Курганник - *Buteo rufinus* - раньше на острове не отмечался. В настоящее время гнездится, на участке Барсакельмес как минимум 1

пара. Охотящихся птиц видели на склоне горы Чайки, над песками северного берега и над обрывами мыса Бутакова. 2-3 пары ежегодно гнездятся на участке Каскакулан.

Могильник - *Aquila heliaca* - в заповеднике встречаются редко. Ежегодно можно встретить одиноких особей 2-5 экземпляров этого вида.

Сапсан - *Falco peregrines* — одна особь отмечена 25 июня 2015 года.

Балобан - *Falco cherrug* - гнезда с птенцами, расположенные в верхней трети обрывов, были найдены в 2014 и 2015 годах. В 2016 году в июне 20-го числа видели 1 птицу пролетевшую над усадьбой в северном направлении.

Обыкновенная пустельга - *Falco tinnunculus* — этот вид встречался только на пролете. Сейчас, возможно, гнездится. Охотящихся птиц наблюдали 25 июня 2015 года над обрывами южного берега и мыса Бутакова.

Тетеревятник - *Accipiter gentilis* - встречаются редко на пролете. Последняя встреча 15 марта в 2014 году.

Перепелятник - *Accipiter nisus* — встречаются редко на пролете. Последняя встреча 15 марта в 2014 году.

Змееяд - *Circaetus gallicus* — редкий вид. Ежегодно можно встретить во второй половине марта на пролете одиночку этого вида.

Черный коршун - *Milvus migrans* - встречаются редко только пролетом. Одна особь отмечена в июне 20-25 го 2014 и 2015 году.

Канюк - *Buteo buteo* — ежегодно встречаются 2-3 пары этого вида.

Болотный лунь - *Circus aeruginosus* — самый многочисленный в заповеднике из всех встречающихся дневных хищных птиц. Можно встретить до 10-15 пар.

Болотная сова - *Asio flammeus* — Единственная в заповеднике оседлая сова. За всю историю заповедника было найдено всего 2 гнезда. Первое — в 1943 году в обрывах южного берега, второе — в 1989 году в закрепленных песках у основания западной косы. Придерживается главным образом барханов, но встречается также в небольших саксаульниках. В настоящее время гнезд не найдено.

Филин — *Bubo bubo* - В сентябре 2014 и 13 июня 2015 г. одиночная птица была поднята с дневки на обсохшем дне рядом с дорогой в 6-7 км от бывшей линии берега. До этого не регистрировался.

Сыч домовый — *Athene noctua* - ежегодно можно встретить одиночную особь возле усадьбы бывшего острова Барсакельмес.

Таким образом факт пребывания вышеперечисленных видов на территорию заповедника установлен, но гнезда многих этих видов не найдены.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Труды Барсакельсского заповедника. «Современное состояние фауны позвоночных острова Барсакельмес и ее динамика за последние 50 лет». — 2007. — Вып. 2. - 107 с.

2. Исмагилов М.И., Бурамбаев К.Б. Условия существования и характер пребывания птиц в заповеднике Барсакельмес // Биологические науки. - Алма-Ата, 1973. - 5. - С. 119-126.

ВОЗВРАЩЕНИЕ САПСАНА В ПРИРОДНОМ ПАРКЕ СЕВЕРНЫЕ ВОГЕЗЫ (ФРАНЦИЯ)

Куртц К.

Объединение SOS Faucon Pelerin Lynx, Франция

В результате комбинированного воздействия таких негативных факторов, как отравление ДДТ и ДДЕ, постоянное преследование голубеводами, охотниками, коллекционерами яиц, отлов торговцами соколами в 1972 г. в последний раз было отмечено гнездование сапсанов, а в 1976 г. в Северных Вогезах исчезли последние соколы.

С целью возрождения местной популяции сапсанов в Лотарингии и ее охраны в 1972 г. был запущен проект «СОС сапсан». В этом же году в качестве филиала этого проекта было основано объединение GBCOMS, задачей которого была реабилитация сапсана в Северных Вогезах. Перед объединением были поставлены следующие задачи:

- предотвращение разорения гнезд браконьерами;
- исследование, регистрация и картирование всех гнездопригодных скал;
- согласование охранных мер со всеми природопользователями (лесничества, туристы, скалолазы);
- признание песчанниковых останцов в качестве особого биотопа, требующего специальных охранных мер;
- разработка мероприятий по повышению привлекательности для гнездования сапсанов скальных массивов;
- мониторинг численности сапсанов и сбор сведений по их биологии.

Тем не менее, лишь в 1983 г. в указанном районе были вновь отмечены сапсаны, а в 1984 – и первое размножение этих соколов. Поскольку в Лотарингии не осуществлялось программ реинтродукции разведенных в неволе сапсанов, восстановление местной популяции происходило за счет расселения сапсанов из соседних районов Германии и Швейцарии (в период 1984-2000 гг. зарегистрированы возвраты из немецкого Баден-Вюртемберга 47 и швейцарской Юры 19 колец). Северные Вогезы представляют собой пологие холмы с

сохранившимися кое-где по гребням останцами из пестрых песчанников. Облесенность территории природного парка (135000 га) составляет 75%, около 5% приходится на человеческие поселения. Природный парк является французской частью первого в Европе транснационального биосферного резервата «Пфальцский лес (немецкая часть) – Северные Вогезы».

В районе исследований за период 1984-2017 гг. зарегистрировано 38 гнездовых участка, на которых хотя бы 1 раз было отмечено гнездование сапсанов, из них 16 были поставлены под круглогодичную охрану. Вместе с тем выявлено всего 51 скала, потенциально пригодная для устройства сапсанных гнезд, хотя для повышения привлекательности для соколов нередко требуются специальные дополнительные мероприятия. Нами было установлено, что сапсаны предпочитают занимать ниши в средней части скал и только при условии, что к ним имеется свободный подлет. К сожалению именно этот ярус скал зачастую оказывается закрытым кронами деревьев, растущих у их подножия. Благодаря согласованной с лесничеством вырубке таких деревьев, в 18 случаях удалось привлечь сапсанов на новые гнездовые участки. С другой стороны, описанным образом нередко удается отвлечь сапсанов от скал, часто посещаемых туристами и скалолазами или из районов, вблизи которых имеются голубятни.

Наблюдения за вновь формирующейся популяцией сапсанов на территории природного парка позволили выявить интересную динамику. Всего за все время наблюдений была прослежена судьба 350 гнезд сапсанов, из которых вылетело 457 слетков. В период с 1983 по 1993 годы количество размножающихся пар постепенно возрастала от 0 до 8, а каждое гнездо в среднем покидали 2,2 слетка. С 1994 по 2013 гг. количество размножающихся пар возросла до 16, однако из гнезд в среднем вылетало по 1,4 слетка. В период 2014-2017 гг. число гнездовых пар сократилось до 12, а успех размножения снизился еще больше - 1,2 слетка на одно гнездо. При этом средняя величина кладки по годам почти не изменялась. Из 120 случаев, когда была установлена величина кладки, чаще всего (65) сапсаны откладывали по 3 яйца, 27 раз - 2, 25 раз - 4 и только в 3 случаях - по 1 яйцу. Иногда причинами гибели кладок или птенцов были погодные условия. Например, во время обильных дождей в некоторые гнездовые ниши затекала вода. Не имея сто-

ка, он накапливалась и заливала кладки или маленьких птенцов. Так, в очень влажную весну 2016 г., сапсаны в 13 гнездах отложили в общей сложности 31 яйцо, из которых вылупилось только 17 птенцов, а гнезда покинули всего 6 слетков. На следующий, 2017 г. с более благоприятными погодными условиями, 12 пар отложили 33 яйца, из них всех вылупились птенцы, а гнезда покинули 24 слетка. Успех мог бы быть еще выше, если бы каменные куницы не съели 9 птенцов. Среди прочих лимитирующих факторов, наряду с хищничеством каменных куниц, необходимо указать на негативное влияние появившихся в Северных Вогезах в 1986 г филинов, реглярно убивающих как взрослых сапсанов, так и их птенцов в гнездах. Влияние воронов, начавших гнездиться в природном парке в 1999 г., неоднозначно. С одной стороны эти птицы являются поставщиками гнезд для сапсанов, с другой нередко вступают с ними в конкуренцию за гнездовые участки. С годами возрастала конкуренция за гнездовые участки и между сапсанами. В результате территориальных столкновений нами была зарегистрирована гибель 5 самок и 3 самцов. Не исключено, что отмечавшееся выше снижение успешности гнездования сапсанов связано в определенной мере и тем, что из-за конкуренции между собой и с воронами, часть пар вынуждена была загнездиться в скалах, менее благоприятных для этих соколов. Наконец, сказывается негативное отношение к сапсану со стороны голубеводов. Так, в 1996 г. ими были уничтожены 5 кладок, есть подозрение, что некоторые сапсаны были ими отравлены. Это серьезная проблема, требующая приемлемого для всех сторон разрешения. О масштабах воздействия хищничества сапсанов на почтовых и декоративных голубей позволяет судить тот факт, что нами под гнездами этих хищников среди пищевых остатков за 30 лет наблюдений было собрано 1,25 кг пластиковых колец, используемых для индивидуального мкчкния голубей, каждое из которых весит менее 1 грамма.

ҚЫРАН ҚҰСТЫҢ ҚАСИЕТІН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕ

Қызықанқызы Н.

Шыңжаң Жазушылар одағының мүшесі, Қытай

Қыран бүркіт-қазақ халқының өмір-тіршілігіндегі жеңімпаз рухы, аса қасиетті саналады. Ұлтымыз қыран құстың қайраттылығын, қырдағы қылып еткен, жанарынан қалыс қалмайтын қырағылығын, асса аюға, ашықса қасқырға да түсуге тайынбаған жүректілігін, дене салмағынан неше есе ауыр қарсыласын алып ұратын палуандығын, қарымды тегеурінін, ұстаған жерінен айрылмайтын намысшылдығын, өзінен күштіге тап болғанда өлсе де ерлікпен өлетін өр мінезін өте қастерлеп, қадыр тұтады. Сондықтан, халқына қалқан болып, жауына кеудесін төсеген азаматтар мен елі үшін еңіреп, тер төгіп еселі үлес қосқан азаматтарды «Ақиық қыран», «Алымыр мұзбалаққа» теңейтін мәндік ұғым ана тілімізде өмір сүріп келеді.

Қазақ бүркіт, сұңқар, қаршыға қатарлы қыран құстарды қолға көндіру, пайдалану ғана емес, қорғап келген халық. Атап айтқанда, қыран құстардың қолда баулығандарын ғана емес, табиғат аясындағы түз құстарының тіршілік ортасын да қорғаған дәстүрлі ұстанымдары бар. Қыран құстарды өлтірмейді, ұясын бұзбайды, ұя маңында үркітетін, сескендіретін әрекеттер жасамайды, ұя маңына от жағып, түтін салмайды. Бұл ұстанымдар «Қыран құстардың киесі бар» деген сенім-наным, ырым-тыйымдар арқылы атадан-балаға дейін жалғасып келе жатқан ұлттық мінездемеміздегі ерекше атау.

Құс қайыру, оны бабына келтіру өнері ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігінде сахара мәдениетінің маңызды бір бөлегі болып, ер азаматтарды қыран рухымен тәрбиелеп, батырлыққа, жауынгерлікке баулитын дәстүрлі дала тағылымы ретінде жалғасып келеді.

Қазақ құсбегілері қыран құстардың қыры мен сырын ерте бастан-ақ, аша білген, бүркіттердің мекеніне байланысты түрлерін айқындап, бір тал жүніне дейін назар салып түсін, түгіне дейін айырып «Бүркіт сынын» топтап, дала мектебінің ауызша оқулығын қалыптастырды.

Бір тұқымдасқа жататын бүркіттердің өзін мекеніне қарай айырмашылығы болатынын байқап, қай жердің бүркіті екенін тани

білген. Мысалы: «алтайдың ақиығы», «сауырдың сабалақ сарысы», «нарынның ақ шегірі», «күнестің қаусырмасы», «боғданың қара кері», «ерентаудың кер құйрық қызыл аяғы», «жайырдың шұңғыл қарасы», «оралдың зор табаны», «көкшенің кезеген кекшілі», «шыңғыстың кезбе қарасы», «баркөлдiң қызыл шегірі», «барлықтың ала қанаты», «керіштің кер аласы», «қалбаның қара шегірі», «сартаудың ақ сарысы», «қобданың шылқанаты» деп, айыра біліп, ат қойған. Бұдан басқа әр жердің аталымдары бойынша, есептегенде 40-қа таяу бүркіт түрлері аталып келеді. Қазақ құсбегілері соншама көп түрдегі бүркіттерді қолға түсіріп, қайырып көрген, әрі одан мол тәжірибе қорытып, дәстүрлі құсбегілік өнерді жаңғыртып отырғаны түсінікті.

Бүгінде еліміздің мәдениетке ерекше көзқарас саясатының арқасында, бүркітшілік өнер —бекзаттық мұра ретінде қорғалып, өркениет көшінде өз ерекшелігімен ұлттық бояуы қанық, сауық-сайранға да өзгеше әр қоса отырып, қырандар өнері сахаралық айдан ғана емес, сахналық айдан да самғай көзге түсіп, бұрынғыдай тек бүркітшілердің өздері ғана емес, қалың жұртшылықтың бәрі тамашалай алатын ерекше мереке түріндегі ұлттық спорттың ұлы тарауы ретінде тарихқа енді.

Қыран құстарды қорғау екі түрлі мақсатта жүзеге асырылады, бірі: бүркіттің бас амандығын, тұқым, бітімін қорғауды, екіншісі: қырандық күйін, жаратылыс қасиетін қорғаудың шараларын қамтиды.

Бүркіттің бас амандығы: азықтандыру, күту, баптаумен байланысты болады десек, құстың бабын табудың өзі де қорғауға саяды. Бабын таппаса, өлтіріп те алады. Құстың бабын білу, бабына келтіру саятшылық өнердің сәтті-сәтсіз болуының кілті деп есептеледі. Ол жөнінде қырғыз ағайындар: «Жаман аттың бабын тапсаң-тұлпар, күйкентайдың күйін тапсаң- сұңқар» дейді екен.

Бүркітті қалай азықтандыру керек? Ең жақсысы, түзде бүркіт қалай азықтанса, қолда да солай азықтануы қажет. Ақ жем беріп қайыру - кезіндегі күйіне қарай болады. Ет қоректі құстар түзде жылы қанды, шикі етті ғана негізгі азық етеді. Қолдағы бүркітке де сондай түздегі азықтануымен ұқсас жағдай жасалуы керек. Бұл бүркітті дені сау, бабында ұстаудың, көнігі бүркітші болудың алғы шарты.

Бүркітті қайырмайтын кезде, азықтандыру мен баптау жөнінде, жұрт арасында түрлі пікір қалыптасқаны рас. Жалпы, қайырған

кезде де, түлеткен кезде де қыран құстарға ас тұзы, шәй, пісірілген тамақ, кептірген, сүрленген, сасыған еттерді беру өте зиянды. Оның бәрі де қыран құстардың тұз табиғатындағы тіршілік заңдылығына үйлеспейтіні анық. Кейбіреулер «майынан арылтамыз, жүнін түлетеміз» деп салынған мүсәтір, қарандыз қатарлы заттарды қолдану бүркітке өте зиян. Бүркітшілердің ішінде қыран құсты баптаймын деп жүріп, оны қорлап, әрі қор ғылып тастайтындар бұрын да болған. «Тамыршы десе, табына қалатынымыз сияқты», немесе, «пәленшекең сүйтіп айтты» деп, үйлесімсіз әдістерді қолданатындар да, «аңқау елге-арамза молда болып» жүргендер де бар. Сондықтан, бүгінгі сауатты бүркітшілер әр түрлі пікірлердің ғылыми негізі барын ғана талдап, таңдап барып қана қолданса дейміз. Дәстүрлі құс баптауды құс зерттеу мекемелерінің ғылыми жүйеге түскен тәжірибелерімен бірлесіп «Жаңа құс баптау Ережесі» немесе өзіндік тәжірибесі жасалса орынды болар еді. Бүркіттің жазғы күтімі ең маңыздысы. Байқап қарағанда, бүгінгі бүркітшілер ішінде жазғы күтімге онша мән бермейтіндері көзге түседі. Байырғы тәжірибелі құсбегілер, бүркітін жазда әбден семіртеп, түлекке отырғызады. Құсбегілер, бүркіт семірсе сүйегіне күш жинайтынын, арықтаған уақыты тым ұзаққа созылса, сүйегі жұқарып, қаруы қайтып кететінін байқаған. Қазіргі бүркіттерді бұрынғыдай дала аңдарына салғанға емес, саяхат, саят мерекесіне бола ұстайтындықтан жүні ажарланып, көбіне тойынып тұруы қажет сияқты. Ал, бүркіттерді қайыруға тура келетін уақытқа байланысты, етін қатырып зар бабына келтіру уақытында күйін тым төмендетіп алмаса болғаны.

Бүркіт баптаушылардың көп қолданатын әдістері «Қоя салу» «Зерде салу» (зердесін алу). Бұл екі әдісті дұрыс қолданбағанда бүркітке зияны бар. Қоя салу-сайып келгенде, бүркітті зорлап ашықтыруға жатады. Түз бүркіті тоя жеген жемін қортып болғанда, өздігінен қоя тастайды. Яғни, асқазанында әрі қарай қорытуға келмейтін, байланып тұрған қыл-қыбыр, жентектелген сүйек қатарлы қатты қалдықты құсып тастайды. Ондай қалдық зат және қорытылмаған ас оның жемсауында тұрғанда бүркіт тоқ күйіндегідей жем тілемейді. Жемге тіленбеген бүркіт - аң ілмейді. Ал, бүркітті қайырғанда оның өздігінен қоя тастауын тосып отырмай, қолдан жасап түсіру әдісі қолданылып, мезгілінен бұрын ашықтырады. Жиі қайталанса, қоя салу дегеніңіз, бүркіттің бабына да жанына да зиян. Қояға қолданылатын зат улы емес, әрі таза болуы шарт.

Зерде - бүркіт асқазанындағы запыран тектес бұзылған сұйықтықты тазалауға қолданған бұрынғылардың ем-дом амалы. Ол «Зәрді алу» деген ұғымнан келіп шыққан сөз. Жұмсақ ағаш салуды-зерде салу әдісі дейді. Ғылымға жүгіне отырып, зерденің дұрыстығына сыни көзқараспен қабылдағанымыз да жөн сияқты. Өйткені, «құстың жемсауындағы барлық зәрді бармақтай ағаш сіңіріп алады» деп біржақты қарау, шынайылыққа үйлеспейтін секілді. Тәжірибелі құсбегілер ертеден-ақ, «қажет болғанда зердені жылына бір реттен асырмау керек» дейді. Ал, қазірде көбіне тәжірибесіз, сауаты төмен, білімсіз, елдің айтқанымен жүретін бүркітші ағайындар зерде мен қояны шатастырып айтады және солай қолданады.

Бүркіт тұғырда отырған жердің ауасы үнемі таза, температурасы қалыпты, ыс, түтінсіз, болуы қажет. (темекі түтіні де зиянды). Қыран құсты қолда ұстағанда, қартайған шағына дейін қолда отырғызыып қою өте обал. Түз құсы түзде қартайып, түзде өлуі керек. «Түз құсы қолда өлсе кесірі тиеді, киесі атады» дейтін, бұрынғылар. Қыран құстың өлімін көру - құсбегіге өте ауыр титіні анық.

Бүркіттің қырандығын қорғау.

Қыран құс - қырандығымен қасиетті! Ол жойылса, қасиеті де жойылады. Қыран құс ет қоректі жырытқыш құстарға жататындықтан, жаратылысында тірі жем ұстап жеу қабылеті, қауқары бәрі де табиғи түрде қалыптасады. Байқаушылар, қыран құстардың құзғын сияқты топтасып жемтікке түсіп, немесе топтасып жем іліп, бірге азықтанатынын көрмегендерін айтады. Олардың бәрі жеке батыр. Ендеше, қолға түскеннен кейін, не үшін біреуі қыран, біреуі батылсыз болып шығады? Ғылыми негізге сүйенсек, бұл — бүркіттің тегіне де байланысты болумен бірге, қолға ұстаушы адамның да қабылетінен келетін құбылыс екені байқалады. Оны, күнделікті өмірде цирктегі жануарлармен салыстырғанда байқауға болады. Біздің білуімізше, бүркіттің қырандықтан азуы-екі түрлі жағдайда болады. Бірі: бұрынғы жаратылыс күйінен айырып, ұзақ уақыт қанат қағуға еркіндік бермей «тұтқын» күйінде ұстаудан. Екіншісі: оны баулып үйрету, тұрмысқа көндіру барысындағы талғамсыздықтың нәтижесінде болады.

Зерттеушілер, хайуанаттар бағындағы аң, құстардың қолдағы тірлігін зерттегенде, жырытқыш құс пен жыртқыш аңдарды ұзақ уақытқа дейін өлі етпен азықтандыра берген жағдайда,

жаратылысындағы табиғи күйі бұзылып, тегіндегі жыртқыштық қасиеті жойылып, жуасып қалатынын байқаған. Бүркіт те солай, саятқа алып шықпай үнемі қолдан өлі ет беріп үйреткен бүркіт, масыл тірлікке дағдыланып қалса тіріге түспей, қырандығынан азу мүмкіндігіне ие болады. Қазіргі бүркіттердің жағдайы бұрынғыдай саят үшін емес, көбіне саяхат үшін жасалған қолдағы бағымда болатындықтан, бұл мәселелерді дұрыс шешу керек деп ойлаймын.

Тәрбиелеуде, нені үйрету, қалай үйрету деген, ең маңызды мәселе. Үйретумен бірге, бүркіттің көру аясында оған кері әсерін тигізетін нәрселерді, яғни айналасындағы күнделікті болып жататын қимыл-қозғалыс, жүріс-тұрыс, түрлі дыбыстар, осының бәрі де бүркіттің жаратылысындағы мінезіне ықпал ететін фактордың бірі болып есептеледі. Егер де осы талғандар бүркітке кері әсер берсе, өмір сүру ортасындағы тиімсіз жайттардың салдарынан, бүркіттің мінезінде азу, кері кету құбылысы пайда болады.

Қолдағы бүркіттің азбауына-оған жасалған еркіндік пен тежеудің қалай болғаны да ықпал етеді. Құсбегілер бүркіт мінезін өзгертуде, оны әуелі адамдар ортасына, әрі өзін тануға көндіру үшін оған психологиялық қысым жасайды. Қысымның ең ауыр келетін түрі «Бүркіттің ұйқысын алуы». Ұйқысын алу дегеніміз, жыртқыш мінезде тұрған құсқа есін ауыстыру қысымы арқылы, бұрынғысын ұмыттырып, жауласудан адастырып, адамдарға үйір ететін тәсілдерді қолдану, қолға өзі қонатын ету үшін жасалатын тәсіл. Бұған бүркітшілер назар аударғанда, бүркітке кері әсер ететін ортаның ықпалына да көңіл бөліп отыру керек. Өйткені, бүркіт тұрған ортада оның есін аударатын басқа да қысымдар болса, бүркіт мінезі өзінің қалыптасқан дағдысынан жаңылатын болуы мүмкін.

Ендеше, бүркіттің есін аударатын, ұйқысымен демалысына үнемі кесірін тигізіп отыратын қатты шуыл, жаңғырық, көзді алдайтын қызыл-жасыл, әлем-жәлем ортада бүркіттің есін бұзады, деген түсінік те қате емес. Иесі ондай жағдайға немқұрайды қарағанда, бүркітінің бұрынғы күйінен бұзылып қалатындығын — бұрынғылар да аңғарған, кейінгілер де білуге тиіс.

Қыран құстар адамнан алатын тәрбиені жоғарғы сана емес, төменгі тума ақылдағы шартты рефлэкстердің көп рет қайталануы мен сезіну мүшелерінен қабылдаған түйсікпен эмоциялық жауап (мінездің козу күйіндегі әсері) қайтару ретінде қабылдайды. Осы заңдылықты байқаған ертедегі құсбегілер, ортаның

талдаусыздығынан қыран бүркіттің көру аясына бейімдейтін (тітіркену жойылып, мінез тез тұтанбайтын күйге бейімделіп кететін) кері әсерін тигізбейтін, қырандық жырынды мінезінің азбауының алдын алу үшін томағаны ойлап тапқан.

Томаға кигізу - бүркіттің қасындағы жанды заттарға тегеуірінін салудан сақтану ғана емес, бүркіттің жыртқыштық, өр мінезін мұқалтпау үшін де пайдалы. Мәселен, адамдар жыртқыш аң мен жуас аңды үнемі бірге қойғанда олар көп қайталанған көру түйсігінің қабылдауында «дос болып кететінін» байқаған. Байырғы атақты құсбегілер бұл құбылысты да ерте байқаған, сондықтан шынайы құсбегілік білімді игергендер, бүркіттерді үйреншікті ортадан оңашалап ұстау, көретін нәрсесін көргізу, мінезіне кері әсер ететін нәрселерді көрсетпеуді дәріптеп, томағалап ұстайды. Томағаны да үнемі ертеден-кешке дейін, бірнеше күндеп кигізсе «құса болып кетеді» деп, басынан алып, тарандырып, сырытка шығарып, талпындырып отырған.

Саяхатқа ұстайтын бүркіт пен саятқа ұстайтын, жарыстарға салатын бүркіттерді —бөлек бағу керек. Саяхатқа ұстайтын бүркітті үнемі етті, жұтынып тұратын, рухты, ажарлы ұстау, көрушілер үшін бүркіт образын дұрыс түсінуіне пайдалы болады. Қыран бүркітті өлміші күйіне түсірген соң, көрермендерге тауықтан да жуас болып көрінсе, қыран бүркіттің киелі қасиетіне дақ түспей ме?!

Қыран құстарға тірі азық табудың жолы, терісі үшін ауланатын аңдарды бағу, мәселен, құнды құндыз, бұлғын, түлкілерді бағып, байлық көзін ашып жатқан азаматтар ел ішінен шығып жатыр. Олармен бірлесіп, ортақ іске тарту орынды шығар. Ұлтымызда, қыран құстардан басқа, аңдардың да жас күшіктерінен әкеліп, түлкі, қасқыр, қоян асыраған, тіпті аюдың қонжығын да асырап көрген байырғы ауыл адамдары болды ғой. Қыран ілетін тірі хайуандарды қолдан асыраса, қолдағы бүркіттердің азбауының алдын алуға болады, онда түз тағылары да қорғалып, табиғат байлығы сақталатын жағдай жасалар еді. Тағы бір ортаға салатын пікір: саятшылықты экологиялық ортаны қорғаумен бірлестіру үшін де, дәстүрлі құсбегілік білімді ғылыми орнитологиялық зерттеулермен бірге қарастырса. Ол үшін арнаулы зеттеу орыны болу керек. Дәстүрлі әдет бойынша фольклорда сақталған «Құс сындарын» негіз етіп, тек құстарды сыртқы бейнесінен ғана емес, сонымен бірге практикалық тұрғыдан да ғылыми сараптамаларға сүйеніп,

құстардың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты, генін, түрін, тіршілігін, басқа ортаға үйлесу, азу сипаттары зерттелген ғылыми түрдегі пайымдауларды қолдануымыз орынды. Өйткені, естуімізше, кейбір жоғары сыныптарда және жоғарғы оқу орындарында жаратылыс тану пәндеріндегі сабақтарда «Қыран құстарды тану» жөнінде тақырыптар қамтылғаны байқалады. Құптарлық десек те, бүркіттің өзін көрмеген қайсы оқушы немесе студент оны кеңінен түсініп, айтып бере алады? Қандай көрнекті құралға сүйенеді?

Әрине, зерттеу көп саланы қамтығанда ғана жақсы нәтижеге жетуге болады. Мәселен: біз егіске қолданылатын дәрілерінің қандай зиянды жәндіктерді, қандай арам шөптерді құрта алатыны жөніндегі деректерді пайдаланамыз. Ал, осы біздің химиялық заттарды қолдану аямыз, құстарға тиімді ме? Тышқанды құртумен бірге тышқан жейтін түлкіні құртқан жоқпыз ба? Уланып өлген аңдарды ет көректі қыран құстар жеп уланған жоқпа? Қысқасы, біздің өндірістік жетістіктеріміз экологиялық ортаға тиімді ме? Бұлардың жауабын тек ғылыми зерттеуден ғана таба аламыз.

Қыран құстарды қорғау-тек қолдағы бүркіттерге ғана қатысты емес. Түз құсы қорғалмаса, қолға қонатын құс та құриды. Қыран құстардың түздегі саны құзғын, қарға, кезқұйрық сияқты көп емес, тұқымы аз, өсімі төмен құстар. Олардың құрып кетпей өсіп-өрбуіне қолайлы жағдай жасап, қажетті шараларды қолданып, қоршаған ортаны қорғау керек. Сондықтан, алдағы уақытта ғылыми-зерттеу саласы осы тақырыпқа молынан назар аударуы аса қажет.

САЯТШЫЛЫҚҚА ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР МЕН ОЛАРДЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Мүптекеев Ұ. Е.

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

«Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек... Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерлі — қазақтың төресі сол», - деген Абай. Әсемдік пен әдемілікті қазақтай бағалап, қадіріне жеткендер аз болар. Күнделікті қарапайым тұрмыс-тіршілігінің өзінде әр затқа өте үлкен мағына беретін ата-бабаларымыз саятшылықтай көңіл көтерерлік ойын-сауықта қолданатын әрбір затына ерекше ықыласпен қарағаны тарихтан белгілі.

Оған, «Қолымда асынғаным алтын балдақ, мен келдім әсем керді суға жалдап» деп, «Алтын балдақтай» әнге қосқан Біржан салдың бірде шідерінің өзін «қырық қысыраққа» теңеп, «Ләйлім шырақтай» әннің арқауы етуі дәлел болса, өзге де сал-серілеріміз бен ақын-жырауларымыздың жырға қосқаны қаншама! Туған табиғатындай көркем, далалық салт-дәстүрді өзіне мансұқ еткен қазақтың бай мұрасына ертеден-ақ, шетелдіктер тамсана да тандана қарағаны анық.

«Киімдері мен өмір салты жағынан массагеттер скифтерге ұқсас. Олар ат үстінде және жаяу сайыса береді — сайысудың екі тәсілін де меңгерген; ұрыста садақ пен найзаны қолданады, әдетте, айбалтаны да бірге алып жүреді. Құрал-саймандарының барлығы алтын мен мыстан жасалған; найза, оқ пен айбалта жасау үшін қажеттінің бәрі мыстан құйылады; бас киімдері, белдіктері мен белгі шүберектері алтынмен әшекейленеді...», — деген екен, әйгілі грек ойшылы Геродоттың өзі.

Өткенді білмейінше, қазіргі дүниені жасау, ал бүгінгісіз-келешекті көз алдыға әкелу мүмкін емес. Өйткені көркемөнер-халықтың материалдық дүниетаным, тұрмысы, мәдениетінің маңызды бір саласы. Ежелден тұтынатын бұйымдары мен киімінің ажырамас бөлігі ретінде санаған әшекей, тұтынушының талғамдық тартымдылығын арттырумен бірге тәңірге табынған халқымыздың наным-сеніміне де байланысты пайдаланғаны аян.

Қазақстанның жер қойнауындағы түсті және бағалы металдардың (алтын, күміс) бай қоры ерте кезден-ақ, металл өңдеу өнерін дамытуға мүмкіндік туғызды.

Қола дәуірінде, біздің заманымызға дейінгі II-ші мыңжылдықта алтыннан, күмістен құю, керті, соғу, зерлеу, қарайту, қақтау, қаптау, шиыршық темірден торлау технологиясы пайда болса, ежелгі темір дәуірінде аң-құс тектес өрнектер салу стилінің дамуына, зергерлердің асыл тастарды кеңінен пайдаланып, шекімелеу, оймыштау, бедер суреттерді түсіру, зерлеу, алтын жалату сияқты өнердің күрделі техникалық тәсілдерін меңгеруге жол ашты.

Еліміз аумағындағы Есік қорғанында, Бесшатыр, Қарғалы, Алтынемел, Түгіскен, Берел қорымдарынан табылған сақ қазыналары әлемдік деңгейдегі зергерлік өнердің қайталанбас туындыларына кіреді.

Қаншама ғасыр өтсе де асыл дүниелерді ардақтап, асыл мұраны жалғастырып жүргендер айтарлықтай көп болмаса да, ұлттық құндылықтарымызға жастар енді-енді ден қойып келе жатқаны қуантады.

Бүгіндері арамызда жоқ болса да, артында айтып жүрерлік мұраларын қалдырып кеткен қазақтың белгілі этнограф дизайнері, ұста, суретші, өнер қайраткері, халқымыздың салт-дәстүріне байланысты да бірқатар зерттеу еңбектерін жазған менің ұстазым Дәркембай Шоқпарұлы, бармағынан бал тамған ғажайып колөнер шебері Ясин Мәмедінұлы, «сегіз қырлы, бір сырлы» өнерлі жан, «жігіттің төресі» атанған Бекет Есентаевтардың үлестері ерекше. Алыс-жақын шетелдерді өз өнерлерімен тандандырып, бабадан қалған құнды дүниелерді жаңғыртуда өз қолтаңбаларын қалыптастырған «Ағайындылар», «Шеберлер ауылының» өнерлі жігіттері, Нәбижан Досеке-Күнтубайұлы, Дәулет Дәркембайұлы, Жанболат Мұқанбайұлы, ағайынды Сүйіндік және Сұлтансері Бекетұлдары секілді көптеген колөнер шеберлерінің есімдері оған дәлел бола алады. Қазақтың саятшылық өнеріне қажетті ықшам киімі де талғамға сай тігілгені мәлім.

Ел ішінде бармағынан бал тамған ісмер аналарымыз бен қыз-келіншектер сал-серілерге жарасатын небір сәнді де қайталанбас дүниелерді жасай білген. Өз өмірінде сұлулық пен талғамды ұштастыра білген құсбегілердің саятшылықта қолданатын қажетті құрал-жабдықтары мен жасалу жолдары да түрліше болғаны белгілі.

2006 жылы белгілі өнер иесі, ұлттық құндылықтарымыздың жанашырының бірі, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» Нұрлан Өнербайдың бастамасымен, «Ерке Нұр» сән Академиясында бүркітшілерге арналған дәстүрлі киім үлгісі алғаш рет арнайы тігілген болатын.

Саятшылыққа байланысты пайдаланылатын құрал-жабдық, бұйымдар өте көп. Олардың қандай қызмет атқаратындығы, неден жасалатындығы және әрқайсысының қолданулары бірдей болғанымен, атаулары әр өңірде түрліше аталады. Ол да жан-жақты зерттеуді талап етеді. Біз солардың көбінде жиі пайдаланатын және қажетті деген түрлеріне тоқталуды жөн көрдік.

Аба - жауын — шашыннан қорғайтын жамылғыш, қарапайым әдіспен тігілген тыс киім, сулық. Абаны бұрынғылар желді күні, әсіресе жауын — шашында сулық ретінде жамылған болатын. Оның түгі сыртында, әрі жоғарыдан төмен қарай жығылып жатқандықтан, су өткізбейді, әрі желдің ызғарынан қорғайды. Күннің аптап ыстығында күн өтуден сақтайды. Жүрсен — жамылғы, жатсаң — төсеніш. Салт атпен шауып келе жатқанда абаның етегі желдің екпінімен желбіреп өте сәнді көрінеді. Ұзақ жолдан терлеп келген аттың сауырына абаны жауып, суытуға да болады. Абаны шиыршықтап, бүктеп, қанжығаға бөктереді. Ол саятшыларға, жауынгерлер мен малшыларға аса қажет киім.

Айбалта - соғыс қаруы. Оны көшпелі халықтар өте ерте заманнан қолдана бастаған. Айбалтаның басы металдан соғылады, пішіні әр түрлі болып келеді. Айбалтаны аңшы — саятшылар да қару ретінде қолданады.

Арқамшы — ұзындығы 9 — 12 құлаш, жуандығы саусақтай, қос таспадан есілген қайыс арқан. Ертеректе жаугершілік кезінде, арқамшыны қарсыласына лақтырып, аттан аударып алуға қолданған. Халық арасында арқамшыны «бұғалық», «шалма» деп те атайды. Құрықтан арқамшының ерекшелігі 19- 20 м. Жерден арқамшы тастап, асау жылқыны ұстауға болады. Ал ең ұзын құрық алты — жеті метрден аспайды. Арқамшыны малшылар мен аңшылар, жауынгерлер тұтынған.

Аяққап. Қыстың үскірік аязды, суық күндерінде түзде, ат үстінде қолға алып жүрген құстың аяғы тоңып, үсімес үшін аяғына кигізеді. Аяққапты құстың аяғының үлкен, кішілігіне қарай төрт саусағында (жембасар, сығым, шеңгел, тегеурініне) өлшеп істейді. Тысын әдетте, суға қатпай жылылық сақтайтын бұғының иленген жұқа, жұмсақ терісінен немесе, жарғақ, паңбарқыт сияқты жылы маталармен астарлайды.

Жиектерін жіппен торлап, ішкі жағына қуыс қалдырып тігеді. Әр саусақтың ұшынан тұяқ шығып тұратындай тесік шығарып, саусак

сайын орта тұсынан білегіне дейін өте нәзік айылбасты, бес бірдей бау (белбеу) өткізеді. Айылбасты белбеулерімен саусақтарының ортасынан бір-бір буып тоқтатады. Бүркіттің көбіне биялайға қонып отырғанда табаны тоңбай, тек аяғының сырты тоңатындықтан солай істеледі.

Балақбау және іргебау. Бұл екеуі қашанда қатар жүреді. Қолға үйретуге, ұстап жүруге және байлап қоюға арналған жабдықтар. Қыран құстардың жіліншіктеріне тағылатын арнайы бауды **балақбау** немесе **аяқбау** деп айтады. Балақбау - қыран құстың аяғында үнемі бірге жүреді. Балағын ұстап, айналып тұратын білезігінің кеңдігі білектің жуан — жіңішкесіне қарай өлшенеді. Ал, жалпақтығы 4 сантиметрдей болады. Ол тұғырдан ұшып кетпес үшін қажет. Әдетте, қыран құстарға тағылатын бау жұмсақ иленген тері, былғары, жарғақ немесе қыжымнан құстың жіліншігіне лайық тігіледі. Немесе, мұны былғарыдан тіліп алып, ішкі жағын жұмсақ шүберек, киізбен астарлап, екі шетінен жіңішке қайыс көктеп өткізіп, екі ұшына келгенде екі бүлдіргі шығарады. Балақ бауды екі бүлдіргіге өткермелеп, құстың балағына тағады. Балақ баудың ұзындығы 30-35 сантиметрдей, жуандығы 3 мм-дей болуы тиіс. Бұны да илеген қайыстан өріп, немесе жұмырлап ұшына жеңіл жез, мыстан тұйықтап ілмек қадап, оған кішкене дөңгелек шығыршық өткізеді.

Жіліншікті орап, бунақтап тұратын тұсы **алақан** деп аталады. Шолақ балақбау немесе аяқбау үнемі қыран құстың аяғында болады. Оның ұшындағы шығыршықтар арқылы ұзындығы бір құлаштан астам жіңішке әрі жұмыр етіп өрілген бау өткізіледі. Оны **іргебау** деп атайды. Іргебау төрт, не алты таспадан өріледі. Оның бір ұшына сүйектен, мүйізден немесе ұшқат, ырғай, емен, тобылғы тәрізді қатты ағаштан жонылған көлденең тиек тігіледі. Оны **тобыршақ** деп атайды.

Балдақ — қыранды салт атпен алып жүруге арналған, құс салмағынан қол талмауы үшін биялай киген оң қолдың білегін сүйеп тұратын құрал. Қайың, тал секілді жіңішкелеу ағаштардан істейді. Жоғары басы екі ашалы, білек сиятындай етіп жасалады. Ұзындығы 50-55см, ашасының арасы 10-15см. Қолға жайлы болсын деп, ашасының арасына жұмсақ қайыспен тұсау салып, қабаттап та қояды. Төменгі ұшына орнықты болу үшін қайың ағаштың түбінен домалақтап тобыршық орнатады. Тобыршықтан тиек шығарып, ердің оң жақ алдыңғы қанжығасына тиектеп байлайды. Не болмаса, балдақтың алқымына жақын орналасқан шығыршыққа қайыс

бау тағылып, ол ердің алдыңғы қасына байланады. Сонда балдақ әрлі — берлі толқымайтын болады.

Белбеу. Халқымыздың ұлттық сырт киімдеріне жататын шапан, тон, ішік, шидем, күпі, шекпен, т.б. сырт киімдерге түйме қадамай — ақ, шалғайларын айқара қауырсынып, белге **белбеу (белдік)** бұнынып алады. Қазіргі қолда бар деректерге сүйенсек, белбеулердің: күдері белбеу, кемер белбеу, былғары белбеу, кісе белбеу, қаралы белбеу, дөңбет белбеу, өрмелі белбеу т.с.с көптеген түрлері бар.

Кісе белбеу малшылар мен аңшылар, жол жүрген жолаушылар мен жорыққа шыққан батырлар үшін өте қолайлы болған. Кісе белбеудің саятшыларға арналған ерекше түрі бар. Оның астыңғы жағына көптеген шығыршықтар бекітіледі. Саятшалардың саймандары соларға ілінеді.

Белқанжыға — аңшылар жаяу жүргенде қолға түскен қоян, үйрек, қырғауыл т.б. олжаларын беліне қыстырып алуына қолайлы құрал. Ол қайыстан өріліп, өрім бір тұтам болған кезде таспалардың ұшына жез шығыршық тағылады. Өрімнің бас жағына да шығыршық тағылып, оған ілгек бекітіледі. Ол ілгек кісе белдіктің шығыршығына тағылады. Таспаның ұшындағы шығыршықтардан таспаның өзін өткізіп, тұзақтап алып, оған тұз тағысын сирағынан қыстырып алып, жаяу жүру қолайлы болады.

Биялай — құсбегілер қыран құсты қондырғанда және асау құсты қолға баулып үйреткенде, оның қатты тегеуірінді өткір тұяғынан сақтану үшін киетін тері қолғап. Сол қолмен тізгін ұстайтын болғандықтан, биялайды оң қолға арнап тігеді. Биялайдың басынан қоныш аузына дейін ұзындығы 50см, жеңді білек сиярдай, кең мол болады. Оның бас бармағы бір бөлек, қалған төрт саусақ киілетін тұсы бір бөлек тігіледі. Берік болуы үшін бұғының бітеу сойылып алынған мойын терісін, не жон терісінен илеп тігеді. Не болмаса, үлкен серкенің, тайыншаның терісінен оң бетін ішіне, ет жағын сыртына қаратып, қос тарамыстап тігеді. Биялайдың ішіне жұқа киізден немесе мақта жүн қабылған матадан астар, яғни бір қабат тағы бір қолғап тігіліп салынады. Жеңіне іліп қоюға қолайлы болсын деп, қайыс бау немесе кішкене жез шығыршық тағылады.

Дабыл — ұрмалы көне музыка аспаптарының бірі. Ертеден — ақ, дабылмен қалың тоғайдағы құстарды, тағы аңдарды үркітіп, қыран құстар өз жемтігін тез алатын болған. Дабылдың шанағы ағаштан шеңберлеп иіліп жасалынады. Ол үшін ағашты (тал, қайың) тақтай

тәрізді жұқарта шауып алып, морға көміп балқытып иеді. Содан соң, көлеміне қарай, дабылдың шанағына түгінен тазартылған ешкінің немесе түйенің жас терісі керіледі. Дабылдың ердің қасына іліп қоятын, немесе иыққа асып алуға ыңғайлы тұтқабауы болады. Оны қайыстан өріп жасайды. Бау тағатын металл шығыршықтар тері керілмей тұрып, шанақтың бүйір қабырғасына бекітіледі. Оның шанағының сыртына бедерлі өрнек оймыштап, мүйіз бен сүйекті қиюластыра безендіріп қоюға да болады. Кейде сәндік үшін үкі, шашақ тағылады.

Дауылпаз — қазақ халқының ұрып ойналатын көне саз аспабы. Ертеректе бұл аспап соғыс құралы ретінде айбар беріп, қыр көрсету үшін қолданылған. Оны жорықтарда әскер басылар мен жеке батырлар ұстайтын болған. Бертін келе дауылпазды аңшылық пен құсбегілікте қолданғаны туралы мәліметтер бар. Оның жасалу әдісі күрделі.

Дудыға - қазақтың саз аспабының көнеден келіп жеткен бір түрі. Кезінде халық тұтынған бұл аспап мүлде ұмыт болып жойылып кеткен еді. Өткен ғасырымыздың жетпісінші жылдарының аяғында этнографиялық жазбаларға және қарт ұстаз Омар Хаймулдиннің берген мәліметтеріне сүйене отырып дудығаның алғашқы жаңғыртпасы жасалды. Дудыға негізінде ұрмалы аспаптар тобына жатады. Оны аң — құс т.б. түз тағыларын үркіту үшін қолдануға болады.

Жемқалта — аңға шыққанда құстың жемін салып жүретін қалта. Жемқалтаның ұзындығы 15 — 25 см (20-25см), көлденеңі 10 см мөлшерінде болады. Іші-сыртын жаңа киізбен қаусырып, шүберекпен қаптап сырып тігеді. Не болмаса, жақсы иленген теріден де әдемілеп жасауға болады. Бүркітшінің белбеуіне қыстырады. Жемқалтаның бір жақ қырында түтік қыстыратын орны, қалтаны белбеуге ілетін, ердің қанжығасына байлайтын өрілген бауы болады. Оның ішіне бүркітті шақырып, шырғалап беретін «шақыру жемдері», биялаймен ұстауға ыңғайлы түлкі, қоянның сирақ, сан-қолдары, малдың ұзын тарамысты бұлшық еттері болады. Киізқалтадағы жем суықтан қатпай, құсқа бергенде жылы, жібу қалпында жүреді. Сол себепті бүркітшілер әдетте, жемқалтаны қатты суықтарда ердің көпшігіне қыстырып, сол жақ тақымының астына басып, жемді жібу қалпында сақтайды.

Жанторсық — көбінесе малшылар мал баққанда, аңшылар саятка, салбурынға, жауынгерлер жорыққа шыққанда ішіне сусын құйып, ердің колқанжығасына байлап жүретін ыдыс. Жанторсық мүйізді торсыққа қарағанда қарапайымдау болады, мүйіз болмай-

ды, тек мойынында бау тағатын шығыршығы, ағаш тығыны болады. Жолаушылар жол жүргенде, оған ішіне су толтырып қояды. Қанжығада шайқалған торсықтың ішіндегі құрт езіліп, шалап сияқты сусын пайда болады. Оны қазақ **томыртқа** деп атайды.

Жемаяк — ағаштан ойылған, тостаған тәрізді, бүлдіргелі сабы немесе шығыршығы бар құстарға жем беретін ыдысты **жемаяк** деп атайды. Қырандарды баптау үшін, етті суға салып сөлін алып, «акжем» етіп береді. Жемаяқтың суын ағызып жіберуге арналған тұмсықша шүмегі қоса қырылып жасалады. Оны «суағары» дейді. Жемаяқты халық шеберлері қарағай, терек, қайың, қараағаш, үйеңкінің безінен (беріші, үйілі) шауып, ішін ұңғырумен қырнап, сопақша етіп жасайды. Ағаштың безі берік болады, күнге қаңсып жарылмайды. Шеберлер саптыаяқты өрнегіне қарай «шұбар аяк» деп те атайды.

Көзілдірік. Малшылар, аңшылар және альпинистер қыс күндерінде түзде көп жүрсе, күн сәулесі қарға шағылысып, көзі жа саурап, қызарып ауырады. Осы кеселді қазақ «көздің қарығуы» деп атаған. «Қарығу» сөзі «қар» деген түбірден туындайды. Орысша оны «снежная слепота» деп атайды. Бір қызығы, ата — бабаларымыз да көз қарығуға қарсы киетін көзілдірікті өте ерте замандарда — ақ, пайдаланған екен. Ертеректе қыстыгүні тыста көп жүретін адамдар жылқының қам терісін (иленбеген, шикі) жібітіп, түгін жидітіп тазартып алған соң, көздің тұсынан көлденең тілік тіліп, тері қоңыр — құрғақ кезінде тіліктердің арасындағы жолақты көлбеу бағытқа бұрып, тері көңге айналғанша көлеңкеде кептіріп, көзілдірік әзірлеген. Оған жұмсақ шүберектен (матадан) қиылған немесе биязы жарғақтан тілінген бау тағып, көзге киген.

Құндақ (бөлеу) — қыстың аязды күндері қыран құстарды тасымалдауға арналған құрал. Ол әдетте құстың көлеміне қарай шыбықтан тоқылады. Құстың астына киіз немесе арнайы тігілген көрпеше төселіп, ішіне мақта, жүн салып сырылған жұқа көрпешеге құсты бөлейді.

Пышак сөзінің түбірі — піш. Ол пішетін, кесетін құрал. **Қазақта пышақтың сапы, семсер, селебе, акинак, қанжар, құжанты, бұйда пышак, кездік, от пышак, бәкі (шаппа), ұстара, қандауыр** деген түрлері бар. Пышақтың басы мен сабы тоғысқан тұсына саптың сағағын металл құрсаумен көмкереді. Оны **сақинек** дейді. Пышақтың сабы ағаштан әзірленсе, оның металл құрсауын **мойнак** деп атайды. Жетім шегені мойнак жасырып тұрады. Басы мен сабы тоғысқан тұсын **сағағы**,

ал сағақтың жүзіне қараған жағын **алқымы**, сыртына қараған тұсын **кежегесі** деп атайды. Қынына асыл тас орнатылса, оны - көзі дейді. Пышақтың дүміне кейде сақина тәрізді жұмыр металл дәнекерленеді. Қынға бекітілген қайысты соның көзінен өткізіп, пышақ түсіп қалмауы үшін байлап қояды. Оны **шығыршық** деп атайды.

Сақпан — аң — құсты үркіту үшін қолданылатын құралдың бірі. Сақпанның алғашқы түрі тұтқасынан ұстап айналдырғанда бірқалыпты дырылдаған дыбыс шығарады. Ал екінші нұсқасы тұтқасынан ұстап сілку арқылы немесе екінші қолдың алақанына соғу арқылы сақылдаған дыбыс береді.

Сақпан (Закпы) — тас, т.с.с. заттардың алысқа лақтыруға қолданылатын қол қаруы. Ежелгі Мысыр, Грекия, Ұрым, Орта Азияда соғыс қаруы ретінде қолданылған. Сақпанды көбінесе қайыстан өріп жасайды. Кейде жылқының қылынан да есіп жасалынады. Сақпанның қос бауы, ортасында көлемі адамның алақанындай алақаны, бір бауының ұшында өрме тұтқасы мен бүлдіргесі болады. Оны — «тұйық бау» дейді. Екінші бауын — «азат бау» деп атайды. Азат баудың алақанға қарсы ұшы сүйірлене бітеді. Бауларының ұзындығы 100 — 120 см болады. Сақпанның алақанына көлемі — жұдырықтай тас, қорғасын т.б. салып, бүлдіргесін оң қолдың білегіне іліп, азат баудың ұшын тұтқаға бас бармақ пен сұқ саусақ арқылы қыса ұстап, үйіре жылдам айналдырып азат бауды босатып жібереді. Сонда сақпанның алақанындағы тас өте алысқа (шамамен 200 м астам) ұшады. Сақпанмен бөрі соғып, жауын аттан түсіретін мергендер болған.

Сүзу (сүзгі) — ертеде көп қолданған құралдың бірі. Түз бүркіті асау, қолға тез көндіге қоймайды. Сол кездері бүркітті жуасыта бастағанда, аңға салар кезде канат, құйрығына көдімгі жібек маталардың жіптерінен қабаттап, ширатып алады да, инеге сабақтап, бүркіттің шеткі ұзын шалғылығына, құйрығының қауырсындарының ортасын ала өткізіп қоятын болған.

Бүркітті тірі аңға ауыздандырар кезде, түзге алып шығарда сол жіппен ұзын шалғыларының төрт-бес талын, немесе құйрығын сүзіп, тұтастай буып, байлап ұшырады. Ондайда құс тік еңіске, немесе шырқау бикікке көтеріліп, қалаған жағына қарай еркін ұша алмайды, отырып қалады. Бұл тәсілді алғаш үйренгенше, асау бүркітке ғана қолданады.

Томаға — қыран құстардың басына кигізілетін, екі көзін саңылаусыз жауып тұратын бас киім деуге болады, теріден тігілген

қап. Бұл негізінен, сәндік үшін емес, сыртқы дыбыс, құсты ма-
залайтын әсіресе, қызыл түстен қорғаудың амалы. Ол құстың
басын қысып, көзін қажамайтын, саңылаусыз, басынан түсіп
қалмайтындай болуы тиіс. Қыран құстың томағасын ертеректе
олпы-солпы етпей, қалың былғары ұлтанының тегіс жерінен ар-
найы үлгі салып, біртұтас, немесе бірнеше бөлек етіп ойып алып
құрастырады. Тамақ бау мен айдар кейде бөлек, кейде бірге ойы-
лып, асыл тастан әшекейлеп, өте әдемі, сәнді етіп тігіп, оны кәдімгі
өнер туындысының деңгейіне дейін көтергенде, нағыз шеберлерге
бір аттың құнындай биік бағалаған.

Тор. Жабайы құсты қолға түсіру үшін кендір жіптен арнайы тор
тоқылады. Оның ені бір құлаш, ұзындығы бірнеше құлаш болады.
Торды дөңгелете құрып, бірнеше жіңішке шыбықты жерге немесе
қарға шаншып тордың жоғарғы жағын шыбықтың үстіне бекітеді.
Құрылған тордың ортасына шикі ет тастайды. Құс етті жеп әбден
тояттаған кезде алуға қолайлы, өйткені қатты тойған құс бірден
көтеріліп ұша алмай торға соғылып шырматылады.

Түтік — құсбегілердің құсты қайырып, баптаған кезде аузына
су, т.б. құю үшін қолданылатын құралы. Ұзындығы бір қарыстай,
жуандығы саусақтың жуандығындай болып келеді.

Әдетте түтікті көкқұтан, тырна тәрізді құстардың жіліншігінен,
ағаштан, металдан, қамыс, қурайдан да әзірлеуге болады. Оны
жемқалтаның бүйіріне жасалған арнайы қалтаға салып сақтайды.
Түтікпен семіз, тоқ құстардың ішін шайып, салқындатып, арықтату
үшін пайдаланады. Жіңішке басын бүркіттің аузынан өңеші
арқылы жүгіртіп, жемсауына (жұмыршағы) апарып, сыртқа шығып
тұратын ұшынан салқын су, қара шәй құяды. Кенеттен майлы және
күшті жем жеп қойған бүркітке де осы әдіс қолданылады. Осы сұйық
заттар бүркіттің ішіндегі жемді тез сіңіріп, бойынан шығаруға және
тез саңғытып аз уақытта құстың бабына келуіне жәрдемдеседі.

Тұғыр — қыран құстарды қондыруға, күтіміне арналған ағаш
дөңбек. Әдетте тұғырды үш аша бұтақты ағаштан жасайды. Жайлы
тұғырда отырған бүркіттің қанат, құйрықтары, шалғылығын жерге
тіреп сындырып тоздырмайды. Денесі сергек, таза жерде еркін тыны-
стауына, алысқа саңғуына қолайлы. Тұғырдың құс қонақтайтын ор-
нын сәл көтеріңкіреп, бедерлеп қойса, құс таймай орнықты отырады.

Әдетте, бүркіт тұғырда отырып мойынын артына қайырып, екі
аяғын кезекпен бауырына тартып көтеріп, сыңар аяқтап ұйықтайды.

Тұғырдың биіктігі 35-40 см-ден аласа болмауы және бүркіт отыратын текше табаны (25x10см) кем болмауы тиіс. Арқалығында бүркіттің тұяғы айнала ұстап, таймайтын кемер жасауға да болады. Түбі жақын, ұшы алшақ, құламайтын орнықты, көбіне үш сирақты, бітеу ағаштан жасалады. Қарағай, самырсын, терек секілді жуан ағаштардың бұтақты үйіл, тамырлы түбірлерінен істейді. Халық шеберлері құс тұғырын мүйізбен, сүйекпен оймыштай өрнектеп, кейде темірден құрсау салып, оған қақтап күміс жалатады. Әдемі бүркеншікті жез, күміс шегелер, шатырлар, асыл тастан көз салып та безендіруге болады.

Шәңгек — тармақтала өскен бұтақтары бар қатты ағаштан, еліктің мүйізінен немесе темірден жасалады. Құсбегілер қыран құстың балапанын алу үшін, биік — биік, шың — құздарға өрмелеп шығарда, бір ұшына темір шәңгек байланған шыжым жіпті жоғары лақтырып, кері тартып көреді, егер шәңгектің ілмек тұяғы бір затқа (ағаш, бұта түбірі, тастың бедері т.б.) берік ілінгеніне көзі жетсе, сол жіптің көмегімен тырмысып жоғары өрмелейді. Аңшылар қасқыр, қабан, құлжа, барыс тәрізді ірі аңдарға қақпан құрғанда салдауыр орнына кейде шынжырдың бір басына шәңгек байлап қоятын. Қақпанға түскен аң қақпанды сүйреп кетсе, шәңгек жерді сызып із қалдырып отырады. Ал шәңгектің тармақты ілмек тұяқтары бірінші кездескен бұтаның, ағаштың түбіріне (тамырына) ілініп қалып, аң ұзап кете алмайды.

Шың — қазақтың көне музыка аспабы. Ол аты затына сай, ағаш қаққышпен соққанда шыңылдаған дыбыс шығаратын, беті сәл дөңес дөңгелек металл тәрізді ұрмалы — шулы аспап. Шыңды саятшылар түз тағыларын үркітуге қолданады.

Шырға - түлкі, қарсақ, қоян т.б. аңдардың терісінен жасалған тұлып. Егер қырғауыл, үйрек, қаз т.б. құстардың терісінен жасалса, оны — «кеп» дейді. Бүркітті қолға, аңға түсуге үйреткенде, ол көзге кәдімгі түлкі, қарсақ, қасқырға ұқсап көрінуі үшін терінің ішіне жұмсақ жүн-жұпыр, сабанды кептеп салып, тұмсығынан бүлдіргі шығарып, оған әдетте ұзын шыжым жіпке байлап, бір адам атпен немесе жаяу жүріп, сүйретіп құс салып, баулу үшін қолданады. Сондай-ақ, адасып, айырылып қалған құсты қайтару үшін де көбіне шырға сүйретіп, іздейді. Шырғаны ұзын шыжым бауынан орап, құсбегілер оны үнемі ердің қанжығасынан тастамай жүреді. Тіліміздегі «айла — шарғы» (шырға) сөзі осы шырға сөзінен қалыптасқан.

БЕКЗАТ ӨНЕРДІҢ БҮГІНІ
(Қазақстанда тұңғыш құрылған «Жалайыр Шора»
Құсбегілер мектебіне-30 жыл)

Мүптекеқызы Б.

*«Жалайыр Шора» Құсбегілер орталығы
Еңбекшіқазақ ауданы, Қазақстан Республикасы*

Тегінде бүркіт — қазақ халқының өжеттік, ерлік, алғырлық, асқақтығының белгісі болса, бүркіт салу — бабадан жалғасқан асыл мұра, салт — дәстүр, текті өнері. Ұстараның жүзіндей, тез бұзылғыш, аса талғампаз, кекшіл қыран асқан бапты қажет етеді.

Аң қағатын қанаттыларды баптап, саят құратын адам — құсбегі. Әйгілі құсбегілер аңшы құстардың тегін ажыратып, өскен мекенін, ұясын тани алады, мінезін, бабын біледі, оның қайраты мен өжеттігін, ұшқырлығын айыра алады. Құсбегілердің аң аулауға баули алатын қырандары: бүркіт, сұңқар, тұйғын, қаршыға, лашын, ителгі, қырғи, жағалтай және тұрымтай. Олардың бастылары: бүркіт пен қаршыға. Аңшы құстарды зар күйіне келтіруді «қайыру» деп атайды. Лашын, бүркіт, қырғауыл сияқты құстардың әрқайсысы жылына 100-120 қырғауыл немесе 250-300—ге дейін түлкі, қоян алатын болған. Сондықтан да құсбегілер арасында «қаршыға қазан қайнаттырады, ителгі етек қилайды, тұрымтай көз тұндырады» — деген мәтел төркіні осыдан шыққан.

Қазақ бүркіт тұқымдастарды «қылыш тұмсық», «кезеген кекшіл», «жанбауыр шөгел», «сеңсең қоңыр», «жығалы», «құртты қызан», «паң сары», «ақ иық», «нарын сары», «мұзмұрт», «сауысқан құйрық сары», «сасқалақ сары» деп, тек—текке бөліп, күш—айласына қарай кәдесіне жаратыпты.

В.С.Бажановтің «Кәсіптік маңызы бар аңдар мен құстарды мылтықсыз аулау жолдары» атты еңбегінде қазақ халқының дәстүрлі аң аулау әдіс-тәсілдеріне байланысты оң көзқарас білдірген. 1943 жылы Алматы қаласында жарыққа шығарған бұл еңбегінде [3; 5-17 бб.] әсіресе, мылтықсыз аң аулау тәсіліне қатысты қақпандардың түрлерін — қасқыр қақпан, ағаш қақпан, күзен қақпан деп олардың функциясын толық жазады. «Күзен шелек, сумен аулау түрлері, қар мен жер қамба аулар, «мұз қамба», «қамба», тұзақ аулар, «қос тұзақ»,

«тор», «күрке тұзақ», «кыл тұзақ», «тор тұзақтармен» үркітпей, еппен аулаудың неше түрлі этнографиялық ерекшеліктерін толық, әрі қызықты мәліметтермен тақырыпты аша түседі.

Қазақтың саятшылық өнерінің алуан түрлі бағыттарын әсіресе, этнографиялық материалдар негізінде айқындап көруге болады. Бұл ретте, М.Д.Сейітовтің, В.С.Бажановтің еңбектерінің тарихи-этнографиялық сапасы мен құндылығының зор екендігі рас. В. Радлов: «Аңға бүркіт салу күні бүгінге дейін ауқатты жастардың басты саятшылығы болып табылады, алғыр қыран құс аса жоғары бағаланады және қымбатқа түседі. Сондықтан аңшы құс — құсбегінің сүйіктісі, оны сүйікті атындай қастерлейді», - деп жазған екен, бір кездері.

Ата—бабамыздан мирас болған осынау текті өнердің жалпы жай—күйі қандай? Осы сұрақ бар өмірін аттың үстінде, кең сахарда еркін, туған табиғатпен етене жақын өскен әрбір дала перзентінің көкейінде қалатыны анық.

Саяттың адам тәрбиесінде алар орны ерекше. Саят кезінде дұрыс үйретілген құс, епті тазы, баптаулы жылқы, жылы және қозғалысқа ыңғайлы киім және саятшылық өнер, мықты денсаулықтың кепілі. Кең далада ат үстіндегі серуен, таза ауа, жан азығы жаныңа шабыт жинап, қала тіршілігінен шаршағаныңыз басылып, күшті демалыс күй кешесіз. Саятшылық - адамды сергітіп, артық ойлардан айықтырып және қайраттандыратын өнер мен спорттың теңдігін түйіндеп, халқымыздың көңіл күйін жаңартып қана қоймай, патриоттық сенімін оятары сөзсіз!

Ал, әрбір аңның тіршілік ету ортасын, оның қорғанудағы қашу, бұлтару, тосқауылдау, із тастау секілді айла—тәсілін, күндізгі және түнгі өрісі, аулау маусымындағы мекендері, азықтану ерекшеліктерін қалт жібермей қаперінде ұстаумен қатар, алпыс екі айлалы түлкі, қарымы мен қайсарлығы қатар жүретін қасқыр, арқар мен аю секілді қоңыр аңдарды қанды шеңгеліне қысатын қыран бүркітті баулып, қатерлі іске бас тігіп барып, алпарысқан асауды бабына келтірген батыл да төзімді жанды ғана халық «Бүркітші» деп бағалаған.

Адам мінезінің де әртүрлі болатыны секілді, құстың да желөкпе, мақтаншак, әрі қызғаншак, шөлкем—шалыс мінездерін, түз тағысының көп уақыт көндіге қоймайтын тәкаппар да тайынбайтын астамдығын ол — асқан төзімділігімен жеңе білген.

Қолды аяққа тұрмай, тәкаппарлығын танытып, үнемі талпына беретін бүркіттің аяғына үзілмейтіндей етіп аяқбау, кез—келген қыбырлаған аң —құс, көзге түсерлік қызарған нәрселерден тасалайтын томаға, ашу шақыра қанатын қағып, ырыққа көнбей қоятын асауды жуасытудың амалы, күндіз—түні ұйқысын алған ырғаққа отырғызып, арнайы жабдықтардың көмегімен оны үнемі бақылап, көзден таса қылмаған. Сонымен қатар, бүркітті қолға көп ұстап, тұғырға отыруды үйрету, ұзақ уақыт ат үстінде және жаяу алып жүруге, балалы — шағалы көпшілік жиналған ортада, малды — жанды жерлерде жиі ұстауды, асаулық танытып, қанша ашықса да, асқан төзімділік танытып, қолға шақырып тамақтандыруды оны үйретудің әліппесі деп білген.

Қашқан аңын құтқармас үшін, қыранының арық—семізін сан етінің тығыздығына, төс етінің қалың—жұқалығына қарап тани алатын тәжірибелі бүркітші «қыран құс не алмайды, салса баптап» деп, нағыз құсбегі, ақын Абай айтпақшы, бап түрлеріне ерекше мән берсе, бұл ғажайып өнердің небір қайталанбас сырларын ұғына отырып, әдісі мен айласын меңгеріп алатындығын біледі.

Кең дүниені биіктен барлай, қос қанатын қомдап алып, аспан кеңістігін алып кеудесімен айқара бұзып, жердегі жемтігіне найзағайша жарқ етіп барып құлдилайтын аспан әлемінің асқақ, тәкаппар тұлғасына өзінің салқын сабырын, терең дүниетанымын, қайтпас қажырын қарсы қойып, түз тағысын дегеніне көндіре білген, бүркітшілік өнердің қайталанбас қызықты сәттерін, өрелі сырларын төл табиғатындай тереңнен ұғынған қазақтай халық қана оны сенімді серігіне балаған болар!

Кезінде әйгілі академик Әлкей Марғұлан да бүркітшілікті ежелі мәдени ескерткіштердің бірі, ғажап құбылыс, зор ғылым ретінде жоғары бағалай отырып: «...Саятшылықтың, әсіресе қазақ халқының тарихында, мәдени дамуында маңызы зор болғаны белгілі. Қазақ тілінде осы саятшылыққа байланысты туған мың жарымдай сөз бар, олар қазірде небір тарихи жазбаларда, көркем әдебиетте кеңінен қолданылады. Саятшылықты халық ежелден өнердің бір түрі деп бағалаған. Оны пайда табу немесе күнкөріс көзі санамаған. Біз бір кездерде қалың жұртты қайран қалдырып, талайлардың таңдайын қақтырған осынау өнердің біртіндеп сиреп, қайталанбастай болып жоғалып бара жатқанының куәсі болып отырмыз.

... Саятшылық өнер арқылы халық табиғатпен қоян — қолтық араласып, оған жақындығын сезінетін, енді осы сезім сейілсе, бір кезде дамып қанат жайған халық мәдениетінің де бір бөлшегі ұмытылғаны емес пе?»,— деп алаңдаушылық білдірген болатын.

Кеңес заманында ұлттық құндылықтарды «ескінің, діни көзқарастың сарқыншағы» деп біржақты бағалаумен қатар, оның өркен жаюына мүмкіндік берілмеген. Содан болар, халықтың өзімен бірге келе жатқан мәдени мұралары, салт-дәстүрлері ұмытыла бастады. Осы тұста өткен ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап, көршілері, атап айтқанда, ұлы империя Қытай мемлекетімен арадағы қарым-қатынастың жақсаруы арқасында, тарихи отаны Қазақстанға оралғандардың қаймағы бұзылмаған қазақи болмыс-бітімі, салт-санамен үлкен үлес қосқаны анық.

Әншейінде «малым жанымның садағасы» дейтіндердің қатарында жүрген Тоқтасын Мәметұлының туған жеріне жетуді қаншама жыл аңсап күтсе де, шекарадан өтерде жан жолдасы — бүркітін тастап кете алмай, амалы таусылғаннан бір баласының атын жаздырып алып өткені, ата мекеннен алыста жүрсе де, қазақтың салт—дәстүрі, оның ішінде әсіресе құсбегілігі туралы ғылыми атақ, яғни докторлық қорғаған монғолиядағы қандасымыз Биқұмар Камалашұлы, ашаршылық алқымнан алған жылдары бір бүркітімен ауылын аман алып қалған баянауылдық Өкпе Дүйсенбайұлының соңғы суреті, зұлмат кезең болған, өткен ғасырдың отызыншы жылдарында Алматының қақ төріндегі ауласында қыран бүркіт ұстаған қазақтың соңғы серілерінің бірі Сәкен Сейфуллиннің, соғыста жаумен шайқасып, от пен оқтың ортасында жүрген ұлы Бүркітбай мен майдандастарына бүркіті алған аң терілерін жіберіп отырған көкшетаулық Мәсіп Батырханұлының ерлік істері осының дәлелі.

Өзге елдерде сирек кездесетін, өзгелерден ерекшелендіріп тұратын қазақтың құсбегілік өнері ұрпақ санасынан өшіп қалмасын деп, күнкөріс жағдайынан қиналса да, қос қанатты серігін қимаған құсбегілерге сәл де болса көмек қолын созбақ болған жандар да табылып еді.

1987 жылы қаптаған қиыншылықтарға қарамастан, қатары азайып бара жатқан құсбегілердің басын біріктіру, жастарға өнеге алып қалу мақсатымен, Алматы облысында республикада тұңғыш — Жалайыр Шора атындағы Құсбегілер мектебінің

іргетасы қаланған болатын. Оған этнограф — ғалым Жағда Бабалықұлы, қоғам қайраткері, «Алматы облысының Құрметті азаматы» Заманбек Батталханұлы және осы баяндаманың авторы бас болып, Еңбекшіқазақ ауданындағы Нұра ауылының ақсақалдары Байжүніс Көдекұлы, Тоқтасын және Молдажан Мәметұлдары, Әбен Тоқтасынұлы, әкелі-балалы Байжүніс және Сейітжан Көдековтар (бұл кісілер қазір арамызда жоқ), секілді біраз құсбегілер ат салысты.

Бүгінде республика бойынша жүзден аса бапкерлер болса, соның отызға жуығы республикада тұңғыш құрылған бүркітшілер мектебінің арқасында, Еңбекшіқазақ ауданының Нұра, Асысаға, Қазақстан ауылдарында ұрпақ санасынан өше жаздаған құсбегілік өнердің өрісін біршама өсіріп келеді..

«Жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы...» — жігіттің жігітіне жарасар, серінің серті мен серігіндей киелі өнер- құсбегілікті серуен, сөйілге жақын, салауатты өмір салтына сай келеді ғой деп, бүгінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрлігі Спорт комитетінің төрағасы- Елсияр Қанағатов екеуміз тұңғыш Ережесін жасап, Ұлттық спорттың бір түрі ретінде кіргізіп, ҚР Спорт комитетінде бекіткен болатынбыз.

Қазіргі күні республика бойынша алпысқа жетпейтін тәжірибелі бапкерлер болса, соның жартысына жуығы тұратын, республикада тұңғыш рет Алматы облысындағы «Нұра» ауылында құрылған сол мектептің арқасында, ұрпақ санасынан өше жаздаған құсбегілік өнердің өрісі біршама өсті. Осының негізінде, халқымыздың ұлттық рухы, бабалар аманатының аяқсыз қалмауына қолдау көрсету мақсатында белгілі өнер иесі, әнші, бүгінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс депутаты Нұрлан Өнербай басшылық ететін «Қыран Федерациясы» Қоғамдық Қоры» ғана қолдан келгенше қазақтың құсбегілік тарихын түгендеуге жанашыр болып келеді.

«Жалайыр Шора» Құсбегілер мектебінің араласуымен — Жүргенов атындағы өнер колледжі мен Академиясында тұңғыш рет Құсбегілік туралы диплом жұмысы жазылып, біраз маман бітіріп шықты. Қазақтың Туризм және спорт Академиясын да құсбегілердің бірнеше баласы жоғарғы білім алып, ұлттық спорт мектептерінде ұстаз болып жүр. Жыл сайын Алматыда, Астанада өтетін ірі-ірі халықаралық, республикалық Көрмелерге қатысып, шетелдіктердің, өз халқымыздың ықыласына бөленіп келеді. Алматы облысының

Райымбек ауданындағы «Саржаз» ауылының тұрғыны, терең білімді ұстаз, орнитолог маман Досан Үшқұловтың «Жас натуралистер» клубымен бірігіп, зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Өткен 2016 жылдың соңында Аддис-Абеба (Эфиопия) қаласында өткен ЮНЕСКО-ның Үкіметаралық комитетінің 11-ші сессиясында адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасын қорғау бойынша Репрезентативтік тізіміне «Қыран құстармен аң аулау» көпұлтты номинациясына Монғолия, БАӘ, Чехия, Венгрия сияқты елдердің қатарында Қазақстанның да енгізілуі, әлем алдында бабаларымыздың асыл мұрасы мойындалды деген қуанышты хабар болса, оған да «Жалайыр Шора» Бүркітшілер мектебінің соңғы бес жыл бойғы төккен терінің үлесі ерекше!

Ата — бабамыз сан ғасыр армандаған Тәуелсіз еліміздің көк Туында қанат қаққан киелі Қыранның қасиетін жас ұрпаққа танытып, әлем алдында рухын биіктету жолындағы қолға алған игі іске қосылып, үлкен шаңырақтың уығын шаншып, іргесін бекітуге құсбегілер қауымы да қолдан келгенше ат салысуда.

Осы орайда атап айтарлығы, жалпы кеңестік кезеңде ұмытылып қалған халқымыздың саятшылықтай ақсүйек өнерін жаңғыртуда, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Қытайдан қыран құстарын бірге алып келіп, ұрпақтарының қолына мықтап ұстатқан, оның әрі қарай дамуына жол салған Мәметов, Тәжиев, Ұзақов және Көдековтар әулеттерін ерекше атауға болады.

«Нұра» ауылынан Молдажанов Нұрбол, Мәметов Ернат, Көдеков Бауыржан, Қазақстан ауылынан Елтай Мүптекеевтер «ҚР спорт шебері», ал Қуаныш Исабеков, «Асысаға» ауылынан Алдаберген, Медет Шалиповтар талай республикалық, халықаралық жарыстардың жеңімпаздары.

Десек те, сонау киын-қыстау кезеңдердің өзінде қыран құстарын қасынан тастамай, ұлтының асыл мұрасын көзінің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа қалдырған талай тарландарымыздың бай мұрасы жинақталмай жатыр. Олай болмағанда, жапон, француз киногоерлерін таң қалдырып, қасқыр, еліктен басқа, орман ішінде мәлінге дейін бүркітін түсіріп, шеберлігін шет жерге танытқан Сәрсенбек Дәулетбақұлының, Сейітжан Байжүнісұлы, Әбен Токтасынұлдарының, сол бір аштық жылдары бір ауылды бір бүркітімен асыраған талай жандар, Ұлы Отан соғысы жылдары майданға аң терілерін жіберіп, самолетке ақша жинап беріп, Сталиннің

колынан орден алған көкшетаулық Мәсіп Батырханұлы, әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовке Абайдың тыйым салынған шығармалары қатарында, саятшылық туралы біршама өлеңдерінің хатқа түсуіне себепкер болған баянауылдық Мұхаметжан Өкпеұлы, есімдері белгілі болғанымен, толық зерттеліп, кейінгі ұрпаққа танылмай жатыр.

Сондай-ақ, көп жылдар бойы осы бағытта жасалып жатқан істерді жалғастыруға байланысты, құсбегілер көп шоғырланған Ұлы Жібек жолы бойындағы «Нұра» ауылына ерекше статус беру, Құсбегілердің Республикалық ғылыми орталығы ретінде танып, Үкімет тарапынан этнографиялық ауыл ретінде қолдау көрсетілсе деген мәселе күні бүгінге дейін шешілмей келеді.

Алға қойып отырған үлкен бір мақсатымыз — қазақтың ежелгі сал—серілер ізімен, әуелі республикамыздың өңірлерін жүйрік атпен, қыран бүркітті қолға қондырып, ұшқыр тазы ерткен өнерлі жандармен бірге танымдық дүниелер көрсете отырып, жергілікті жердегі ұлттық құндылықтарымыздың шынайы иелері туралы құнды жәдігерлерді жинастыру.

Бүгінгі заман мәдениет өркениетінің дамуы барысы адамдар мен жаратылыс дүниесіндегі қатынасты ғылыми түрде шеше бастағанда, жер шарында тек адам ғана болып қалмастан, хайуанаттардың да жасау ұқығы бар екенін, әрі табиғатпен ара қатынасындағы экологиялық теңдікті сақтау адамзат үшін пайдалы екендігі енді мойындала бастады. Сонымен бірге, өткен дәуірдегі жыртқыш аңдар тобынан қорғану үшін де, аулау үшін де жүргізген шараның құрту сипаты асып кеткен үйлесімсіз қателіктерін артынан білген адамдар, енді қорғау шараларын жүргізіп жатыр. Соған байланыстырып кейбіреулер: «аңшылық туралы кітап жазу, экологиялық ортаны қорғауға үйлесе қоярма екен?» деген де пікір айтады. Ол да бір жақтылы көзқарас.

Жазу керек, жазғанда уақытты ұттырмай, соңғы аңшылардың жанары сөнбей, алдыңғы аңшылардың ізі өшпей тұрғанда қалыс қалғандарының бәрін жинап халық мұрасының қазынасына тапсыру дәл осы кездегі азаматтардың борышы. Аңшылықты зерттеудегі мақсатымыз, тарихымызбен қатысты болған ұлтымыздың ертедегі тыныс-тіршілігін, заттық өркениеті мен рухани мәдениетін халыққа жан-жақты түсіндіру.

Бабадан қалған бағзы өнерімізді құрметтеу, оған қолдау көрсету — аз ғана жанашыр топтың ғана емес, кеудесінде ұлттық намысы бар, текті халықтың ұрпағының парызы болса керек.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-НІҢ Б ИОЛОГИЯ МУЗЕЙІНДЕГІ ЖЫРТҚЫШ ҚҰСТАРДЫҢ КОЛЛЕКЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОҚУ ТӘРБИЕЛІК ПРОЦЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Мұсабеков Қ.С., Есжанов Б.Е.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан,
e-mail: kilishbay@mail.ru; b-eszhanov@mail.ru*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология музейі өткен ғасырдың 30 жылдардың ортасында құрылған және оның тарихы әдебиеттерде жазылған [1, 2]. Музейдің жәдігерлері, соның ішінде көрме залы мен қабырға сөрелеріндегі жүйелік топтардағы жануарлары туралы мәліметтер 2003 жылы [2] жарық көрді, онда жануарлардың толық жүйелігі, түрлердің қазақша, орысша және латынша атаулары берілген. Музейдің коллекциясы туралы алғашқы мақала 2016 жылы жарық көріп, олардың жалпы саны мен топтары толық көрсетілді [3-5].

Қазіргі кезде (01.01.2017) Биология музейінің орнитологиялық коллекциялар жиынтығының жалпы саны 5436 дана. Олар Әлемдік орнитофаунаның 25 отряды мен 78 тұқымдасы мен 490 түрінің тұлыштары, нақтұлыбы және жұмыртқаларын қамтиды, бұлардың 77,6%-ы Қазақстан аумағында кездесетін түрлер, оның 11,9% Халықаралық Табиғат Қорғау Одағының (ХТҚО) және Қазақстанның Қызыл кітабына тіркелген түрлер [3, 6].

Құстар коллекциясының 7,3% сұңқартәрізділер отрядының 4 тұқымдасы мен 39 түрі бар, жалпы саны 394 бас (1 кесте).

Биология музейінде Қазақстанда кездесетін жыртқыш құстардың 3 тұқымдасының 42 түрінің 36 түрі (85,7%) бар, соның ішінде Қызыл кітапқа тіркелген түрлердің барлығы қамтылған. Бұл құстардың барлығы өткен ғасырдың 30-90 жж. ұсталған, оның 70,3% Алматы облысының аумағынан, соның ішінде Алматы хайуанаттар бағы (7,2%) және «Сұңқар» тәлімбағы (2,5%) құстарды берген. Сонымен қатар экзотикалық түрлер үнді *тазқарасы* (*Sarcogyps calvus*), *хатишы* құс (*Sagittarius serpentarius*) және Ресей аумағында кездесетін кіші қырғи (*Accipiter gularis*) мұражай сөрелері мен қорда сақтаулы.

Музейде күндізгі жыртқыш құстармен қатар, түнде кездесетін жапалақтардың (Strigiformes) 2 тұқымдасы 12 түрі (85, 7%) бар.

Жыртқыш құстардың коллекциясы белгілі орнитолог Шнитников Владимир Николаевичтің 1916 жылы 23 тамыз күні Жетісу өңірінің Қаратал өзен маңынан ұсталған *Бақалтақ қыран* (*Hieraaetus pennatus*) мен *Қара кезқұйрық* (*Milvus migrans*) құстарының тұлыбтарынан басталады. Сонымен бірге коллекцияны қалыптастыруға белгілі ғалымдар Слудский А.А., Селевин В.А., Дорогостайский В.Ч., Бажанов В.С., Горынин А.Е., Гаврилов Э.И., Коваленко А. және т.б. ғалымдар ат салысты [7].

Мұражай коллекциясын толықтыруға 1970-2005 жж. ҚР БҒМ ҒК зоология институтының қызметкерлері, Алматы хайуанаттар бағы, «Сұңқар» тәлімбағы көмектесті. Әсіресе таксидермист Э.Ф. Родионовтың зоология институтынан университет мұражайына ауысып келгеннен кейінгі кезден өз таксидермия мектебін қалыптастырды және оқушыларымен бірге жануарлардың нақтұлыбтарының санын көбейтті [8].

Бұл коллекциялар музейдің көрме залында, қабырға сөрелеріндегі жануарлар дүниесінің жүйелік витриналарында қойылған және қорда сақтаулы. Осы жәдігерлер арқылы келуші көрермендердің деңгейіне қарай, арнайы экскурсиялар ұйымдастырылып, олардың экологиялық мәдениеті мен білімін қалыптастыруға мұражай қызметкерлері үлкен ат салысып келеді, сонымен бірге бұл жәдігерлер студенттерге жан-жақты әрі сапалы білім беруде пайдаланылады.

Музейге жылына 10 мыңнан аса көрермендер келеді, олардың арасында университеттің алыс жақын елдерден келген қонақтармен қатар, қала қонақтары да, мектеп оқушылары да бар. Мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай, яғни төменгі сынып оқушыларына танымдық, ал арнайы биолог мамандығында оқитындарға толығырақ, жоғарғы сынып оқушыларына әрбір жәдігерлерді сипаттау барысында, оны зерттеген ғалымдар туралы да толығырақ мәлімет беріп, қазіргі кездегі биологтардың қандай мәселелер қызықтыратынын және сол мәселелерге өздері де ат салысып үлес қоса алатынын толығырақ айтамыз және осы салада қызмет жасап жүрген факультеттің түлектері мен ғалым-биологтарын да тоқтала кетеміз.

Музейге келу университетіміздің білім жетілдіру курсына келген тыңдаушылардың семинар сабағының бір бөлігі болып саналады.

Сонымен бірге, қаладағы басқа ЖОО-ның студенттері, арнайы практикалық сабақ есебінде далалық практикаға бару мүмкіндігі жоқ студентердің білімін толықтыруда мұражай жәдігерлерінің нақты көмегі бар.

**Кесте 1. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биология музейінің
Құстар класының Сұңқартәрізділер отрядының алуантүрлілігі
(01.01.2017)**

Р/н	Түрдің қазақша атауы	Түрдің латынша атауы
Балықшы тұйғындар тұқымдасы — <i>Pandionidae</i>		
1	Балықшы тұйғын*	<i>Pandion haliaetus</i> Linnaeus, 1758*
Қырғилар тұқымдасы — <i>Accipitridae</i>		
2	Аражегіш	<i>Pernis apivorus</i> Linnaeus, 1758
3	Жыланжегіш бүркіт*	<i>Circaetus gallicus</i> Gmelin, 1788*
4	Бүркіт*	<i>Circaetus gallicus</i> Gmelin, 1788*
5	Қарақұс*	<i>Aquila chrysaetos</i> Linnaeus, 1758*
6	Дала қыраны*	<i>Aquila heliac</i> Savigny, 1809*
7	Шаңқылдақ қыран	<i>Aquila nipalensis</i> Temminck, 1828
8	Бақалтақ қыран*	<i>Aquila clanga</i> Pallas, 1811*
9	Түз құладыны	<i>Hieraaetus pennatus</i> Gmelin, 1788
10	Дала құладыны	<i>Circus cyaneus</i> Linnaeus, 1766
11	Шалғын құладыны	<i>Circus macrourus</i> Gmelin, 1771
12	Саз құладыны	<i>Circus pygargus</i> Linnaeus, 1758
13	Аққұйрықты суббүркіт*	<i>Circus aeruginosus</i> Linnaeus, 1758*
14	Кезқұйрықты суббүркіті*	<i>Haliaeetus albicilla</i> Linnaeus, 1758*
15	Қара кезқұйрық	<i>Haliaeetus leucoryphus</i> Pallas, 1771
16	Кәдімгі тілеміш	<i>Milvus migrans</i> (Boddaert, 1783)
17	Жамансары	<i>Buteo rufinus</i> Cretzschmar, 1827
18	Жұнбалақ тілеміш	<i>Buteo buteo</i> Linnaeus, 1758
19	Айнақанат тілеміш	<i>Buteo hemilasius</i> Temminck et Schlegel, 1844
20	Қаршыға	<i>Buteo lagopus</i> Pontoppidan, 1763
21	Мықи	<i>Accipiter gentiles</i> Linnaeus, 1758
22	Қырғи	<i>Accipiter badius</i> Gmelin, 1788

23	Кіші қырғи**	<i>Accipiter gularis</i> (Temminck et Schlegel, 1844)**
24	Тазқара	<i>Aegypius monachus</i> Linnaeus, 1766
25	Үнді тазқарасы**	<i>Sarcogyps calvus</i> Scopoli, 1786**
26	Ақбас құмай	<i>Gyps fulvus</i> Hablizi, 1783
27	Құмай *	<i>Gyps himalayensis</i> Hume, 1869*
28	Сақалтай *	<i>Gypaetus barbatus</i> (Linnaeus, 1758)*
29	Жұртшы*	<i>Neophron percnopterus</i> Linnaeus, 1758*
Хатшы құстар тұқымдасы — <i>Sagittariidae</i>		
30	Хатшы құс**	<i>Sagittarius serpentarius</i> J.F.Miller, 1779**
Сұңқарлар тұқымдасы — <i>Falconidae</i>		
31	Ақ сұңқар*	<i>Falco rusticolus</i> Linnaeus, 1758*
32	Ителгі*	<i>Falco cherrug</i> Gray, 1834*
33	Бидайық*	<i>Falco pelegrinoides</i> Temminck, 1829*
34	Лашын*	<i>Falco peregrinus</i> Tunstall, 1771*
35	Жағалтай	<i>Falco subbuteo</i> Linnaeus, 1758
36	Тұрымтай	<i>Falco columbarius</i> Linnaeus, 1758
37	Бөктергі	<i>Falco vespertinus</i> Linnaeus, 1766
38	Дала күйкентайы	<i>Falco naumanni</i> Fleischer, 1818
39	Кәдімгі күйкентай	<i>Falco tinnunculus</i> Linnaeus, 1758
* - Қазақстанның Қызыл кітабына тіркелген түрлер; ** - Басқа елдердің құстары		

Соңғы жылдары ғылыми-зерттеу институттарына, Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарына (ЕҚТА), М. Айқымбаев атындағы Қазақ ғылыми карантин және зооноздың инфекция орталығына және облыстардағы оба қарсы күрес стансаларына және т.б. жерлерге арнайы териолог, орнитолог, герпситолог мамандары жетіспейтінді. Оларды арнайы дайындайтын арнайы курстар да тапшы.

Осы салада үлкен үлес қосып жүрген оқу орындарының бірі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология және биотехнология факультетінің биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасы.

ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің (03.05.17) айтуынша, Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген мақсат-міндеттер аясында жаңа оқу жылынан бастап бірқатар пәндер, яғни «География, дүниетану және Қазақстан тарихы» сабақтарын кемінде екі сағаттан музейлерде, жоғары оқу орындарының музейлері мен ғылыми институттарында өткізуді жоспарлап отырмыз деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі [9]. Әрине, бұл іс-шаралар тек қана жағдайы бар жерлерде өткізіледі.

Бұндай шаралар біздің университетімізде сонау 2004 жылдан бастап қолға алынған. Өйткені 80 жылдық тарихи бар, Қазақстан ғана емес, Әлемдік орнитофаунаның жәдігерлері сақталған бұл музей тек танымдық, үгіт-насихат жұмыстарында ғана емес сонымен қатар биолог-мамандарды дайындауда да үлкен орны бар. Музей жәдігерлері биология, биотехнология, балық шаруашылығы және т.б. мамандықтар бойынша білім алушылармен негізгі, таңдамалы пәндерден дәріс оқып, семинар, лабораториялық сабақтары жүргізуде өте маңызды деп санаймыз. Соңғы 13 жылдан астам оқу жылдарында «Омыртқалылар зоологиясы», «Сирек кездесетін жануарларды қорғаудың теориясы мен практикасы», «Жануарлар қорын тиімді пайдаланудың биологиялық және ғылыми негіздері», «Қазақстан биоресурстары» және т.б. пәндерді оқыту барысында осы мақаланың авторлары музей жәдігерлерін жан-жақты пайдаланады. Бұл жәдігерлер тек аудиториялық сабақтарда білім алушылардың білімін толықтырып қана қоймайды. Алынған білімдер далалық оқу практикасында жануарларды, солардың ішіне жергілікті орнитофаунаны, зерттеуде үлкен рөл атқарады. Сөзіміз дәлелді болу үшін соңғы 10-15 жылдары ішінде далалық оқу практикасы өтетін ауданның (Іле өзенінің төменгі саласында, Қапшағай қаласынан 60-70 км төмен) орнитофаунасын зерттеуде студенттердің мұражайда жәдігерлері орналасқан құстардың түрін табиғатта тез анықтап, олардың биологиясы мен экологиясы жайында жан-жақты білім алуына көмектесетіні жайында атап кеткіміз келеді.

2005-2017 жылдар аралығында осы ауданда ұялайтын жыртқыш құстардың алуантүрлілігімен танысу барысында бұл территорияда биология музейіне қойылған Қазақстанда кездесетін жыртқыш құстар отрядының 42 түрінің 11 (28,9%) түрі кездесті (кесте 2). Атап айтқанда Балықшы тұйғындар тұқымдасынан 1 түр, Қырғитектестерден - 6 және Сұңқартектестер тұқымдасынан

4 түрдің мекендейтіні бақыланды. Бұл құстарды табиғатта анықтау және дәлелдеу (түрлі анықтағыш құралдармен) аса көп қиындық туғызбайтыны байқалды. Бұндай дәрежеге қол жеткізу студенттердің далалық практикаға дейін осы құстардың тұлыптарымен, нақтылыбтарымен музейдегі жәдігерлерімен күні бұрын танысудың нәтижесі деп білеміз. Студенттер үнемдеген уақыттарын осы құстардың экологиясы мен биологиясы жайындағы білімдерін толтыруға (коректену, балапандарын асырау мінез-құлқын және т.б.) арнайды.

Музейдегі жыртқыш құстардың жәдігерлері таңдау пәндерінен түрлі тапсырмалар (эссе, курс жұмыстары, СӨЖ тапсырмалары) орындауда да үлкен көмек көрсетеді.

Оқу-дала практикасы ауданында Күндізгі жыртқыштармен қатар түнгі жыртқыш құстар — Жапалактәрізділер отрядының (Strigiformes) Қазақстан территориясында мекендейтін 14 түрінің 4 түрі (28,6%) ұялайтыны анықталды (кесте 3). Түнгі жыртқыштардың кездесуі оқу практикасын өткізген жылдары түрліше болды.

2 кесте - Оқу-дала практикасы өтетін ауданда кездесетін күндізгі жыртқыш құстардың алуантүрлілігі (2003-2017 жж., мамыр-шілде айлары)

Түр	Жылдар						
	2004	2006	2008	2010	2012	2014	2017
Балықшы тұйғын*	+	-	-	+	-	-	+
Дала құладыны	+	+	+	+	+	+	+
Саз құладыны	-	+	+	-	+	+	-
Аққұйрықты субүркіт*	-	-	-	-	+	-	-
Қара кезқұйрық	++	++	++	+	++	++	+
Кәдімгі тілеміш	+	-	+	+	-	-	+
Жамансары (ақсары)	-	+	-	+	+	-	-
Ителгі*	-	-	+	-	-	+	-
Жағалтай	+	-	-	+	+	-	+
Дала күйкентайы	+	+	+	+	+	+	+
Кәдімгі күйкентай	++	++	++	++	++	++	+
Ескерту: + - саны аз, сирек кездескен; ++ - саны қалыпты; - кездеспеген.							

**3 кесте - Оқу-дала практикасы өтетін ауданда кездесетін
түнгі жыртқыш құстардың алуантүрлілігі
(2005-2017 жж., мамыр-шілде айлары)**

Түр	Жылдар						
	2005	2007	2009	2011	2013	2015	2017
Үкі - <i>Bubo bubo</i> L.,1758	+	+	+	-	+	+	-
Құлақты жапалақ - <i>Asio otus</i> L.,1758	+	+	+	+	+	+	+
Саз жапалағы - <i>Asio flammeus</i> Pontoppidan,1763	+	-	-	+	-	-	+
Қылаң жапалақ - <i>Otus brucei</i> Hume,1873	-	+	+	+	+	-	-
Байғыз - <i>Athene</i> <i>noctua</i> Scopoli,1769	-	+	+	-	+	-	+

Бұл жыртқыштарды анықтау олардың өздеріне тән түнгі дауыстарына және экскурсия уақытында маршруттағы кездескен ағашта отырған балапандары немесе жерде отырған ересек құстарды үркітуге негізделген. Біз бұл аудандағы күндізгі және түнгі жыртқыш құстардың алуантүрлілігі осымен шектеледі деген ойдан аулақпыз. Және әржылдарда олардың кездесу және кездеспеу себептерін де анықтау алдымызға қойған мақсат емес. Мақсат-биолог студенттерге жергілікті жыртқыш құстардың алуантүрлілігімен таныстыру болып табылады. Олардың түрлік және сандық динамикасын анықтау болашақтың еншісі, ал ұсынылып отырған материалдар болашақта атқарылатын сол жұмыстардың алғышарты болуы да мүмкін.

Музейлер қазіргі заман талабына сай өзінің қорына жинақталған мұраларды ғылыми-зерттейді, Әлемдік музейлер жұмысында болып жатқан жаңалықтардан тыс қалмай маңызы бар құндылықтарды туристік бағыттар арқылы насихаттайды. Бұл ретте қандайда бір болмасын музей өз жұмысында халықаралық және отандық музейлердің озық тәжірибесіне сүйене жұмыс атқарады. Музейлер өзінің қорына жинақталған коллекциялардың ерекшелігімен

анықталады. Қазіргі кезде еліміздегі музейлер саны 230-дан асып жығылады. Бұлардың барлығы болмаса да ірі-ірі қалалар мен облыс, аудан орталықтарындағы ұлттық маңызы бар музейлер, тарихи-археологиялық орындар мен қорық-музейлер жалпы Қазақстан бойынша еларалық туризм жолдары маршрутына енгізілген [10]. Осылардың арасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Биология музейінің туған еліміздің табиғатын насихаттауда, білім алушыларға тиісті салалар бойынша жан-жақты білім беруде және түрлі ғылыми жұмыстарды жүргізуде алатын орны өте жоғары.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Салина Р.М. История биологического музея и экспериментально-исследовательской клиники // Биологический факультет. 70 лет Казахскому национальному университету имени аль-Фараби. — Алматы: Қазақ университеті, 2004. — С. 190-197.

2. Байтулина Л.С., Чингисова Р., Алпысбаева М., Малиновская В., Жуйко Б.П., Карпов Ф. Путеводитель по биологическому музею. - Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 50 с.

3. Мұсабеков Қ.С., Жуйко Б.П., Нусупбекова Қ.Н., Шыңғысова Р.К. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология мұражайының коллекциясы // “Қазақстан және оған шектес аумақтардағы биоалуантүрлілікті табиғатта және коллекцияларда сақтау” атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары Алматы, Қазақ университеті, 2016. — 239-243 б.

4. Мусабеков К.С. Коллекция биологического музея Казахского национального университета имени аль-Фараби // Исследование живой природы Кыргызстана. Бишкек, 2016. - №1. — С. 93-99.

5. Есжанов Б.Е. Биология мұражайындағы герпетофаунаның алуантүрлілігі және оларды оқу процесінде пайдалану жолдары // “Қазақстан және оған шектес аумақтардағы биоалуантүрлілікті табиғатта және коллекцияларда сақтау” атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары Алматы, Қазақ университеті, 2016. — 218-220 б.

6. Мусабеков К.С., Жуйко Б.П. Орнитологические коллекции Био-

логического музея Казахского национального университета имени аль-Фараби // XIV Международная орнитологическая конференция Северной Евразии. 1. Тезисы, Алматы, 2015. — С. 356-357.

7. Мұсабеков Қ.С. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биология мұражайының Қазақстан жануарларының қорын жасауда және насихаттауда алатын орны // ПМПИ-дің Мұражай кешеніне 40-жылдығына арналған «Қазіргі замандағы мұражайлардың ролі» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. / «Роль музеев в современном мире» мат. междунар. науч.-практ. конф. / под. общ. ред. Н.Р. Аршабекова; отв. ред. А.С. Ильясова - Павлодар: ПМПИ, 2015. - С. 18-22.

8. Ковшарь А.Ф. К 90-летию Э.Ф. Родионова — создателя современной экспозиции биологического музея КазНУ им. аль-Фараби // Материалы международной научно-практической конференции «Проблемы сохранения биоразнообразия Казахстана и сопредельных территорий в природе и в коллекциях» Алматы, Қазақ университеті, 2016. — С. 226-228.

9. Е. Сагадиев: Алдағы күзден бастап кейбір пәндерді музейлерде өткіземіз // 03 Мамыр, 2017. - KAZMUSEUM.KZ.

10. А. Нұрғалиев: Елімізде музей туризмін дамыту қажет // 02 Маусым 2017. - KAZMUSEUM.KZ.

БҮРКІТ ЖАЙЛЫ СӨЗДЕРДІҢ АСТАРЫНА ҮҢІЛГЕНДЕ...

Нұрғалымұлы Ұ.

*Республикалық «Егемен Қазақстан» газеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы*

Бүркіт жайлы қазақ мақал-мәтелдері аз емес. Классикалық ән мәтіндерінде де кездеседі. Біз сол шынайы бүркітшілік өмір салтынан алыстап қалғаннан кейін ескі мәтіндегі кей сөздерді тереңдеп түсіне алмай жататынымыз жасырын емес. Мысалы, қазақтың ең көне әндерінің қатарына жататын «Бір бала» әніндегі «Бала бүркіт түлкіден аянбайды» деген сөз жайлы айтсақ.

Құсбегінің қолында не ұшып жүрген кезінде ау, тор, қақпан құрып ұстаған бүркіт болады да, не жұмыртқа жарып, әлі ұшпаған балапан кезінде ұядан алған бүркіт болады. Алғашқысын түзден ұстаған соң «түз бүркіт», соңғысын балапан күнінде ұядан алған соң «қолбала», «бала бүркіт», «балапан құс» деген атаулармен атайды. Кей бүркітшілер екеуін қатар ұстайды. Себебі, екеуінің аң алу тәсілі екі түрлі болады.

Аң аулауды қанша дегенмен ұябасар мен саршадан (аталығы мен аналығы) табиғи түрде үйренген түз бүркіттің аң алуын кәсіби деңгей деп түсініңіз. Түзден ұсталып қолға үйретілгеннен кейін бабы келсе, шынымен қыран болса оның түлкі алуы сонша қиын емес. Осы жерде оның тұңғыш ұстағанда бастықтырып, қолға үйрете бастаудың алғашқы бір амалы туралы айта кетіп, сөзімізді ары қарай жалғасақ.

Ірғаққа отырғызу. Түз бүркітті ұстап әкелген бетте қолға үйрету мүмкін емес. Аспанның еркін жүрген ерке серісі емес пе, жанына адам жақындаса шалқалай шырылдап жаны шығып кете жаздайды. Сондықтан оны үйге әкелген күні «ырғаққа» отырғызады. Үйдің ішіне арқан керіп сол арқанның ортасына бүркіттің шеңгеліне толатындай келтек ағаш байлайды да соған отырғызады. Басына томағасын кигізген соң көзі де жабылады, енді керулі арқанға бір жіпті байлап, арқанды қозғайды да отырады. Көзі таңылған бүркіт құлап кетпес үшін әлгі келтекті барынша сыға түседі. Арқанды қозғайтын жіптің ұшын бір балаға ұстатып қойып ауылдың шалда-

ры әңгіменің көрігін қыздырады-ай кеп. Жаратқан иеміз бүркіттің бүкіл күшін аяғына берген ғой, кей бүркіттер әлгі ағашты бар күшімен кештен таң атқанша сығады. Сөйтіп, әбден әлі құрып, шамасы таусылғанда ырғақтан құлап түседі. Кәдімгі өліп қалған секілді жатады. Сол кезде иесі өзінің тер иісі сіңген күпісін жауып қояды. Әбден сілелеген бүркіт сағаттап жатып ақырын есін жинай бастайды. Өте әлсіз халден біртіндеп қозғалып көзін ашады. Міне, ол енді адамзат ортасында екінші рет өмірге келіп жатыр. Осы кезде иесі оны сылап-сипап қасында болады. Таңнан кешке дейін сылап-сипап, жем бере отырып өзін қабылдаттырады. Бұған апталаған уақыт кетеді. Одан ары түлету, шырғалау, қайыру деген сатылармен тәрбиелей береді...

Сонымен, түз бүркітпен қансонарға шығайық. Томағасын сыпырып қалғанда, алдында қашып бара жатқан түлкіні көрген қыран ең алдымен жер жағдайын аңдайды. Қашып бара жатқан түлкінің алдыңғы жағы қайқаң болса, бүркіт алдымен биікке көтеріліп алады да, қалқи ұшып, түлкі қайқаңға жетіп баяулай бастағанда барып басып қалады. Жан бермек оңай ма, кей түлкі бүркітке қарсы атылып керіп («керіліп» емес «керіп» деп айтады, бүркітшілердің өз тілі) тұра қалады. Ондайда түз бүркіт бір шеңгелді түлкінің тұмсығын бүре тұмашалай салады да, екінші шеңгелмен өкпеден қысып қана жанын үзіп жібереді. Ал түзу қашып бара жатқан түлкі болса таңынан іліп, түлкінің өз екпінімен тоңқалаң астырып жығады да, шеңгелді және де өкпеге салады. Болды. Сондықтан қолында түз бүркіт болса түлкіге кез келген жерден жібере бересің, ыңғайын өзі тауып ұстайды. Ал бала бүркіт ше?

Оны түлкі қашады-ау деген жерлерді болжағаннан кейін немесе көре қалғанда атпен шауып оңтайлы биік жерден жіберуге тырысады. Өйткені, түлкі жаңағыдай қайқаңға қарай қашып бара жатса бала бүркіт соның соңынан ере қуады. Алғашында төмен ұшып алғаннан кейін қайқаңға барғанда түлкіге жете алмай, түлкіңе не, төбеге жете алмай қалбалақтап қапталға қонып қалады. Ондайда «Қол бала салған қор болады» деген осы» деп бір кіжінеді бүркітшілер. Қоянға түскенде де бала бүркіт тура қуып, енді жетіп ұстаймын дей бергенде қоян жалт бұрылғанда қолбалаңыз қопаң етіп орнына түсіп қалады. Түз бүркіт қоянның үстінен биіктеу ұшып, шалғының ұшымен екі жағынан қайырмақтай аударыла қуып, әбден шаршатады. Шаршаған соң қоян бейбақ өзінің анау-

мынаудан құтылып кететін «қоянбұлтағына» сала алмай қалады. Екі құлағы салпиып бұғып жата кетеді. Енді екі көзі қанталап қылғып жұтардай жұтынып келе жатқан қандыбалақ қыранға жатқан қоянның үстіне қона салу қиын болып па? Сыңар аяқтың шеңгелі де жетіп жатыр. Уыстай салады ғой.

Ал сонда ләж болса, бала бүркіт салып әуре болмай бүркітшілер тек түз бүркіт ұстамай ма? Деген сұрақ туады ғой. Жо-жоқ, бала бүркіт салудың да өз қызығы жетіп жатыр.

Түз бүркіт күйшіл ғой. Сәл тоқ болса, еті көтеріңкі семіз болса немесе, түлкіні алыстан көрсе, көңілі шаппай ерінсе, айдаладағы шоқыға барып қонып кербезденіп, сыланып отырып алады. Аса қажеттілік болмаса өзін онша қинағысы келмейді. Мұндайда иесі «Шіркін-ау, ұшса жетер еді ғой, өттең қолбаланы әкелмеген екем, қуып жүріп індетсек те екі жақтап жүріп бірдеңе ғып ұстар едік...», деп кіжінеді. Ал бала бүркіт онша бап тілемейді. Заты қыран болса болды, көрсеткен түлкінді қуып, жетсе жетті, жетпесе оны көресің. Реніш, өкініш жоқ. Ол тіпті түз бүркіт құсап қия бет, қиын жартаста қашып бара жатқан түлкіні етекке түсіріп басайын демейді. Жеткен жерінде аяғы ілінген жерінен ұстап жабысып, аяғын шайнатып алғанына да қарамай, қия беттен түлкімен бірге домалап қан-жоса болса да бір қиырдан шапқылап иесі келгенше түлгіден айырылмай отырады. Түлкіні соғып өзін биялайына қондырғанда тұмсығын иесінің иығына сүртіп-сүртіп алады бала бүркіт. Онысы енді мақтанғаны. Мұндайда оның топшысы мен балақ жүнін еркелете сипап қою иесіне де міндет боп қалады. Мінеки, «бала бүркіт түлгіден аянбайды» деп отырғаны осы.

Осы әннің екінші тармағы айтылғанда тындап отырған аталарымыздың өн-бойын бала бүркіттің осындай адал да, таза, жанкешті де ерке жан әлемі бір шарпып өтетін шығар-ау! Мұндайда әнге ене, екілене түседі ғой тындарманы. Сонда айтушы қалай құйқылжытпасын? Қалай сорғалатпасын, қалай егілдіріп, төгілдіріп, әр сөздің қойны-қоншын ақтара тінтіп тұла бойынды тітірете салады ғой. «Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын» деп Абай атамыз айтпашы, бұл әнді де тындаса бүркітші тындасын.

Лау мінген шүршіт

Ел ішінде «алса — бүркіт, алмаса — лау мінген шүршіт» деген мәтел сөз бар. Мұны ғалым Ақеділ Тойшан және Бекен Қайратұлы бүркіт жайлы зерттеу еңбектерінде біреудің әйгілі Тіней бүркітшіге

айтқаны екен деп қолданады. Ал, осы сөздің мағынасы жайлы бұрыннан көп ойланушы едім. Мектепте оқып жүрген кезімде әдебиет мұғалімі Болатбек Құрманғалиұлы «осы сөзді әкеңнен сұрап берші» деп тапсырма да бергені есімде. Кейін Қытайда тұратын белгілі жазушы, сөз зергері, ғалым Серік Қауымбайдың қытайдың «Білім және үйрену» журналына (2008 жылғы 6-саны) жариялаған «Тіл тазалығы — рух тазалығы» деген мақаласында осы мәтел жөнінде айтыпты.

Сөз шешімі әкемнің айтқанымен жобалас шықты. Ғалым сөзі әрине, ғылыми дерек, айқын анықтамаға арқа тірей отырып айтылады ғой, біз сол Серік Қауымбайдың шешімін оқып көрейік.

Бұл мәтелдің тым арыдан келмегені «лау» деген сөзбен байланыстырған ғалым: «Лау» түсінігінің Шыңғысхан дәуірінен басталған көлік қатынас жүйесі болуы мүмкін деген. Былайша айтқанда, 40 шақырым жерде бір өртең болып, сонан хабаршы шартсыз ат жаңалайтын. «Лау» сол хабаршыға берген құқық қағаздың аты секілді. Ондай болса, бұл мақал ең ары есептегенде XIII ғасырдың басынан бері мәлім. Дегенмен, бізге керек болып отырғаны бұл мақалдың қай кездің туындысы екендігі емес, қайта ондағы мағыналық, тілдік мәселе. Бұл мәселені ашу үшін «шүршіт» деген сөздің тіке өз мағынасына қарап көрелік», - дейді.

«1. Бөтен адам, жат кісі, басқа біреу. 2. Түкке түсінбейтін дүлей, ақымақ адам, оңбаған жексұрын. 3. Ертеде қара қытайларды (кідандарды) және мәнжулерді қазақтар осылай атаған. «сонда «шүршіт» деген сөздің өзіндік төл мағынасы: «бөтен, дүлей, оңбаған, жексұрын» деген сөздермен өрнектеледі. Ал, қара қытайлар мен мәнжулердің «бөтен, дүлей» атануының себебі өз-өзінен түсінікті. Олар ең алдымен түркі ұлттары емес. Салты мен жосыны басқа. Бұл оның бөтен атануының дәлелі. Сонан соң, олармен тіл ортақтық табу мүмкін болмаған. Ұлттық санамызда тіл ұқпаған адамды «дүлей» деу бар. Осыдан барып олардың шүршіт аталғаны мәлім. Енді мақалдың өзіне келейік. «... түлкі алмаса лау мінген шүршіт». Неге бұлай? Мұнда сөздің ішкі мәнер жақындығы мен қимылдың ұқсастық қисыны рөл ойнап тұр. Саятшылық өнерді тілімізде «Салбурын» деп атайды. Бұл ескі түркі тілі мәнері бойынша «аямау, өлтіріп тірілту» деген мағына береді. Міне, бұл лаудағы ат пен салбурындағы аттың қимылдық жақындығы. Ал, күні бойы аттың үстінде отырып алып, далақтап шаба беруді ғана

білген «шүршіт» - аласатқан шабыстан қан сорпасы шыққан аттың үстінде томағасын тартса, қозғалмай отырып алған бүркіт. Міне, бұл-екеуінің тұлғалық жақындығы. Бұл екеуінен де ешбір пайда жоқ. Екеуі де көліктің жұты. Ондай болса бұл мақалдағы ұйқасым өз мәнерін дұрыс тапқан деуге болады». Зерттеушінің пікірі осындай.

Осы тұста жазушы ағамыз жоғарыда тіліне оралған «Салбурын» сөзі туралы да айта кетіпті. Қаншалықты қисынға келетінін анық айту қиын әрине, дегенмен оны да оқырман қаперіне сала кеткеніміз артық болмас.

«Осы жерде тілімізде «Салбурын» сөзі қайдан келгендігі туралы аздап тоқтала кетейік. Түркілер ескіден бері түлкіні «салп», ал жыртқыш хаюандардың інін (түлкі де соның ішінде) «урып» деп атап келді. Сонда «салпұрұп» дегеніміз түлкі іні деген сөз болып шығады. Ондай болса «салбурын» сөзі ата-бабамыздың қолына бүркіт көтеруден көп бұрын пайда болған-ау деп мөлшерлеуге әбден болады. Себебі, бүркіт пен түлкі інінің ешқандай қатысы жоқ. Ата-бабамыз бүркіт көтеруден бұрын түлкіні індету арқылы ұстаған болуы да мүмкін. Міне, сол қимылдың аты — «салбурын». Ұзақ уақыт дыбысталу арқылы «ып»-тың «ын»-ға өзгеріп кетуі, сонан соң аласатқан жүріс пе қимылдан салбурын сөзінің бұрынғы мағынасы өзгеріп, жаңа мағына алуы әрине, тіптен қажетті де, заңды деп ойлауға болады. Бұған тағы бір дәлел кезінде аңшылардың түлкіні іннен бұрап суырып алу үшін арнаулы жасалған солқылдақ шыбық сияқты құрал да болған. Оны «бұрау» деп атасатын. Бұл құрал әлі де бар» деп түйіндейді.

«Әкеден бала туса игі, әке жолын қуса игі» дейді аталарымыз. Арғы аталарымыздан әкемізге дейін үзілмей жалғасып келген бүркітшілікті дәл қазір жалғап кете алмағанымызбен алдағы уақытта қолға алсақ деген ойымыз жоқ емес. Дегенмен, қолайымызға келетін қалам күшімен көрген, білген және бүркіт жайлы мақал-мәтел, ескі сөздердің мағынасын зерттеп, зерделеп ұрпақ жадында қайта жаңғырту басты міндетіміз екенін жақсы түсіндік. Бұл мақала жазылу үстіндегі сол еңбегіміздің бір парасы еді.

ҚАЗАҚ САЯТШЫЛЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Нұрғалымқызы Н.

*Қытай Халық Республикасы, Іле педагогикалық университетінің
қазақ тілі мен әдебиет факультеті*

Қазақ халқы өзінің ұзақ даму тарихы барысында көшпенді мал шаруашылығын негіз, аңшылық, диханшылық, қолөнер кәсіпті қосымша тіршілік тірегі еткен. Осылардың ішінде аң аулау, дәуірдің, уақыттың өтуіне байланысты өзінің алғашқы мәніне тың мазмұндар қосып, саятшылық өнерінің пайда болуы аң аулау өнімділігін арттыруға байланысты бірте-бірте кемелденіп биікке көтерілген.

Аң аулаудың мақсаты тіршілік қажетіне байланысты мынадай төрт жақтан көріледі:

(1) Күнделікті азық-түлік пен киім-кешектің қажетін шешу мақсатынан туған, яғни халқымыз арқар, құлжа, қарақұйрық, тауешкі, қоян, қаз, үйрек қатарлыларды аулап, олардың етін азық, терісін, мамығын мәнерлеп киім тігіп киген және басқа да керегіне жаратқан.

(2) Өз бастарының және малдарының амандықтарын қорғау мақсатымен халқымыз арыстан, жолбарыс, аю, қасқыр, жабайы шошқа қатарлы жыртқыш аңдарды аулап, өз тіршілік ортасының тыныштығын қорғаса, осы аң терілерінен қалың қыстық киім, төсеніш жасап тұрмыстарын қамдаған.

(3) Түрлі дерт-дербез, аурулардан аман қалу үшін халқымыз барлық емді ұлы табиғаттан, яғни, аң-құс, жабайы өсімдіктерден іздеген. Осы қажеттен аю, бұғы, бөкен, елік, ұлар, секілді аңдарды аулап, олардың мүйіз, өт, шыбық және өзге де мүшелерінен түрлі дәрі-дәрмек жасап ауруларды емдеген.

(4) Күнделікті тұрмыс бұйымдары, сондай-ақ өздерінің әсемдік эстеттикалық талғамдарына сай жоғарыдағы бұғы, арқар, құлжа сынды бағалы мүйіз аңдар мен үкі секілді әсем аң-құстарды аулап әсемдік бұйымдар жасауға пайдаланған және сатқан.

Ата-бабаларымыз аңшылықпен шұғылдану барысында бірте-бірте жыртқыш хаюандардың тума аң аулау қабылетін байқаған әрі оларды қолда үйретіп, аңшылық құралы ретінде олардан пайдаланып, аң аулау өнімділігі мен сапасын жоғарлатқан. Бұлардың ішінде бүркіт —

аңшылықпен шұғылдану мақсатында қолға үйретілген ең жыртқыш құс. Ал, «аңшылық болса жалпылық атау, аңшылықтың жұртқа белгілі бір неше түрі бар, ол аңшылардың құрал-жабдықтарына және аң аулау тәсіліне қарай саятшылық, мергендік, тазы ұстау, қақпан құру, атқы құру, садақ ату, тұзақ құрып, шырға тарту, басқы құру, індету, тор құру, атүсті сойыл-шокпар үйіру сияқты түрлерге бөлінеді». [1] бұлардың ішінде саятшылық өнерін аңшылықтың басқа түрлерімен салыстырғанда, ол өзінің ерекше қасиеттерімен дараланады. Төменде қазақтың саятшылық (бүркітшілік) өнері және халық фольклорындағы көрінісі жайлы ойларымызды ортаға саламыз

1. Саятшылық және оның пайда болуы

Саятшылық — құсбегілер балапанынан ұстап баулып баққан, немесе түзден түсіріп түлеткен құстарын, зар күйіне келтіріп баулып, бағып күн суып, қар түсе бастаған қараша айларында бау аштырып, бағы мен бабын сынап, аңға салады. Мұны саятшылық (құсбегілік немесе бүркітшілік) дейміз. Бұл қимылға қатысушыларды жалпылай айтқанда «саятшылар» деп атап, ал құс иесін, құс баптап көтерушіні «құсбегі», «бүркітші» дейміз. Құсбегілерге көмекші болып еретін адамды «қағушы» дейміз. Оның міндеті, алыстан түлкінің ізін шалып, түлкіні оңтайлы жерге шығарып беру.

Саятшылық расында, халқымыздың атадан балаға жалғасып ұлтымыздың тарихымен бірге жасасып келе жатқан дәстүрлі салты. Олай дейтініміз: «осыдан бір мың үш жүз жыл бұрын Үйсін, Жалайыр тайпаларында құс салу өнері ерекше дамығаны айтылған, Ұлы жүз, үйсін тайпасының Шапырашты дейтін іргелі руы бар, осы Шапыраштының әкесі Жалмағамбет (642-ші жылы туыпты) дейтін кісі мыңғырған ата дәулетінің арқасында ылғи жорға-жүйрік ұстап, ит жүгіртіп, құс салып өткен адам екен. Кей жылдары өзі бас болып, он бес бүркіт қайырушы еді. Еш ыңғайына көнбейді деген құладын дейтін құсты қайырып, қу алғызған құсбегі еді, осы өнеріне бола оны дүниенің талай бұрышынан адамдар іздеп келуші еді» [2] дейді. Сол заманда атақты байлар өз сән-салтанатын асыру үшін ел ішіндегі қырандарды жинатып алып сал-серілік құрған. Яғни, саятшылықты бір түрлі дала серуені, көңіл көтеру қимылы ретінде қараса, бағалы аң терілерін түрлі үлгіде ұлттық киім-кеше тігіп ақ ордаларды безендірді. Сондай-ақ, асыл тарту-таралғы, сыйлық ретінде басқалараға сыйға ұсынды. Халқымыз «құсты жисаң бүркіт жи, қыс тоңынды түлкі етер» деп бекер айтпаған. Ал, ауқаты, тұрмыс жағдайы төмендер үшін жан

бағыс тіршілігінің көзі болды. қыранға түлкі, қарсақ сынды аңдарды аулап, оларды басқалармен малға, басқа да тұрмысқа қажетті заттарға айырбастап, отбасын асыраған. Демек, саятшылық ұлтымыздың тарихымен біте қайнасып жатады. Сонау жазу пайда болмай тұрған дәуірде адамдардың қолда үйретілген бүркіт сияқты құстармен аң аулаған жартас суреттері көптеп кездеседі. Соның бірі Қытайдың Алтай өңіріндегі Қаба ауданының «Жаланап» деген жерінен табылған.

Мал шаруашылығының біртіндеп дамуы барысында, саятшылық қосымша кәсіп болып қалыптасқан. Саятшылық-кім көрінгеннің қолынан келе бермейтін атүсті мырза кәсіп, әрі бөгенайы бөлек, ұлттық бояуы қанық, тегі арыдан басталып, тебіні бүгінге жеткен ата мұра.

Мұнда қырандарға қатысты мол халықтық білімдерге жетік адамдар, қырандарды түрге, топқа, текке айыра білетін, қыранның түр-тұлғасына, сүйек бітіміне, қанат-құйрығына, қауырсынына қарай сынай білетін, құстың әлді, әлсіз, қырын, қыран еместігін айыра білетін және оны баптап, үйрете алатын, бабын тауып аңға салатын, тіпті бүркіт ауырса емдей алатын тағы басқа қыран құсқа қатысты білімге жетік, қағылез, іскер, қиындыққа шыдамды адамдар ғана саятшылықпен айналыса алады. Сондықтан да әдетте: «бүркіт бабына келгенде қасқыр алады, қаршыға бабына келгенде қарсақ алады» деген мақал бар. Мұнда қыранды осы бапқа жеткізудің қиынның қиыны екенін түсіндіреді.

Саятшының арнаулы саятшылыққа ғана мінетін белді, жүрісі жатық, тау-тастың күдір жолына мықты, ұзақ жолға шыдамды көмпіс аты болуы керек. Әдетте, саятшылар саят атын жаздай жайлауға қоя беріп, күзден бастап етін қатырып мінеді. Бұл- саятшының қысқы қамы болып табылады. Осы кезде нағыз саяттың жылқысы иесі тастап кеткен орында байламаса да, тапжылмай тұра беретін болған. Ал, қажет болған жағдайда иесі жаяулап жүргенде соңынан еретін «тіл білетін» аттар болған. Міне, мұның өзі адамның үйретуіндегі саятшылық тәжірибесі. Тағы бір жәйт, саят құратын адамның белгілі шарт-жағдайы, яғни мінген көлігінен бөлек, артында мал-жанына қарайтын бала-шағасы болуы керек. Мұны қазақ мынадай бір ауыз сөзге былайша жинақтаған: «анды көрінбесең аласың, не ерінбесең аласың. Тау-тасты кезсең аласың, сал-жаннан безсең аласың» дейді.

2. Қазақ саятшылығының ерекшелігі және қазақ мәдениетіндегі орны

Бүркіт әдетте, «қолбала» және «түз бүркіт» болып екіге бөлінеді. Оларды ұстау және баптау әдістері төмендегідей:

Қолбаланы - ұядан алып баптайды. Бүркіт ең көп болғанда екі ғана жұмыртқа шығарады. Негізінен, оның біреуі ғана қыран болады.

Бүркіт ұясын биік жартастағы текшеге арша, ұшқаттан, қарағай секілді ағаштардың бұтақ, бүрінен салады. Мамыр айының ортасынан шілденің басына дейін ұяда жұмыртқа басып, балапан шығарады. Тамыздың ішінде ұшырады. Саятшылар осы уақытқа дейін қадағалап, бақылап, балапан ұшардан бір-екі апта бұрын жас жігіттің арқасына кереге, беліне арқан байлап ұяға салып балапанды алады. Бұл әрние, өте қатерлі, бұған үлкен тәуекелшілдік керек. Бірақ, айлалы адам осының бәрін бұлжытпай орындаған. Осыдан бастап, бір жаз бойы баладай мәпелеп бағып, жетілдіреді.

Түз қыранын ұстауда төмендегідей әдіс-тәсілдер қолданылады:

(1) Тор құрып ұстау: мұнда жіптен кереге көз тор құрылады. Қыста түз бүркіт көп келетін жерге торды кереге секілді дөңгелетіп керіп, ішіне құзғынды ұстап, оған жем тастап ортасына байлап қояды. Өйткені, түз қыран құзғынға өш келеді. Сондықтан да оған тез түседі. Қыран құзғынға түскенде, жан-жағындағы шаншылған шыбықтар құлап, тордың бүрмесі бүріледі де бүркіт торға оралып, қолға түседі.

(2) Қақпан құрып ұстау: мұнда биіктеу жерге оба жасап, оған суырды өлтіріп ортасына тастап, ішін жарып ішегін оба аузына қарай сүйретіп тастап дәл аузына қақпан құрады. Қыран әбден жемді жеп тояттағанда тік ұша алмай обаның аузынан шығады да қақпанға түседі.

(3) Тұзақ құрып ұстау: Әдетте, саят құрып жүрген құсбегілер далада қоян қуып жүрген түз құсынан қоянды алып қалады да, бұтадан қоршап кішкене үйшік жасайды. Қоянның ішінен ұзын істік ағаш өткізіп, қоянды жанды бейнеге келтіріп бұтаның ішіне тастап есігіне қайыстан білезік тұзақ құрып қояды. Дәл осы кезде құс келіп тұзақты қоса аяғын бұта аузына сұғып қоянды жотасынан шеңгелдеп тартады. Осы кезде бағанағы істік тіреп қалып, аяғынан тұзақ түсіп қолға түседі. Бұдан басқа да құсты тояттатып ұстау сынды т.б әдістері бар.

Түз қыранын қолға көндіру: түз құсын қолға көндіріп жуасыту, тағылық жат мінезін өзгерту, адамзаттың тіршілік ортасына бауыр бастыру қолбаланы үйретуге қарағанда өте күрделі, әрі қиын. Сабырлылықты, шеберлікті қажет етеді. Дала тағысын қолға үйретуде ең бір өнімді әдіс — ырғаққа отырғызу. «Ырғақ — түзден ұсталған асау құстың ұйқысын бұзу үшін жасалынған орныксыз тұғыр». [2] Осы арқылы әбден шаршаған құс құлап түседі. Аяқ күші мол бүркіттер қызыл інірден таң құлан иектегенге дейін шыдап береді. Ес-түссіз

қалған бүркітке иесі тері сіңген күпісін жауып, ес жинай бастағаннан бастап сылап-сыйпап, жем береді. Осылай иесіне үйірлесе бастайды.

Осыдан кейін мейлі қолбала, мейлі түз қыраны болсын, қыстың басынан бастап атқа көтеріп, шақыруға келтіріп, машықтандырып баулиды. Жаздай түлетіп семірткен құсты күз айына қарай етін арылтып теңшеп отырады. Онда еттің сөлін кетіріп ақжемдеп береді. Құсбегілердің айтуынша бабына келген құс биялайдың сыртынан шеңбектеп қысканда қолды ұйытып жібереді. Дәл осындай бапты қыран қандай қиын жерлерде де түлкіні қоймай іледі.

Бүркіттің жасы және қыран сыны: қыранды аңға салуда ең әуелі оның жасына, сынына жетік болу керек. Бүркіттің жасы жөнінде көптеген саятшылар оның жасын он екі тал құйрығы мен сегіз тал айыр шылғысынан айырады. Кейбіреулер бүркіттің тұмсығындағы ирегін санап, жасын межелейді.

Бұның ішіндегі дәлірегі болса, құс жылына бір рет түлейді. Әдетте құстың бір түлегені бір жас есептеледі. Бүркіт түлегенде шалғысынан төртеуін, құйрығынан алтауын жаңалап отырады. Осылай түлеу арқылы құйрығы шалғысынан қысқарып отырады, осыған қарап бүркіттің жасын айырады.

Ал, құстың сынына келсек, кейбір құстар онша бап тілемей, май жеп отырып-ақ түлкі ала берген. Бірақ кейбір бүркіт өте бапшыл, кербез болған. Оны әрине, бабына қарай ақжемдеп әбден түлетіп, ішіндегі ыстығын айдап, өте жіңішкелікпен бағып зар күйіне келтіруге тура келеді. Саятшылардың барлығы құсты сынай бермеген. Жүйрік аттың сыншысы сияқты, қыран құстың да сыншысы болған. Олар қыранға әр түрлі баға берген. Мәселен бүркітті бабаларымыз:

Қылыш тұмсық, қайқаң төс,

Үңгіс қабақ, қысық көз.

Не берсе де табылмас,

Өзі қағып өзі алар,

Ырыстыға кез болар, - деп бағалаған.

Қазақ аңыздарында айтылатын атақты құсбегі әрі асқан сыншы Жалайыр руынан шыққан Шора жайлы: «Аспанда ұшсам қанатым талады, жерге консам Жалайыр Шора алады» [3] деген сөздің өзі ол кісінің аспанда ұшып жүрген бүркіттің қандай бүркіт екенін бағамдап қоятынын және оны ұстамай қоймайтынын білдірсе керек.

Тағы бірде былай дейді аңыз. Бір күні Шора ішінде қалың адам төбеде тұрғанда аспанда бір бүркіт ұшып бара жатады.

Сонда Шора аспанға қарап, - мына бүркіттің оң көзінде кемістік бар екен, - дейді. Бұған сенбегендер бүркітті торуылдап әлдебір әдіспен қолға түсіріп көрсе шынымен де оң көзіне ақ түскен, соқыр екен. — ал, мұны қалай білдіңіз, айтып беріңізші, - деп қолқалайды. Сонда Шора көзі сау жақ қанатын қалыпты қағып бара жатты. Ал, кемістік бар көзі жағындағы қанатын қалыпсыз, қайта-қайта сепелектетіп қақты, содан білдім, - деген екен. Міне, бұдан аспандағы құстың жағдайын жерде тұрып айта беретін бабаларымыздың асқан бүркіт сыншысы болғанын білеміз.

Қазақ сыншылары қыранды жеріне, тұлғасына, аяғына, қауырсын, жүніне, ұшуына ерекшеліктеріне қарап та сынай білген. Әр сыншының қоятын өлшем, бағасы да әр түрлі болады. Қазақ құсбегілері құстың сынына қарай бүркітті «қанға тоймас қара тіл», «көз ауыз долы қыран», «битті» («құрт») қыран, «шеге тұяқ», «ақиық», «саршегір», «ақшегір», «мұзбалақ», «іш жарғыш» және өзге де аттармен атаған.

Нағыз қыранның түсі қарақоңыр, тұмсығы көкшіл сары, шұғыл имек, көзі шүңіректеу кара, қабағы биік, жанары отты, рухты, қағылез, мінезі шаргездеу болып келеді де, отырғанда шалғысы бір-біріне сүйемдей айқасып тұрады. Аяғы көкшіл сары, жіліншіктің қыры жыланның қабыршығы секілді бедерлі, саусақтары салалы, үстінде тізілген маржан тастары ірі болады. Көп құсбегілер бүркітті осы өлшемдерге салып сынайды.

Саятшылық өнердің күрделі түрінің бірі — салбурын құру. Мұны қансонар деп те айтады. Онда саятшылар ғана емес, бүкіл ауылдағы бүркіттен басқа қырандары барлар да, тазысы барлар тазысын ертіп, мергендер мылтығымен, қақпаншылар қақпанымен, тағы да әнші- күйші, қиссашы, атқосшы, қағушы, бақыршыларымен бірге барлық керек-жарақтарын алып, күннің жақсы райын бағып, ауылдан алыс аң-құс мол жерлерге барып, апталап, айлап жатып құс салып, ит жүгіртіп, аң аулап, бір-біріне олжа салып сереуендеп қайтатын. Бұл көрініс Мұхтар Әуезовтың «Абай» романында: «аңшылар он күннен бері бүркітпен, тазымен көп түлкі алды, Бөшейдей, Шәкедей мергендер сирақты шитілерімен арқар атып қос-қостың ішін аң терісіне толтырып тастаған» [3] деп баяндайды.

3. Қазақ саятшылығы және фольклор

Қазақ саятшылығындағы қансонарда, солардың ішіндегі айыр көмей ақындар, дала серуенінің қызығын майын тамыза жырға

косса, оны нақ майданда құйма құлақ жыршылар жаттап алып, ауыздан- ауызға таратып жырлаған. Бұл аңшылық, саятшылықтың тұрмыс дағдымызға айналуы себепті көптеген мақал-мәтелдер қалыптасқан. Әжелердің немерелерін ұйықтатқанда айтатын қызықты ертегілері де осы аң-құс туралы болған. Не бір қызықты әңгімелер, өлеңдер жазылған. Міне, осылар құралып келіп, мол фольклордың бір саласын қалыптастырған.

1. Құсбегілік туралы мақал-мәтелдер

Мақал-мәтел дегеніміз, қоғамдық құбылыстарды кең қамтып, өмірдің түрлі қырлары мен сырларын терең мағыналы етіп, өз бойына жинақтаған ауыз әдебиетінің байырғы жанры. Құсбегілік туралы мақал-мәтелдер: «Түлкі алмас қыран жоқ, құсбегісі кезіксе, жақсы болмас жігіт жоқ, ақылшысы кездессе», «Кәрі қыран — аңшының бастаушысы», «сыншы сырын айтпайды, бүркітші шынын айтпайды», «алса — құсым, алмаса — желпуішім», «сонаршыға із керек, із танырға көз керек», «жеріне қарай бұланы, тауына қарай қыраны», «саятшы бапшыл болса бүркітке бақ», «құс тұзаққа жем үшін түседі», «аспандағы бүркітті жердегі жем ұятқа қалдырады», «бүркіттің сайрағаны — өлгені», «бүркіт аш болса алады, тазы тоқ болса алады», «бүркіт бабына келгенде қасқыр алады, қаршыға бабына келгенде түлкі алады», «бүркітін мақтағанның ұясын сұра, жігітін мақтағанның нағашын сұра», «құстың алғанынан салғаны қызық», «қыран құс — ер жолдасы, дос жолдасы», «ақиық қыран қартайса, жас жағалтайдан тепкі көреді», «ажалды қарға бүркітпен ойнайды», «алжыған бүркіт тышқаншыл», «қыран- ұясының ауызынан жем іздемес, қоян-інінің аузындағы шөбін жемес», «қыран құсты баптау қиын, тәтті тағамды сақтау қиын» [4]

Жоғарыдағы мақал-мәтелдерде саятшылықтың ерекшеліктері қамтылып жатыр, мәселен, «қыран құсты баптау қиын, тәтті тағамды сақтау қиын» деген мақалда, саятшылық өнерінің мол тәжірибе мен шеберлікті қажет ететіндігін бейнелейді. Ал, «түлкі алмас қыран жоқ...» деген мақалда, қыран бабының қаншалықты қиындығы және қажеттігін адам тәрбиесімен салыстыра айтады. Міне, маңыздылығы қайда жатыр? Әрине, бұлардан өзге де айтылымдар жеткілікті. Қонағын дұрыс дем алдырмаған үйден қайтқанда «ырғаққа отырғандай болдык» дейді. Бұдан қалса «құс ұйқы» деген секілді тұратқы сөз тіркестері қалыптасып кеткен. Мұндай сөздер жүздеп саналады.

2. Құсбегілік туралы қара өлең

Қара өлең әдетте, ақындар жағынан шығарылып, ауыздан - ауызға халықтық өлең болып таралып, қалыптасқан. Ауыз әдебиетінде аңшылық-саятшылық туралы қара өлеңдер қою, ұлттық түс алады. Мысалы:

Аңшының қанжығасы қан боп жүрер,
Кей кезде қауіп-кәтер жанға төнер.
Сонда да қызықтырар бабамыздан,
Ұрпақтан мұра болып қалған өнер.
Құс болсаң жібектен бау тағар едім,
Күмістен тұғырынды жабар едім.
Мойныға сары алтыннан алқа тағып,
Қолға алып сылап-сыйпап бағар едім» [5]

— деп аңшылық, саятшылық құрған сал-сері жігіттер ғашық жарларына хат жазып, өздерінің қағылез, сері, жан бағарлығы күшті екенін білдірген. Дегенмен, сол замандағы жігіттердің көбінің кәсібі осы болғандықтан да қыздарға жазатын өлеңдерінің дені аңшылық, саятшылықпен байланысты. Өздерінің бар өнерін саятшылыққа салған, әрі ән қылып шырқайтын болған. Осыдан барып ел арасына тез тарап кете барады.

3. Дастандарда:

Дастан дегеніміз- ауыз әдебиеті және жазба әдебиетіндегі өлеңмен айтылатын оқиғалы, кейіпкері бар жанр түрі. Ауыз әдебиетімізде саятшылық туралы дастандар да бар, онда қазақтың саятшылық мәдениеті бейнеленген. Мысалы, «Ақиық аңыз» дастанында [6] атадан- балаға жалғасқан бір ұрпақтың ұзақ та, қиын саятшылық өмірі жырланған. Өте нанымды, оқиғасы сатылап шиеленісіп, дамып отырып, саятшы жас жігіт Мұраттың әкесінен қалған қыранды шешесі Майсараның айтуы бойынша баптап, түлкі алдырып, саятшылыққа құныққаны соншалық, даладан бір тал қыранның қанатын тауып алып, сол бүркітті табу үшін малын тастап неше ай жүріп, не бір шөлді, аштықты көріп, жыртқыш аңдарға кездесіп, оларды жеңіп, жартастан құлап, мың бір машақатпен аңсаған қыранын алып, еліне келсе ашкөз бай қыранына таласып, одан қашып елінен бөлініп жер аударылып барып, ақыры мұратына жетеді. Мәселен, мына жолдарда:

Бүркіттен босатпайды аяғын құс,
Сан етті жұлып жатыр тым асығыс.

Жембасар тегеурінін қолмен қозғап,
Биялайға қондырды құсбегіміз.
Ақырын сылап-сыйпап ұстап құсын,
Жұлдырып сіңірі мен тарамысын.
Бүркітті томағалап қолына алды,
Тым көркем көрінді құс алып мүсін,

— деп дәл суреттерді кестелейді. Осы шумақтың өзінен қазақ саятшылығындағы түлкі алғандағы саятшы алған түлкіні қасында бала немесе ақсақал болсын, ерген адамға байлап беретін кең пейілділік, даланың жазылмаған заңын ұғамыз.

Түлкі екен қоңыр ала тұмсық жүні,
Терісін сойып алып көңіл тынды.
Жанына Жәмиланың байлап беріп,
Тағы да түлкі қағып атқан мінді,- дейді.

4. Ертегілерде:

Халық ауыз әдебиетінің қара сөбен айтылатын сюжетті, кейіпкерлі, ежелден келе жатқан бұл жанр түрінде де құсбегілік көп айтылады. Балалары бесікте жатқаннан бастап, анасының әлдиінен сырт, ата-әжесінің қызықты ертегілерін естіп, жаттап өскен. Сол ертегілерді баланың санасына сіңіру арқылы тәрбиелеген. Ондағы ертегілердің дені аң-құстың ерекшеліктері туралы болған. Мысалы, «Бала мерген», «Бүркіт пен түлкі», «Құла мерген», «Аңшы мен қарға», «керқұла атты Кендебай», «Патша мен бүркіт», «Аңшы жігіт», т.б ертегілерді айтуға болады.

5. Аңыздарда:

Аңыз- тарихтағы болған, иә болмаған атақты кейіпкер, тұлғалардың келелі оқиғасымен тұрғызылған ерекше ескерткіш. Онда мекендік белгілерімен, жер-су аттарымен, қоғамдық салт-санамен, ұлттық музыка аспаптарымен, халықтың эпикалық құрамымен қатысты туылған әңгімелер сөз болады. Оның мазмұнында өткен тарихтағы не бір керемет саятшыларды суреттеп, олардың қызық хикаяларын әңгімелеп, саятшылықтың атадан бар, асыл қазына екенін танытады. «Тінейдің сары құсы», «Жалайыр Шора» сияқты алтын аңыздар бар. Жолдасбай Тұрлыбаевтың «Аңшы» атты әңгімесінде, бір аңыз кейіпкер қарияның қой жайып жүріп, өрісте немересіне айтқан өзінің саятшылық кешірмесі арқылы қазақ саятшылығының барлық ерекшелігін баяндайды. Сол баланың сәби санасын атасының

саятшылық өнері қызықтырады әрі көкейінде мәңгі жатталып қалған. Демек, аңыздардың мазмұнында саятшылықтың қырсырымен қоса оған ынтықтыру да жатыр.

6. Өтірік өлеңдерде:

Өтірік өлең — халық парасатының, тапқырлығының жемісі. Шеберлік шындық негізінде, адамдардың ұшқыр қиялын өтірік өлең арқылы бейнелеу. Мысалы, байырғы балалар өлең-жырларындағы «Бүркіт» өтірік өлеңінде:

Ертеңінде ап шығып аңға салдым,
Салған күні бес қасқыр, бес түлкі алдым.
Келесі күні он қасқыр, он қарсақ алып,
Шаршаған соң таң ата жатып қалдым.
Әркім-ақ бұл бүркітке қолқа салды,
Он екі ай ұдай салдым жануарды,
Бір саятта шіркінге көзім түсіп,
Қылшасынан қиғандай қатып қалды. [7]

Міне, мұнда да бүркіттің қырандығын асыра айтқан өтірік өлең саятшылықтың қызығы, бүркіттің алғырлығын сөз етеді. Бүркітшілік жайында өзге де өтірік өлең аз емес, біз тек мысал ретінде ғана бір өлеңнен үзінді келтірдік.

7. Күй мен биде:

Тек бүркітшілікке ғана емес, жалпы саятшылыққа арналған күй мен билер де аз емес. Халқымыз ұзақ тарихи даму барысында аң-құс, қыран жайлы күй шертіп, би билеген. «Шыңырау», «Дауылпаз», «Жорға аю», «Аңшының зары», «Ақсақ киік», «Бүркіт» т.б күй мен би болса көркемөнерге тән, бірақ, әрқандай күйдің шығу тегіне байланысты аңыз болады, міне бұл да ауыз әдебиетіне тән құбылыс.

Осының барлығының шығуында өзіндік себебі, аңыз-әңгімелері бар. Осыған жарай би де, күй де халық көкейінде сақталып қалған. Қазақтың «Бүркіт биінде» бүркіттің ұшқаны суреттеледі, биде бүркіттің зеңгір көкте самғауы, қалықтап ұшуы, нөсерлі дауылда аңға шүйілуі дәл бейнеленеді. Биде кісі қыран құс осы ұлттың әрі қандай қиындықтан қайтпай алға тарта беретін рухының толық образы бейнеленеді. [8] Мұнда қазақтың би мәдениетінде терең астар, айқын даралық ерекшелік, қанық ұлттық бояу сақталғандығын әрі аңшылық, құсбегілік мәдениетімен біте қайнасып жатқандығының дәлелі.

4. Қазақ саятшылығының ауыз әдебиетіндегі рөлі

Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды саласының бірі — оның телегей теңіз ауыз әдебиеті. Ол қазақ халқымен бірге туып, біте қайнасқан бұқаралық көркем сөз өнері. Әуелі ауыз әдебиеті дегеніміз — көп парасатынан туған өз алдына тұрақты жанрлары бар, үнемі өзгеріп вариант қалыптастыратын, халық тұрмысын тіке бейнелейтін, біршама тұрақты дәстүрлі қасиетке ие әдебиет. Сондықтан саятшылықтың барлық ерекшелігі ауыз әдебиетінің әрбір жанрларында бейнеленген. Өйткені:

1. Саятшылық — ауыз әдебиетінің ең басты келу қайнарының бірі.

Өйткені, өткен замандарда аңшылық — саятшылық ата-бабамыздың негізгі тұрмыс-тіршілігі болғандықтан, сол кездегі ақын-жыраулардың тақырыбы болды.

2. Ауыз әдебиетінің қорын молайтып, кемелдендірді. Сол кезде шыққан мақал-мәтел, қара өлең, аңыз-әңгіме, қисса-дастан, т.б ауыз әдебиет үлгілері, аты мәлім ақын жағынан шығарылып, ауыздан - ауызға таралып, үздіксіз өзгеріп, жаңаша нұсқалары қалыптасып бүгінге жетті.

3. Ауыз әдебиетінің жанр түрін молайтты. Ауыз әдебиет жанрлары салаланып, көбейе түсті. Әр жанр өз алдына дамып, қоры молайып, сақталып отырды.

Қорытып айтқанда, саятшылықтың халық фольклорында бейнеленуі, өзіндік даралық ерекшелікке ие. Ауыз әдебиетінің әр жанрында саятшылықтың барлық қыры мен сыры бейнеленген. Бірақ, саятшылықтың зерттелуі бір келкі емес. Ылғи да аңшылықпен бірлестіріп, көбінде қыран құсты ұстау, баптау, аңға салу сияқты бір қазықты айналып зерттеліп, оның халық фольклорындағы аумағы, рөлі, маңыздылығы қағыс қалып отыр. Саятшылықтың халық фольклорының әр жанрындағы жағдайын жүйелеп, жіңішкелеп, даралап жинақтау, зерттеу, реттеу әлі де жеткіліксіз.

Бұл мақалада қазақ саятшылық өнерінің пайда болуын және оның ерекшелігін айтумен бірге, саятшылықтың қазақ мәдениетіндегі орнын ашып, мақаланың негізгі тақырыбы болған саятшылықтың халық фольклорының әр жанрындағы бейнеленуін нақты мысалдар арқылы көрсетіп, оның ауыз

әдебиетіндегі атқаратын рөлі қысқаша баяндалды. Алайда, қазақ халқы өзі мекендеп отырған даласында, ата-бабасының кейінгі ұрпағына қалдырған және адамзат мәдениетіне үлкен үлес болып қосылған, барлық дала мәдениетінің заңды иесі. Сондықтан, қазақ халқы жасап отырған ұлан-қайыр даласының барлық заттық, рухани мәдениет мұраларын қазақтың әрбір баласы көзінің қарашығындай қорғауы тиіс.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрила Қызыханқызы. «Аңшылық хикаяттары». (Этнографиялық эссе) [М] Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2009 жыл.
2. Азған Қабдоллин. «Қазақ құсбегілігі», «Қазақ мұрасы» (1) [М]. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1999 жыл.
3. Құрастырып жазған: Бөлеш Қалиұлы «Қазақтың дәстүрлі құсбегілік өнері» [М] Іле халық баспасы, 2009 жыл.
4. «Аң-құс және аңшылық туралы», «Қазақ мақал-мәтелдері» [М], Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2006 жыл.
5. «Аң-құс өлең», «Қазақ қара өлеңдері» [М]. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2006 жыл.
6. Құрастырушылар: Қ. Балықшыұлы, Д. Қинаятұлы, «Ақиқы аңыз», «Қазақ хиссалары» (18) [М]. Бейжің: Ұлттар баспасы, 2001 жыл.
7. Құрастырған Әкімбай Жапарұлы, «Бүркіт», «Қазақ балаларының байырғы өлең-жырлары» (1) [М]. Үрімжі: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы, 1992 жыл
8. Субихай, «Қазақ мәдениетінің тарихы» [М]. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2005 жыл.
9. Зейнолла Қызырұлы, «Бүркіт және саятшылық», «Қазақ мұрасы» (1) [М]. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1999 жыл.
10. «Аң-құс өлең», [М]. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2007 жыл
11. А. Ысқақов, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (3) [М]. Шыңжаң халық баспасы, 1991 жыл.
12. «Қазақ балалар ертегілері» [М]. Шыңжаң халық баспасы, 1981 жыл
13. Құрастырған Бөлеш Қалиұлы, «Қазақтың дәстүрлі құсбегілік өнері» [М]. Іле халық баспасы, 2009 жыл
14. Бейсен Намазбекұлы, «Қазақ құсбегілері туралы» [J], Шыңжаң қоғамдық ғылымы, 1996 жыл.

ТЕКЕС ӨңІРІНДЕГІ ҚҰСБЕГІЛІК: БҮГІНІ АХУАЛЫ МЕН ҚЫРАН БАПТАУ ТӘСІЛДЕРІ

Сәленұлы Ж.

*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы*

Саятшылық — әркім түсіне бермейтін, қолынан келе қоймайтын, тіпті екінің бірі бағалай білмейтін өнер. Қолда бар мәліметтерге жүгінсек, Абылай хан 500 бүркіт, 300 қаршыға, сұңқар ұстаған делінеді, хакім Абай да аталған өнердің мән-мазмұнын асыра түседі, өзгеде әнші-композитор, сал-серілер айналысып, ән-жыр арнаған. Оның бүгінгі жағдайын сөз еткенде академик, ғалым Әлкей Марғұланнның сөзі есімізге оралады: «Қазақстанның көптеген ежелгі мәдени ескерткіштерінің ішінде кейінгі кезде назарға аса көп ілінбей жүрген біреуі бар дегім келеді. Ол — саятшылық өнер. Оның тарихи ескерткіш екеніне ешқандай күмән жоқ». Осы деңгейден аталған өнер биігіне көз тастап, назар аударсақ, көптеген күрмеулі мәселеге кездесеміз, ал бүгінгі конференцияның қазақ саятшылық өнерінің дамуына тигізер пайдасы зор деп білем.

Ел іші — өнер кеніші. Қазақтың ұлан-байтақ даласындағы қасиетті ауылдары тарихқа тұнған, қазынаға толы. Соның ішінде жекелеген әдебиет пен өнердің ошағына айналған мақтануға лайық елдімекендер бар. Мәселен, Баянауыл, Жаңаарқа, Сыр елі, т.б. ал құсбегіліктің алтын ордасы ретінде Алматы облысына қарасты Нұра ауылын атаймыз, бір ғана ауылда жиырма шақты құсбегінің болуы сөзіміздің заңды дәлелі. Ендеше шағын ауылға үлкен өнер қайдан, қалай келіп орнықты?

Бүгінде еліміздегі саятшылықтың дамуына бар қайратын сарқа жұмсап жүрген қазақтың қайраткер қызы, журналист Бағдат Мүптекеқызының естелігіне жүгінсек: «Үлкен атамыз заманында екі жүздей қыран ұстаған, еліне сыйлы, бақуатты кісі болған екен. Ол кісінің ауласында бұлбұл да сайраған көрінеді. Ал әкем де жас кезінде қаршыға ұстағанын айтып отыратын, кішкентайымнан әкемнің інісі Бәйтекенің, сондай-ақ Тоқтасын,

Молдажан аталарымның оны қалай күтіп, баптағанын көріп өстім, соған қарағанда бұл менің қанымда бар, текпен бірге сүйекке сіңген қасиет пе деп ойлаймын. 1961 жылы бабаларымыз Қытайдан елге өткен кезде «бүркітімді өткізбесе, собетіңе бармаймын» деп қиғылық салған Тоқтасын атамыздың бастан өткерген машақатын біздің әулеттің үрім-бұтақтары тегіс біледі. Содан атамыз жарықтық бүркітін нәресте ретінде тіркетіп, шекарадан тастамай алып өткен ғой. Біздің Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы «Нұра» деген бір ғана ауылдың өзінде 20 шақты құсбегі бар. Кезінде Қытайдан қыран құстарын бірге алып келген Тәжиев, Мәметов және Көдековтер әулеті. Олар кеңестік кезеңде ұмытыла бастаған құсбегілік өнердің 70-80 жылдан кейін елімізде қайта түлеуіне ықпал етіп, өз үлестерін қосқан, оның әрі қарай дамуына жол салған азаматтар. Демек қазыналы қарттарымыз, кәсіби құсбегілеріміз қазақ өнерін қиын-қыстау кездің өзінде жанын сала қорғаған.

Тас түлектей түлеп ұшқан көктегі,
Қырағы еді, қасиетті текті еді.
Сіздей асыл қарттарымның арқасы,
Бұл ғасырға құсбегілік жеткені.

Ақын Серік Қалиевтың құсбегі Әбен Тоқтасынұлына берген бағасы біз зерттеуге тиісті көп мәселенің бірін осылайша көлденең тартады, ол өз алдына бөлек әңгіме.

Ал Қазақ еліндегі құсбегіліктің қайта жаңғыруына тікелей мұрындық болған асыл азаматтардың шекараның аржағында қалған бұрынғы қонысы - Текестегі құсбегіліктің бүгінгі жай-күйі қандай? Олар Қазақ елінде құсбегілік өнерінің дамуына ат салысса, артта қалған ауылдастары қандай күйде, не істеп жатыр? Занды сауал.

Қытайға қарасты Іле қазақ автономиялы облысының Текес ауданындағы саятшылық өнерінің қазіргі жағдайы мен ерекшеліктері аталған баяндамаға арқау болмақ. Осы мақаланы дайындау барысында өткен жылы ғана Текес ауданынан атамекенге біржола қоныс аударған 70 жастағы Бұрымбет Нұрданханұлына амандаса барып, әңгімелестік, сол аумақтағы құсбегілік өнердің жалпы жағдайы мен бүгінгі дамуы жайлы көптеген қызықты деректерді жазып алдық.

Бүркітші Бұрымбет — жеті атасынан құсбегілікті жалғастырып келе жатқан әулеттен шыққан. Ол 16 жасынан бастап 53 жыл бүркіт салған. Қазақ еліне қоныс аударғанға дейін қолынан құсы түспеген, соңғы жылдары Қытайдағы турзимды дамытуға, насихаттауға ат салысқан, шекарадан алып өту қиын болғандықтан құсын қимай қалдырып кеткен. Өзі жинаған тәжірибелерін көптеген жастарға үйреткен қазыналы қария. Енді қарт құсбегі айтқан әңгіме желісіне оралайық.

Бүркіттің иен тауда қуып жүріп түлкі алғанын бір рет көрген адамның қызықпайтыны, аталған өнерді өзі іске асыруға талпынбайтыны кемде-кем. Өйткені, қағуылдаудан тартып, бүркіттің шабуылдауына дейінгі барыс, асқар таудың шатқалдарында атпен өрлі-қырлы шауып, бүркіт ұстаған олжаны қолға түсіру — қызық әрі ғанибет. Бұрымбет қарияның әкесі Текестің Ешкілік тауынан ұстаған бір қанаты аппақ «Аққанат» атты қырын құсты 16 жыл тынбай аңға салған, ол күніне 7 түлкі ұстаған, қоян, еліктен тыс қасқыр алып, елді таңдандырған.

Бүркіттің қырандығы шыққан тауына қарай ерекшеленеді. Ұлы таулардың бүркіті қырағы, қыран болады, үлкен аңдарға түседі. Мысалы, Алтайдың Ақиығы секілді Күнестің кераласы да өте қыраң болады. Одан бөлек қытай өңіріндегі бүркіттердің Қастың қаусырмасы, Боғданың қоңыры, Сауырдың сабалағы, Ешкіліктің қарашегірі, Ақаяздың ақшегірі, Бозадырдың мұзбалағы деген түрлері бар, оның екеуі — Ешкіліктің қарашегірі мен Бозадырдың мұзбалағы — Текестің төлтумалары.

Бұрымбет қарт бүркіт сынына қатысты өмір тәжірибесі арқылы өз түйгендерін ортаға салды. Бүркіттердің қырандығын жүніне, санына қарап білуге болады, одан кейін қаңсарлы, тұмсықты, саны қол жетпейтіндей, құймышағы қысқа, басбармақ батпайтын бүркіттер өте қыран болады. Бүркіттің жүні алма жапырақ, яғни, жапырақты болса, көкаяқ, көк тұмсық болса қыран шығады. Бүркіттің төсінің астында үш найза болады, соған қарап қолға ұстауға шешім қабылданады, сосын кең танаулысы таңдалады, міне осылайша бүркітті ат сынағандай сынап мықтыларын ғана үйрете бастайды.

Бірде Текестегі Нұрданхан ақсақалдың бүркіті жарқабақта тұрған елікті алып ұшып қарсы бетке аман-есен жеткен. Қытайда жүргізілген мәдениет төңкерісі кезінде(1966-1976жж) халық

қолындағы жәдігерлер «ескіліктің сақрыты» ретінде жинап, өртеліп, құртыла бастайды, ол нәубет бүркітшілерді де айналып өтпейді, сол сәтте жергілікті шала белсенділер Нұрданхан қарияның бүркітінің қырандығын ескеріп, бүркітін өзінде қалдырады, тапсырма беріп, аңға салдырады, сөйтіп ұлттық өнердің бұл түрі мойындалған нағыз құндылығының арқасында аудан көлемінен мүлдем жойылып кетуден аман қалады.

Бұрымбет қрия бүркіттің жасына қарай төмендегідей атаулары барын айтады: балапан, тірнек, тастүлек, құмтүлек, қана, ана, жана, қутүлек, сұмтүлек, кәрітүлек, көктүбіт, қандыбалақ, қоңыртүлек, ақтүлек, майтүбіт, барқыт, баршын, шөгел, мұзбалақ, қантүбіт.

Бүркітті алғаш ұстаудың бір жолы — тор құру. Жіңішке жіптен тор түйіп, кәдімгі тігілген қос секілді үлкен етіп жасайды, оған 6 шыбық не 8 шыбық шаншып, бүркіттің жүрген жеріне, тауларға апарып құрады. Тордың ішіне бір тауық немесе қоян байланады. Кейде қоянның терісіне шөп тығып, айналсоқ жасап, оны сауысқанның құйрығына байлап қояды. Сол кезде сауысқан шыр айнала береді да, оған ілесе қоянның терісі де айналады, осыған қызыққан бүркіт торға тез түседі. Сирек жағдайда тояттатып ұстау да кездеседі. Әсіресе балапан, тастүлек, құмтүлекті қолға жеңіл үйретуге болады, оны үйрету де оңай емес.

Бүркітті ұстағаннан соң аяқбау тағып, басына томаға салынады, өйткені, ол аяғын ұрып жаман үйренеді. Құсбегі ұстаған бүркітін үйге әкеліп, радио қабылдағышты қосып қойып, оның қасында үш күн, үш түн ұйықтамай отырады. Ондағы мақсат, ұсталған бүркітті ұйықтатпау. Егер бүркіт үш күн, үш түн ұйықтамаса, қайдан келіп, қайдан тұрғанын білмей, қолға тез үйренеді. Ал үш күннен кейін шақырсаң тез келіп, адамға жылдам үйір болады. Бұл түз бүркітін қолда үйретудің бір тәсілі. Ұядан ұсталған балапан үйдегі балаларға түседі, сондықтан, көбіне кәнігі бүркітшілер түз бүркітін ұстап алып үйретуге тырысады. Ұсталған бүркітті тоғыз күнде, ары кетсе он екі күнде түлкі алдыруға болады.

Бүркітті қолға шақыруға үйрету тәсілі. 20 құлаш жіпті бүркіттің аяғына тағып, бір ұшы белден байланады. Алдын-ала дайындалған етке науатты шайнап бүркіп бүркіттің аузына тығады. Сонда ол тәттіге тамсанып етті жейді, әлгі 20 құлаштық қашықтықтан бүркітті етке шақырып, қолдағы науат таусылғанша бүркіп беріп дәнiктiредi, осылайша ол қолға шақыруға үйренедi.

Түлкінің ішінде аса әккілері болады, ол керіліп тұрып, бүркітті жер соқтырып кетеді, әсіресе сирек кездесетін қара түлкілер болады. Сондай айлакер түлкілерді ұстау үшін «қоңырау тағу» әдісі қолданылады. Яғни, Бүркіттің құйрығына қоңырау тағылады. Бүркіттің құйрығындағы қоңырау үнін естіген әккі түлкі тұра кеп қашады, осы сәтте түйілген қыран әлгі түлкіні алып тынады

Кейде бүркіт түлкіге түспей айнып қалады, ондай кезде кішігірім кигізді жұмсақтап домалақ етіп тігеді, оны «қоя» деп атайды, қояны бүркіттің көмейіне салып жібереді, сосын қояның етін үш рет жұлып береді, сол кезде бүркіт қояны тастайды, оның ішіндегі кір мен лас нәрселер кигізге жабысып жерге түседі, сөйтіп бүркіттің іші таза-рып қайтадан аңға түсе бастайды.

Бүркіттің ішіндегі қояға түспейтін қатты, лас заттарды малдың тарамысы арқылы түсіруге болады, оны ұндай қып түткеннен кейін уқалап-уқалап жуып, бүркіттің ішіне салады. Сонда ішіндегі қатты заттар тарамысқа жабысып жергек түседі. Осындай әдістер арқылы бүркітті түзеп алуға болады.

Қыран бүркітке қызғанышпен қарап, қастандық жасаушылар да болады. Оның бір көрінісі, бүркітке ешкінің майын беру. Ол май ішке темірдей болып қатып байланады. Нәтижесінде бүркіт түлкіге түспейді, айнып кетеді. Осындай кезде «Зерде» деген әдіс қолданылады. Ол үшін дәкіден кішкентай дорба тігіледі. Сосын бір уыстай тұз талқандап дорбаға салынады. Оған бір метрдей жіп тағылады, дәкі дорбаны бүркіттің көмейіне салып жібереді де ептеп қозғап тұрады, ішке енген тұз ондағы қатқан ешкінің майын жібітеді, осы кезде бүркіт құса бастайды, ішіндегі май сыртқа шығады да тазарады, осыдан кейін қойдың асықты жілігінің етін ойып алып, майымен қоса бүркітке береді, іштегі тұздың ащы дәмін әлгі ет пен май жеңіп кетеді, бұл әдіс «Зерде» деп аталады, бір күн өткеннен кейін бүркіт қалыпты жағдайға көшіп қайтадан аңға түсе бастайды.

Арнайы жасалған түтік арқылы бүркітке су өлшеп беріледі. Еті бабында болса, бір түтік, кішкене көтеріңкі болса екі түтік, ал шатынап тұрған семіз бүркіттерге үш түтік су құйылады. Яғни, судың бір қызметі — бүркіттің етін басу.

Ұлттық өнердің халық қазынасы ретіндегі орны айрықша. Сондай-ақ құсбегіліктің денсаулыққа тигізер пайдасы ұшан-теңіз, ол саламатты өмір салтын қалыптастырудың бірден-бір шынайы

кепілі. Құсбегіліктің тағы бір басты пайдасы, этнотуризмды дамыту арқылы әлеуметтік жағдайды жақсартуға, экономикалық өсімге қол жеткізуге болады. Бұған Текес өңіріндегі құсбегіліктің бүгінгі келбеті нақты мысал бола алады.

Текес ауданына қарасты Тәңіртау баурайында табиғаты таңғажайып Қаражон атты жайлау бар. Бүгінде қазақтар қолынан шығып бара жатқан қасиетті жайлауды қытайдың ірі туристік орталығына айналдырудың хам-харекеті жасалуда. Онда үкімет қазақ халқының қалпы бұзылмаған ұлттық өнері мен дәстүрлі бұйымдарын ел-іші сыртынан келтен қонақтарға көрсетуде, оның бір көрінісі ретінде жергілікті құсбегілерді де тартып отыр. Атап айтқанда әр жылы жазда тамыз айынан қыркүйекке дейін бүркітшілер сәнді сахарада тігілген қазақ үй алдында қыран құстарын қызықтаушыларға көрсетіп келеді. Бүркітті көріп, құсбегілерден оның ерекшелігі туралы сұрап-білуіңіз үшін ақша төлейсіз. Соның есебінен құсбегілерге айлық төленіп отырады. Аудан көлемінде өткізілетін мәдениет апталығы мен ақындар айтысында міндетті түрде құсбегілік, саятшылық өнердің көрсетілімі болады, бұл үрдіс жыл сайын кең қанат жайып келеді. Мәселен, 2012- жылғы облысқа төте қарасты аудандардың ақындар айтысында аудан бойынша 14 құсбегі қатысып, көрермен назарына саят өнерінің қыр-сырын паш еткен. Сахаралықтарға онша таңсық емес сері өнерге арысы шетелден, Бейжің мен ішкі өлкелерден келген саяхатшылардың танданысында шек жоқ. Бұқаралық-ақпарат құралдары қазақ құсбегі өнерінің биік болмысын таңдай қағып, тамсана отырып жазып та, көрсетіп те жатыр, оны экран мен баспасөзден көзі шалып, радиодан естігендердің өз көзімен көргісі келетнідері қаншама? Саятшылық тақырыбында арнайы деректі фильмдер де түсірілуде. Демек, ұлттық құндылығымыз қытай мемлекетінің туризмын дамытуға, сол арқылы ел бюджетін еселеуіне мүмкіндік туғызып отыр. Есесіне қазақ атты ұлы халық пен оның құндылықтарын білетіндердің саны күн санап көбеюде. Моңғолияда жыл сайын дәстүрлі «Бүркітшілер тойы» өтеді. Ал біздің елде қолда бар осы өнердің әспеттелуі көңіл көншітпейді. Біз де өз тарапымыздан құсбегілік өнерінің қазақ мәдениетінің айшықты айнасы ретінде насихатталуын, дамуын барынша қолдағанымыз абзал. Біздің елде де ұлттық спорт түрлерін жандандыру арқылы этнотуризмның дамуына жол

ашуға мол мүмкіндік бар. Ол үшін Алматы мен Астанадан, қала маңынан ұлттық мәдениетті дамыту мен насихаттау орталығы ашылса дейміз, жыл бойы жүйелі жұмыс жасап, ел-іші сыртынан келгендерге өз ұлтымыздың төл құндылықтарын көрсете білсек нұр үстіне нұр емес пе? Бұл бағытты белгілі деңгейде табыс көзіне айналдыруға болады. «2017 ЕХРО» көрмесіне дейін ұлттық спорт және ұлттық қолөнердің сан алуан түрлері көз алдымызда бір орталықта көрсетіліп тұрса деп армандаймыз, оған мемлекетіміздің қуаты мен қаражаты жетеді, тек жүйелі түрде мән беріп ұйымдастыра алсақ болғаны. Сонда ғана егемен ел ретінде жеңіп алған халықаралық көрмеден алар басты жетістігімізге қол жеткізе аламыз, АЛЛА соған жеткізсін!!!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *«Қазақ құсбегілері»// Республикалық «Қыран» федерациясы қоғамдық қоры. — Алматы, 2006. — 102 б.*
2. *«Құсбегі Әбен»// Құсбегі Әбен Тоқтасынұлы туралы естеліктер. — Алматы, 2009. — 120 б.*
3. *«Көк туымызда қыранның бейнесі бекер тұрған жоқ» // Республикалық «Қыран» федерациясының атқарушы директоры Бағдат Мүптекеқызымен сұхбат - www.adyrna.kz*

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ АҚИҚАТ АЙҒАҒЫ — КИЕЛІ БҮРКІТ!



Сәтімбеков Р. С.

*Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы*

Қазақ халқының ежелден кастерлеп киелі деп санаған құсының бірегейі — бүркіт. Халқымыздың өткен тарихы мен күнделікті тұрмыс тіршілігі тікелей бүркіт құсымен өте тығыз байланысты болғандығына көрнекті ғұлама ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұланның (1904-1985) деректері бойынша ана тілімізде бүркітке қатысты 1,5 мыңға жуық жеке атау сөздер, сөз тіркестері, теңеу сөздер, мақал мәтелдер, халықтық даналық нақылдар және ақиқатты аңғартар аңыз әңгімелер нақты дәлел бола алады.

Халқымыз бүркітті ерекше дәріптеп, «Құс патшасы-бүркіт, аң патшасы — арыстан», «Көк аспанның әміршісі», «Құс төресі бүркіт», «Аспан перісі», «Қанаттылар тәңірі», «Дала сермендесі», «Қандыкөз», «Болат тұмсық» және т.б. деп өте жоғары бағалап оған үнемі құрметпен қараған.

Бүркіт халқымыздың ұғымында батылдық пен батырлықты, азаттық пен айбындылықты, еркіндік пен бостандықты, өрлік пен ерлікті, қайсарлық пен қайраттылықты сүйетін құс ретінде сипатталады. Соған байланысты «Бүркіт жеті қазынаның бірі»,

немесе «Ер жігіттің жеті асылының бірі» деген ұлттық ұғымдар қалыптасқан. Қазіргі тәуелсіз еліміздің көк туында бүркіттің бейнесінің берілуі Тәуелсіздігіміздің нақты дәлелі деп атап айтуға болады.

Қыран бүркітке деген халық сүйіспеншілігі көптеген аңыз әңгімелерге арқау болған. Ол сал-серілердің жан серігі, аңшылардың айбынды қол қанаты деп есептелінген. Бүркітке деген халқымыздың құрметі мен аса зор сүйіспеншілігін ұлдарының есімдерін «Бүркіт» сөзімен байланысты қоюынан да байқауға болады. Мысалы, Бүркіт, Бүркітжан, Бүркітбек, Бүркітбай және т.б. Мұның бәрі де перзенттерінің бүркіттей алғыр, бүркіттей қырағы, бүркіттей батыл болуын тілегендігін аңғартады.

Бүркіттің жас ерекшеліктеріне байланысты жеке атау сөздердің ана тілімізде көптеп сақталуыда бүркіттің өзіне ғана тән тіршілік әрекеттерімен қауырсындарының түлеу ерекшеліктерімен нақты аңғарта алады. Мысалы, Бүркіт жұмыртқасынан жаңа жарып шыққан балапандарының үлпілдек ақ түсті қауырсындарына сәйкес оны «ақүлпек» деп атаған. Кәнігі құс бегілер бүркіттің жасын көбіне қанаттары мен құйрық қауырсындарының түсінің жыл сайын түлеп өзгеруіне қарап ажыратқан. Мысалы, 1 жаста- балапан, 2 жаста - қантүбіт, 3 жаста — тірнек, 4 жаста — жастүлек (тастүлек), 5 жаста — мұзбалақ, 6 жаста —көктүбіт, 7 жаста- қана (құмтүлек), 8 жаста-жана (қутүлек), 9 жаста- майтүбіт (қоңыртүлек), 10 жаста- баршын (кәрітүлек), 11 жаста- барқын (ақтүлек), 12 жаста- шөгел (ақырғы түлек немесе кәрі бүркіт), 15 жаста- сұмтүлек, 20 жастан асқан соң «мола» (молаға ықтағыш деген ұғым) деп атаған.

Бүркітке тікелей қатысы бар арнайы еңбектер мен нақты деректерді ұлы Абайдың, Б. Майлиннің, С. Мұқановтың, Ә. Марғұланнның, Ж. Бабалықұлымен Ж. Тұрлыбаевтың, Ж. Кейкіннің, Б. Қыдырбекұлының, А. Сейдімбектің, А. Құралұлының, Б. Хинаят пен К.М.Исабековтың және т.б. шығармаларынан кездестіруге болады. Мысалы, оған ұлы Абай атамыздың өлеңдеріндегі «Тояттаған бүркіттей салқы төсті», «Қандыкөз қайқан қағып шықса аспанға», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Бүркітші тау басында, қағушы ойда», «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» т.б. деген ұлттық ұғымдарды атап айтуға болады. Бұл шығармалардағы бүркітке тікелей қатысы бар құнды деректер ғылыми тұрғыдан да нақтылығымен ерекшеленеді.

Атақты құсбегілер қолға үйреткен бүркіттерін арнайы жеке атау сөзбен атайтын болған. Мысалы, «Көкжендет», «Ақбұршақ», «Қыранқара», «Ақиық», «Қаншегір», «Қандыбалақ», «Салақсан», «Көкдойыл», «Қарашегір», «Сарықұс» т.б. деп атаған.

Бүркіттің пірі — «Шегірбаян» деп аталатындығы ертеде айтыс өлеңдерінде кездеседі. Ал, бүркітшінің пірі — «Жалайыр Шора» деп аталады. Бұған қатысты ңыз бойынша бүркіт «Аспанда ұшсам қанатым талады, жерге түссем Жалайыр Шора алады» деген сөз тіркестері сақталған.

Бүркіт (орысша - «беркут», латынша — *Aquila chrysaetos* L.1758) — құстардың сұңқар тектестер (кейде күндізгі жыртқыш құстар деп те атайды) отрядының қаршығалар тұқымдасының қырандар туысына жататын дене тұрқы ірі жыртқыш құс. Оның «бүркіт» деп аталуы жемтігін (қорегін) саусақтарымен бүріп ұстау тәсіліне байланысты аталған. Бүркіттің латынша атауы «Алтын қыран» деген ұғымды білдіреді.

Бүркіт қыран құстар тобындағы ең ірі әрі күшті, дене бітімі мығым жылдам ұшатын сымбатты құс. Көкшіл түсті тұмсығы төмен қарай иіліп келегн. Тұмсығының түбі жалпақтау болып ұшына қарай үшкірлене түседі. «Көк мүйіз, болат тұмсық» деген ұғым бүркіттің тұмсығына сәкес аталған. Бүркіт тұмсығының жиектері біртегіс, әрі пышақтай өткір болады. Төрт саусағы да салалы, әрі бұдырланып мүйізді қабыршақтармен қапталған. Саусақтарының ұшындағы қанжардай өткір тырнақтары ішке қарай иілген. Жемтіктерін саусақтарымен бүрген кезде өткір тырнақтары терінің астындағы бұлшықеттерге терең кіріп жемтігін тырп еткізбей табанындағы түйізді бүртіктерінің көмегімен тұншықтырып өлтіреді. Оның өкше тұсындағы артқы саусағы — «тегеурін» деп аталады. «Тегеуріні мықты» деген ұғым саусақтарының өте күшті екендігін аңғартады. Бүркіттің ішкі саусағы — «жембасар», ортаңғы саусағы — «сығым», ал шеткі (сыртқы) саусағы — «шеңгел» (шынашак) деп аталады. Бүркіт саусақтарының атауларынан әрбір саусақтың жемтігін ұстауда қандай қызмет атқаратындығын нақты байқауға болады.

Бүркіттің еркегін ана тілімізде — «шәулі» (бұқатана) деп ата-са, ал ұрғашысын — «ұябасар» деп атайды. Бүркіттің шәулісіне қарағанда ұябасардың дене тұрқы ірі болып келеді. Ұябасардың орташа дене салмағы 3,8-6,3 кг болса, ал шәулісінің дене салмағы 2,8-4,1кг

Бүркіттің жеке қанат қауырсындарының топшысынан ұшына дейінгі ұзындығы 55-70см, ал екі қанат қауырсындарын жайған кездегі ұзындығы 1,5-2 метрден асады. Қанаттарының шеткі 12 ірі қауырсыны — «шалғы қауырсындар» деп, қанаттарының ортасына бекіген қауырсындары — «аралық қауырсындар», ал денесіне жақын орналасқан ішкі қанат қауырсындары — «ірге қауырсындар» деп аталады. Бүркіттің құйрық қауырсындары да ірі, олардың ұзындығы 33-36 см. Ондағы қауырсындардың саны көбіне 12 болап келеді. «12 құйрық, 5 шалғы» деген сөз тіркестері қауырсындарының санына сәйкес айтылған.

Қазақстанда бүркіттің 3 түр тармағы (ортаазиялық, оңтүстік еуропалық және шығыс сібірлік) кездеседі. Бүркіт жыл он екі ай қоныс аудармай бір орында мекен етеді. Елімізде бүркіттің таралу аумақтарына байланысты «тау бүркіті немесе құз бүркіті», «қыр бүркіті» және «ой бүркіті» деп бөледі. Көптеген құс бегілер тау бүркітін алғыр деп есептейді. Олардың дене тұлғасы ірі әрі иықты, екі аяғының арасы (аңғары) бір-бірінен алшақ болып келеді. Бүркіттің көзі өте қырағы (өткір). Ол 1-2 шықырым биіктікте ұшып жүріп жердегі сарышұнақты айқын көре алады. «Құстың көзі оңбай өзі оңбайды», «Көзі бүркіттің көзіндей» деген ұғымдар соны аңғартады. Бүркіттің жүректі екендігін бүркітшілердің пікірі бойынша көзінен білуге болады.

Бүркіт жылына бір рет түлеп ескі қауырсындарын алмастырады, осыған сәйкес бүркіттің жасына бір жас қосылып отырады. Табиғи жағдайда бүркіт 30-50 жылдай тіршілігін жалғастыра береді. Тәжірибелі бүркітшілердің пікірі бойынша бүркіттің 5 жасқа дейін (5 түлекке дейін) қауырсындарының түсі үнемі өзгеріп отырады да, 5 жастан соң қауырсындарының түсі біркелкі қоңырқай түске ауысады. 5 жасқа толған — «мұзбалақты» аң-құсқа салуға болады. Бүркіт 4-5 жаста жыныстық жетіліп, жұп құруға кіріседі. Ұяларын мекен еткен табиғи орта жағдайларына байланысты далалы алқаптарда биік өскен ағаштарға салатын болса, ал таулы алқапта таралған бүркіттер жар қабақты жартастардың таса жеріне салады. Ұяларын көбіне құраған ағаш бұтақтарынан қиюластырып үлкен етіп салады. Ұяларының диаметрі 1,5-2 метрдей, биіктігі 50-60 см болады. Бүркіт ұясын өте таза ұстайды. Бүркіт ұяларының ара қашықтығы 1,5-2 шақырымдай болатын етіп бірнеше ұя салып оның біреуінде жұмыртқа салса, ал қалған ұяларда тынығу және т.б. қажеттері үшін

пайдаланады. Жыл сайын ұяларын жөндеп ретке келтіріп отырады және оларды бірнеше жыл қатарынан пайдаланады. Бүркіт жұп құру кезінде бірде қайқаң қағып биікте ұшса, бірде құлдилап төмен қарай ұшады мұны құсбегілер «қанат салу» немесе «құстың көктеуі» деп атайды. Ұябасар бүркіт нурыз-көкек айларында 1-2 (көбіне 2) жұмыртқа салып, оны 40-45 күндей шайқап балапан өрбітеді. «Ұябасар» деген атау жұмыртқаны шайқайтындығын нақтылай түседі. Ұядағы балапандарына алғашқы кезде шәулісі қорек тасып қамқорлық жасаса, кейіннен ұябасары да бірге қоректендіреді. Балапандары 2,5-3 айда қарақанаттанып, ұядан ұшуға талпынады. Бірақ та балапандарына ұзақ уақыт ұябасары мен шәулісі бірге баулып қамқорлық жасайды.

Құсбегілік немесе саятшылық өнер қазақ халқының рухани ұлттық қазынасы деп аталады. Бүркітті қолға үйрету үшін құсбегілер көптеген әдістерді пайдаланады. Мысалы, ұядағы балапан кезінен қолға ұстап баулуды ұнатады. Ол қолға тез үйренетіндіктен «қолбала» деп аталады. Түз бүркітін көбіне қыста тор құрып ұстайтын болған. Кейде жаңа сойылған еттің арасына ұсақ тастарды тығып қолға түсіруге ұмтылған. Бұл кезде ашыққан бүркіт қызыл етпен тояттап, жемсауы ауырлайды да ұзаққа ұша алмайды. Осындай әдіспен атпен қуып, шапанмен жауып ұстауға болады. Кейде қолға үйретілген бүркітті түздегі жабайы бүркітпен шеңгелдестіріп ұстау т.б. әдістері де қолданылған. Қолға үйретілген бүркітті үнемі «бопым-бопым» деп дыбыс шығара отырып жуасытуға болады.

құсбегі, сыбызғышы Т.Сауыржанұлының «Құсбегілік» [6], тарих ғылымдарының докторы, этнограф Б.Кәмалашұлының «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» [7] деген зерттеулері, сондай-ақ жалпы саятшылық туралы Орталық мемлекеттік музейден шыққан этнографиялық энциклопедия мол мағлұмат береді. Қытайда өмір сүрген құсбегі, халық мәдениетінің білгірі Шаяхмет (Шайқасын) Жәңгірұлының «Алымыр құстар жөнінде» [8] және «Бүркіт және оның ерекшеліктері» [9] деген зерттеу мақалаларының ел біліміне қосатын үлесі зор. Осы зерттеудегі бүркіт сынының біршама белгілері ұлы Абайдың атына телініп, ел арасына таралған «Бүркіт сыны» деген өлеңмен де үндес келеді.

Қазақ ең қыран құстың бір түрінің мифтік атауын “бидайық”, ал ең әйдік саятшыны “мініскер құсбегі” десе, қыран құстың пірін Жалайыр Шора деп атаған. Халықтың ұғымында Жалайыр Шора алғаш рет қыран құсты қолға үйретумен бірге бүркіттің жабдықтары томаға, аяқбау, биялайды ойлап табушы. Ал, оның әкесі Шанышқылы Шора тіпті мылтықты, алғашқы оқты жасаған, жезтырнақтардың көзін жойған сұрмерген ретінде аңыздалады [8]. Құстың пірі Шора туралы алғашқы мәліметтің суыртпағын XIII ғасырда жазылған “Моңғолдың құпия шежіресі” дестірінен де кездестіреміз. Онда ол Бодан Шора деген атпен белгіленген, текті әулеттің негізін қалаған, Шыңғыс қағанның арғы бабасы, саят құсын қолға тұңғыш үйретуші адам ретінде суреттеледі [1].

«Бодон-шор қара құрды көк қаршыға ұстап жегенін көріп, шодыр арқа, шолақ құйрық сұр атының қылынан тұзақ істеп, манағы көк қаршығаны ұстап алады. Жазғытұрым болып, үйрек келер шақта қаршығасын қайырып, құсқа салып, қаз-үйрек жеп, тауыса алмайды. Бұтақ сайын бұтарлап іліп, түбір сайын түтелеп жинайды» [10].

Демек, ілкі ата құсбегі Шора туралы желілес аңыздардың арғы төркіні ежелгі заманнан алғашқы саятшы бейнесінде көшпелі жұрт арасына түрлі нұсқада таралғаны байқалады. Аңшылар кейде мылтық деп айтуға тыйым салып, оны «жетім шора» деп те эвфемизммен атауы — Шораның жасампаздық әрекетінен хабар бергендей.

Академик Ә.Марғұлан Жалайыр Шораны XVIII ғасырда өмір сүрген адам ретінде белгілейді, бірақ себебін түсіндірмейді. Ғалым Б.Хинаят «Бабырнама» еңбегіндегі Хасан Әли Жалайыр құсбегіні

Шораға түпнегіз болған тұлға деген ойды айтады [11]. «Бабырнама» еңбегінің «Қабул» атты бөлімінде былай деп жазады: «Мұхаммед Бұрындық білгір, ұлы басшы болатын. Ол қыран құс салуға құмар еді. Егер қырандарының бірі жоғалып немесе өліп қалса, Мұхаммед Бұрындық мырза ұлдарын ауызға алып: «Қыран жоғалғанша, қыршындардың неге желкесі үзілмейді» деп қарғанатын. Сұлтан Құсайын мырзаның Хасан Әли Жалайыр деген әкімі де болды. Оның шын аты-жөні Құсайын Жалайыр, бірақ жұртқа Хасан Әли деген есіммен көбірек танымалды. Оның әкесі Әли Жалайырға Бабыр мырза қамқорлық көрсетіп, бек дәрежесін берді, содан кейін Жәдігер Мұхаммед Гератты алған кезде Әли Жалайырдан жоғары адам жоқты. Хасан Әли Жалайыр құсбегі, әрі ақын еді. Өлеңді жазғанда Тахаллус Туфеил тәсілін пайдаланатын» [12]. Моңғолия қазақтары Жалайыр Шораны «Жазайыл шор» деп те атайды [6].

Ел аузында «Тінейдегі қасиет — ұялас екен Сарықұспен, Шорадағы қасиет — тілдес екен бар құспен» деген де сөз орамы бар.

Шетел қазақтарында құсбегі найман Тіней мен оның Сарықұсы, Тіней мен Жалайыр Шораның достығы туралы желілес аңыз-әпсаналар мол таралған. Ел аузында тасбауыр жандарға қарата айтылатын «Тінейдің Сарықұсындай, өзіне-өзің шеңгел сал» деген мәтел бар. Ол туралы мынадай әпсана таралған:

«Ертеде Тіней деген құсбегі қайыруы жетпеген алғыр қыраны Сарықұсты өзім келгенше аңға салмандар деп, бір жаққа кеткенде, тентек өскен жалғыз ұлы құсты алып шығып, аңға салады. Бірақ ол қайыруы жетпегендіктен, анды ала алмай қалып, ашулы қыран баланың өзіне түсіп, бүріп өлтіреді».

Тінейдің Сарықұсын кейде халық асырап отырған иесін де алған сұсты қыран кейпінде түсіндірсе, кейде иесіне адал, тіпті иесі өлген соң оның моласына келіп соғылып опат болған қыран ретінде бейнелейді.

«Ғайыптан пайда болып, қолына түскен сары құсты Тіней үш жыл түлетіп барып салады. Бірақ үміті ақталмайды. Тағы екі жыл түлетеді. Тіней құсбегі құла атына мініп, сары бүркітін көтеріп, қыс бойы салбурын құрса да, ештеңе алдыра алмайды. Мұны көрген құсбегілер: «Ей, Тіней, «құсың түлкі алса — бүркіт, алмаса — лау мінген шүршіт» дейтін сөз бар, жалғыз атыңды қинап әуре болғанша, аяқбау, томағасын сыпырып қоя бер», — деп ақыл айтады. Сары құстың бітімі мен көрік-келбетінде бір кереметтің

барлығын байқаған Тіней оны босатып қоя беруге қимайды, есік алдындағы қу түбірге қондырып, байлап қояды.

Осы кезде елдің көп жылқысы жоғалып абыр-сабыр күн туады. Іздеушілер із кесіп жүріп, бейсауыт бір адамды «жылқы ұрыларымен сыбайлас» деп ұстап әкеліп, аяқ-қолына ауыр кісен салып қояды. Ол сорлы кісенін сүйреп үйлерді қыдырып, тамақ асырап жүреді. Бірде әлгі адам кісенін салдырлатып, Тінейдің үйіне келеді. Есік алдында қу түбірге қонып отырған сары құстың мыңқылдап шақырған үнін естіп:

- Қайран қыраным-ай, Алтайдың алты асқарын асып сен қайдан келіп едің, алты қабат Алатауды басып мен қайдан келіп едім? — күңіренеді. Сөйтсе сол тұтқын әйгілі құс сыншысы екен де, Тінейге бұл құсты ту биенің қазысын беріп қайыру керек екенін ұқтырады. Айтқандай-ақ Сарықұс ерекше алғыр қыран болады. Иесі өлген соң оның моласына соғылып, ақыры опат болады [13].

Қырғыз халқы арасына да мұндай аңыз-әпсаналар таралып, қыран құстың айрықша бейнесін даралауға фольклор поэтикасына сай көркем айшық ретінде қолданылған. Мысалы, бір әпсанада мініскер Домоның қызы баптаған ерекше қыран күйі келмей ашуланып, өз күйеуіне түсіп өлтіреді [14]. Қазақта Шораның қызының төркінінен қалап алған бүркіті күйеуін алыпты деген әпсанаса да бар .

«Буудайық» деген жырда саятшы Төлөк Жәнібек ханға құс патшасы ерекше қыран бидайықты сыйлайды, оның бабы келмегенде «құнажын құйрық қу кемпір» саятшының төс етін жегізсе, қыран бабына келетінін айтып, бұл кеңес ақыры орындалады:

Куш төрөсү Буудайық,
Төш этинен ойду ошол,
Боор этине тойду ошол,
Көзүнө қанын куйганда,
Тапка келип калды ошол [15].

Түйіндеп айтқанда, қазақ халқы Жалайыр Шораны құсбегілердің пірі деп дәріптесе, Тінейді кереметке ие Сарықұстың иесі деп ұққаны байқалады. Құсбегілер қыран затының сыны туралы небір келісті байламдарды, өрнекті өлшемдерді, желілі әңгімелерді осы екі тұлғаның төңірегіне топтайды.

Жиналған мәліметтерге қарағанда, бүркіт сыны өлең түрінде де, қара сөз, мақал-мәтел, айшықты теңеу, ажарлы сөз орамы

үлгісінде де ел арасына таралғаны байқалады. Қазақ даласының әр өлкесінен әр заманда жинақталған бүркіт сыны туралы мәліметтер бір-біріне тамырлас, сарындас, сабақтас болуы — қыран затын баптау өнері байырғы заманнан дамып тұрақтанып, жұрт арасына құсбегілік ілімі жүйелі де бірізді жайылғанын көрсетеді. Төмендегі өлеңдерде бүркіт сынының келісімді кескіндері, ажарлы айшықтары, бедерлі белгілері ұқсас бейнеде мүсінделгенін көруге болады.

1) Саңғыру жүні сабалақ, алқалы кер,
Өндірішекті, өр мінез, қайтпайтын ер.
Қалың езу, қара тіл, шын қыраннан,
Кезіксе де аң құтылмас қиуасыз жер.

2) Саңғыру жүні сабалақ, алқалы кер,
Тақысы, бүкісі жоқ қомағай ер.
Айыр сүйек, ашамай арасы кең,
Болса жақсы, бұлдағы бір қарар жер.

Топшысы әлді біткен жоғарылау,
Шалғысы құйрығына барса таяу.
Ұшса ұшқыр, тау басында шақырмайтын,
Бір түлкіден басқаға болмаса жау.

3) Имек емес, сәл иін, аю тұяқ,
Саласы бұрыс емес, шаршы саусақ.
Тұтам төрт елі жуан шоқпар санды,
Төрт болат, көкшіл түсті, бұжыр аяқ.

Мақтадай түбіті бар қалың жүндес,
Дауысы жарықшақсыз жылан үндес.
Аршыса арылмайтын ақ алалы,
Қыран құс қайда екен қолға түспес?!

Бірінші өлеңді ҚХР ШҰАР Алтай аймағы құсбегісі Ш.Жәңгірұлы жарияласа, екінші жыр Семейде «Абай» журналында жарияланған, үшіншісі «Көктоғай ауданының өлең-жырлары» жинағында жарық көреді [9]. Әрбір өлең ұлы даланың

әр өлкесінен, әр қилы адамдардың аузынан, әр түрлі кезеңде жазылып алынғанмен қалыпқа құйғандай ортақ сипат танытады. Қолға түскен деректерді саралағанда, қыранның мүсіні, кескін-келбеті, тұлға-тұрқы, сүйек бітімі, қауырсын-қанаты, тұр-түгі, мінез-құлқы, жас ерекшелігі, ат-атақтары бірізді екендігіне көз жеткіздік.

Мініскер құсбегілер «бас бастайды, аяқ қостайды», «үйірімен үш тоғыз» дегенді айтып, қыранның әрбір мүшелерін үшке жіктеп, жеке-жеке талдап сынаған. 1989 жылы құсбегі Шаяхмет Жәңгірұлы [9] жариялаған бүркіт сынымен 2013 жылы экспедицияда ҚХР Алтай аймағы Шіңгіл ауданында тұратын Құрманбек Токтаубайұлы айтқан мәлімет ұқсас болып шығып, бірін-бірі толықтыра түсті. Анықтағанмызда Қ.Токтаубайұлы Ш.Жәңгірұлының мақаласымен таныс емесі айқын болды, сонымен бірге осы бағыттағы деректер Қазақстанда, Моңғолияда жарияланған мұралармен негізінен үндес екені, тіпті қырғыз саятшылық сынымен де сабақтасып жатқаны құсбегілік өнердегі дәстүр жалғастығын аңғартады [17].

Бұл жайттарды байыптай келе бүркіт сыны туралы пайым мен таным, ұғым мен түсінік есте жоқ ескі заманнан ел аузында айтылып, елек-сүзгіден әбден өтіп, барша қазаққа ортақ болып сұрыпталып, бір арнада қалыптасқан деп қорытынды жасауға болады.

Экспедиция кезінде Құрманбек Токтаубайұлы аудандық қарт құсбегі Дәукей ақсақалдың «Жонның саршегірі» деген құсын қолына қонғызып, дәстүрлі бүркіт сынын айтып берді. Құсбегі Қ.Токтаубайұлының бүркіттің әрбір мүшесін жеке-жеке саралап, қолымен ұстап, саусағымен нұсқап, мұқият түсіндіру сәті телекамера арқылы жазылуы — бұрын түсініксіз бұлдыр болып келген көп жайттың басын ашуға ықпал етті, әрі қыранның анатомиялық күрделі кескін-келбетіне жақыннан қанық болуға мүмкіндік туғызды.

Біз осы зерттеуде Қ.Токтаубайұлы аузынан жазып алған деректерді халық қазынасының білгірі Ш.Жәңгірұлымен қосымша толықтырып, ішінара басқа мәліметтермен кешенді салыстырып, бүркіт сыны туралы дерекқорын бірізге түсіріп, жүйелеп, жіктеп, саралау жұмысын жүргізу арқылы дәстүрлі бүркіт сынын жаңғырта толықтауға, топтауға ден қойдық.

Саятшы Құрманбек Тоқтаубайұлының айтуынша бүркітті алғаш қолға үйреткен Жалайыр Шора, ол «Көкшенің қаусырмасы» деген құсты ұстаған. Бүркіттің қол тұғырдағы жасы отызға толады, яғни отыз рет түлейді деген сөз бар болғанымен құсбегілер негізінен бір бүркітті 9-10 жыл баптап ұстаған. Оның айтуынша, бүркіттің жасы төмендегідей: 1. балапан, 2. қантүлек, 3. тірнек, 4. тастүлек, 5. жана, 6. қана, 7. ана.

Қ.Тоқтаубайұлы кейбір құсбегілер бүркіттің жасының то-мар, бармақ, баршын, молатүлек, шолақтүлек (Қартайған сай-ын күйрығы қысқарып кететін себепті) т.б атауларын қосып жиырмаға таман жеткізетініне де назар аударды. Жалпы құсбегілер жергілікті ерекшелікке сай құстың жасын әртүрлі ай-татыны белгілі. Мысалы, осы Шіңгіл ауданының құсбегісі Дәукей ақсақал бүркіт жасын басқаша таратып берді. Олар мынадай: 1.балапан. 2.тірнек, 3.тастүлек, 4.ана. (4 жасында құс бірінші рет жұмыртқалап ана болады) 5. құмтүлек, 6.қутүлек (5-6 жасқа кел-генде құс туғандықтан түлемей қалады, сол себептен құмтүлек, қу түлек дейді). 7. мұзтүлек (7 жасында құс тумай ту қалады, сол се-бептен мұзтүлек дейді). 8.қана 9. балабаршын. 10. тұлымыр. 11. сана. (Бұл сана деген сөз осыдан кейін жас жоқ, оны өзің сана, тап дегені). Академик Ә.Марғұлан балапан, тірнек, тастүлек, қана, жана, бозым, баршын, лақса деген жастарын айтады.

Жалпы, бүркіттің жасы әр өңірде ішінара айырмашылыққа ие екендігі ғылымда анықталған жайт.

Академик Ә.Марғұлан биология ғылымы байтақ отанымызда мекендейтін бүркіттерді бес топқа бөлетінін айта келе, ел саятшы-лары оларды мекен еткен жері мен жүнінің түсіне қарай 12 түрге бөлетінін жазады: «Оралдың ақиығы» (Құсбегілер бұл жайында «Оралдың орауызы», «Оралдың зор табаны», «Тапсаң құстың орын сал, таппасаң зорын сал» дейді А.Тойшанұлы), «Алтайдың мұзбалағы», «Қазықтының қаракері», «Құмның қызыл көзі», «Желектінің жирен тұяғы», «Ертістің саршолағы», «Қарағайдың қоңыр аласы», «Есбалақтың есерсоғы», «Дересіннің шұбары», «Жанбауырдың жарғыш тұяғы», «Өлтірмей бермес Өтеген», «Несібелі байқасқа».

Этнограф ғалым Б.Кәмалашұлы бүркіттің тек-тұрпатына қарай 94 ат-атауы бар екенін жазады [7]. Б.Солтоноев қырғыздар бүркітті 65 түрге айырып, ішінара 19 ұрыққа (тұқымға) бөлетінін жазады. Бұл

аталған он тоғыз тұқым ішінде қазаққа ұқсас атаулары «бидайық (көрмедік дейді), алып қара құс, чөгөөл (шөгел), шашкалаң сары (сасқалақ сары), байқашка (байқасқа) және т.с.с [16].

Құсбегі, манасшы С. Қаралаев қырғызда Муз мурут, Келтебоз бен Жанбоз («Келтебоз салсаң кеңірсін, Жанбоз салсаң жарырсың»), Молор («Оролмо таудың асыл құс, бабын тапсаң күнде ырыс»), Карачык, Желдүү Сыргак пен Желбегей Сыргак, тағы да қыран емес осал Чокынын карасы деген бүркіттің сегіз түрі бар екенін атайды [17].

Қазақтағы қыранның кейбір сирек атауларына тоқталсақ, Ә.Марғұлан Алатау, Памир, Алтай тауларын мекендейтін шүгел (шөгел) қыранның үш түрі «мұзбалақ шүгел», «шашақты шүгел», «сүйелді шүгелге» жеке-жеке мінездеме береді: «Шүгел қырандардың тіршілігі көбінесе биік таудың ішіндегі арқар, киік, қасқыр сияқты аңдардан тоят алып әдеттенгендіктен, ешбір жанды заттан қорықпайтын ер, түсі суық, өте тәкаппар келеді», — деп жазады. «Абай жолы» романында ұлы ақынның Қарашолақ деген бүркіті «Жанбауыр Шөгелдің» тегінен екені айтылады. Моңғолиялық Т.Сауыржанұлы да «Жанбауыр шөгел» деген ерекше қыранның сыр-сипатына тоқталады. Баяғыда Саршолақ деген бүркітінен айрылған тағы бір құсбегі «Қыр мұрынды, қиғаш қас, шөгелім-ай, Көздің жасын көл қылып төгемін-ай» зарлаған екен деседі.

Моңғолиялық құсбегі Дәуітхан Замбы бүркітті төрт түрлі тектұрпатқа жіктеп айтты: «ақиық, кенесары, бұқатана, сарша». Оның пікірінше, ақиық пен кенесары бүркіттің ең алғыр қыраны, ал бұқатана оларға жетпейді, күйшіл, оны мықты құсбегі баптаса ғана түлкі алғызатын көрінеді.

Демек, Кенесары Қасымұлының есімі кенемен емес, аспан сермендесі қыран затына ырымсыз сабақтастықты аңғартады.

Т.Сауыржанұлы «Бүркіттің еркегін шәулі, ұрғашысын ұябасар дейді. Шәулі бақабастау, бітімі төртбақ, ұябасардан кішірек, саусақтары былтығыр, қанат-құйрығы келтелеу болады. Шәуліден өткір қыран шыққанымен ұябасарға жетпейді. Бүркіттің бұдан кішірегін бұқатанаға жатқызады. Ол күйіне келгенде бірлеп-екілеп түлкі алуға жарайды. Ең кішкене азғынын сарша дейді. Саршаның түлкіге әлі жетпейді, ұсақ қоян, тышқан сияқты жәндіктерді ғана алып жеп күнелтеді. Бұқатана мен саршаның ауданды тегі шәуліден

шығады» деп жазады [6]. Ж.Бабалықұлына 1978 жылы Батыс Қазақстан өңірінің құсбегісі Есіргеп Фаридинұлы “бұқатана, бәрін, шәулі” деген қыранның түрлері бар деген деректі айтып берген [5].

М.Әуезов: «Аңшылықтың үміт, қуанышы көп. Ыстық оттай қызулы минуты көп, мағыналы өмір. Аңшылықта кісіні ақын күйіне жеткізетін сезім күйі көп. Бұл — салқындап кеткен кәрі ақылдың өмірі емес, сүйген ғашығынды сағынып келіп, күліп-ойнап өткізген күндіз-түніндей ыстық сезім өмір. Өйткені бір минуттың ішінде қуантатын да, жүдететін де күйлерді кешіреді. Соның бәрін айтып жүргендіктен аңшының тілі шешен, қиялы жүйрік. Бүркіттің ұшқанына, түлкінің құтылмақ болған айласына, құсшының ебіне арналған талай шешен сөздер бар. Аңшылық өмірінен ілгері-соңғыдан қалған талай қызықты, жанды, сұлу әңгімелер көп» деп жазған еді.

Қыран затының сыны мен сыры, кескіні мен келбеті, мінезі мен ділі туралы халық өлеңдерінің шұрайлы тілі, бағзы поэтикалық мән-мағынасы алуан қырлы, ажарлы да астарлы екені байқалады. Мәселен, мына өлеңде томаға тартқан құсбегінің сол мезеттегі көңіл-күйі, шабыттап шүйген хас қыранға ақ тілегі арналған:

Шынжыр балақ, шұбар төс,
Имек тұмсық, қанды көз.
Томағанды тартайын,
Алдыңнан түлкі болсын кез!

Еркесің бүркіт жер, көкте,
Ұстай көр, барып тез жет те.
Айбарынан түлкінің,
Айбынбай барып шеңбекте.
Қанжығымды қатырып,
Атымды босқа терлетпе!

Ә.Марғұлан құсбегі сонарда 10-15 түлкі алдыру үшін күніне 30-40 шақырымдай жол жүретін кезі болатындықтан көмпіс қарулы аттың қажет екенін айтады. Қырғызда «Бүркіт салсаң алтайдың қызыл түлкісін киерсің, қаршыға салсаң, қалжа жеп, жазға жақын болғанда атының басын қарға жейт» деген тәмсіл бар [16]. Өлеңде

саятшының «Атымды босқа терлетпе» деуі — сол машақатты әуре сарсаңнан аулақ болуды қалауы.

ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген деп аңыздалатын әйгілі құсбегі, Қожамбет сойлы Жәңгөдей дейтін құсбегі айтты деген мына өлеңге назар салайық:

Қайқы ерін, қылыш тұмсық, кешкіл маңдай,
Шүңірек, қызыл көзі, жаққан шамдай.
Кең топшы, сұңқар қанат, құзғын құйрық,
Қанышер, қара тілді, жырық таңдай.
Тарқайды қолыма алсам, серқұмарым,
Құс пірім Шора бабам тапсырғандай!

Мұндай өлеңдердегі этнографиялық ұғымдар мен айшықтар дәстүрлі құсбегілік ілім-білімінен бейхабар бүгінгі қауымға түсініксіз болатыны сөзсіз [18]. Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданы тұрғыны, әйгілі құсбегі Иқанбай айтып берген мына өлеңдегі бүркіт сынының әрлі өрнектері құсбегілік ілім өлшемдерімен дәлдікті көрсетеді:

Жұқалау, көк тұмсығы келсе жалпақ,
Мелжемді қожыр аяқ, бұты талтақ.
Көз ауданы шүңірек, кешкіл маңдай,
Кең иық, саны жуан, төсі шалқақ.

Топшысы келсе алдына жоғарылау,
Шалғысы құйрығына тұрса таяу.
Көкте ұшқыр, тұрғыда шаңқылы жоқ,
Бір түлкіден басқаға болмаса жау.

Саятшылықтың кимас қызығы туралы ел арасына мынадай аңыз таралған: «Ер Жәнібек батыр: «Сұлу қыздың ақ білегі мен орман түлкінің қара қасқа сирағы-ай. Ұстағанда қайсысы ыстық екенін айыра алмай кеттім жалғаннан деген екен-міс» [6].

Алғашқы қансонарда саятшы айтқан мына бір өлеңде адам үшін айқасқа түсіп, аппақ қардың үстін алқызыл қанға бояйтын ақиық қыран мен алтайы қызыл түлкінің арпалысар сәтінің пердесі ашылғандай:

Бұтада жатқан бұғынып,
Жапсар тасқа тығылып,
Тұра қашқан жүгіріп,
Түлкі бір қызыл шұғынық .
Томағанды тартайын,
Пейілім тұр сұғынып.

Тебінгіден тер шықпай,
Қанжығама қан жұқпай.
Қақ тұмсықтан жан шықпай,
Көңілім менің көншімес,
Құмарымнан бір шықпай!

Қорыта айтқанда, қыран затының сыны туралы ұғымдар мен түсініктер, пайымдаулар мен топшылаулар халық мұрасының үлгілерінде ортақ қалыпқа құйғандай ұқсас екені айқындала түсті. Бүркіт сыны туралы ел арасында ауыздан ауызға таралған өлеңдердегі байырғы этномәдени атаулар жүйесі халықтық құсбегілік іліммен сабақтас, өзектес, кіндіктес екендігі аңғарылды. Бұл саладағы өлеңдерді саятшылық өнерден хабары жоқ жандар дәлме дәл түсінуі, тануы екіталай. Сол себептен де түрлі жарияланымдарда бүркіт сыны туралы байырғы атаулар мен кейбір көнерген сөздер жаңсақ басылып келгені аңғарылды. Қыран құс туралы құсбегілердің дерегін ел арасында таралған аңыз-әпсана, өлең-жырлар, мақал-мәтелдермен, түрлі ғылыми еңбектердегі тұжырымдармен кешенді салыстыра келе дәстүрлі бүркіт сыны туралы дереккөрі осы зерттеуде мейлінше жүйеленіп, сұрыпталып, толықтырыла түсті.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Марғұлан Ә. *Саят құстары // Таңдамалы. 2-том. Алматы, 2007.*
2. Бегалин С. *Саятшы әңгімелері. Алматы, 1979.*
3. Қасиманов С. *Сиқырлы сыбызғы. Алматы, 1961.*
4. Қасиманов С. *Алтай аңыздары. Алматы, 1975.*
5. Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. *Саят. Алматы, 1989.*

6. Сауыржанұлы Т. Құсбегілік. Өлгий, 1990.
7. Кәмалашұлы Б. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Улаанбаатар, 2013.
8. Жәңгірұлы Ш. Алымыр құстар жөнінде/ / Ғылым және өнер. №4. 1986.
9. Жәңгірұлы Ш. Бүркіт және оның ерекшеліктері // Алқап, №8. Пекин, 1989.
10. Моңғолдың құпия шежіресі. Өлгий, 1979.
11. Хинаят Б., Исабеков Қ. Саятшылық. Алматы, 2007.
12. Бабыр Захир-ад-дин Мұхаммед. Бабырнаме. Алматы, 1993.
13. Мыңжани Н. Тінейдің Сарықұсы. «Шыңжан әдебиет - көркемөнері» журналы. №12. 1979.
14. Кыргыз элинин оозеки чыгармачылык тарыхынын очерки. Фрунзе, 1973.
15. Мурас. Фрунзе, 1990.
16. Солтоноев Б. Бүркүт, туйгун, куш, шумкар, ылачын, күлүк ат жана тайган таптоо // Кыргыздар. Бишкек, 1991.
17. Каралаев С., Эшмамбетов К. Бүркүттөр. Фрунзе, 1983.
18. Қазақтың этнографиялық атаулар, ұғымдар мен категорияларының дәстүрлі жүйесі Том 1. Алматы, 2011.

**СВЕТЛОЙ ПАМЯТИ ЭТНОГРАФА
ГЕОРГИЯ НИКОЛАЕВИЧА СИМАКОВА
(19.02.1942 - 30.09.2006) — АВТОРА ТРЕХ КНИГ ПО
СОКОЛИНОЙ ОХОТЕ У НАРОДОВ СРЕДНЕЙ
АЗИИ И ЗАКАВКАЗЬЯ**

Шергалин Е.Э.

*Трест наследия соколиной охоты
(Falconry Heritage Trust), Carmarthen, Wales, UK.
E-mail: fht@falcons.co.uk*

30 сентября 2006 года не стало ученого-этнографа Георгия Николаевича Симакова — крупнейшего специалиста по соколиной охоте (СО) и этнографии Средней Азии.

Георгий Николаевич родился 19 февраля 1942 года в деревне Варлаково Кировского района Курганской области (теперь это Челябинская область) куда была эвакуирована его мать из осажденного Ленинграда. Его отец офицер-сапер в это время воевал на фронте в Красной Армии [1].



**Рисунок 1. Слева: Г.Н.Симаков с беркутом в Средней Азии в 1990-ые.
Справа: Г.Н.Симаков с перепелятником в Абхазии в 2000-ые.**

После окончания средней школы в Ленинграде в 1959 году он стал студентом Восточного факультета Ленинградского университета, который окончил с дипломом тюрколога-филолога. В 1970 Г.Н.Симаков начал работу в Ленинградском отделении Института

Географии АН СССР где стал сотрудником его научно-просветительного отдела. Работа экскурсоводом позволила ему хорошо познакомиться с коллекциями Музея антропологии и этнографии и привила вкус к артефактам на всю жизнь. Через год Георгий Николаевич перешел на работу в сектор этнографии Средней Азии и Казахстана. С этого времени и до конца жизни вся его научная деятельность была связана с Киргизией, в которой он провел 20 полевых сезонов, собирая уникальный материал по осязаемому и неосязаемому культурному наследию этой страны. В этом секторе в то время, по словам его близкого коллеги Юрия Михайловича Ботякова, работали основатели бывшей советской школы среднеазиатской этнографии как Н.А.Кисляков, Е.М.Пещерева, Э.Г.Гафферберг. В те годы сектор возглавлял Сауль Матвеевич Абрамзон — выдающийся ученый, основоположник этнографии как науки в Кыргызстане. Сауль Матвеевич и стал научным руководителем Георгия Николаевича [1].

Институт Этнографии в лице Симакова приобрел настоящего энтузиаста этой науки. За первые 5 лет работы Г.Н. собрал более чем 500 музейных артефактов которые обогатили коллекции Музея Антропологии и Этнографии им. Петра Великого. Транспортировка некоторых коллекций была сама по себе героизмом: чего стоили только попытки доставить из узбекской деревни в Ленинград масломешалку - об этом эпизоде сам Георгий Николаевич часто потом любил вспоминать и рассказывать. Георгий Николаевич великолепно владел киргизским языком, что позволило ему работать абсолютно свободно, не утыкаясь в языковые барьеры в разных уголках этой высокогорной и поэтому труднодоступной страны [1].

В течение первых лет работы в Институте научные интересы Георгия Николаевича были сконцентрированы на изучении типологизации животноводства у народов Средней Азии и Казахстана и традиционных их игр и развлечений. С любовью и знанием подготовленная им выставка стала результатом первых исследований в этом направлении. Другим важным итогом стала подготовка кандидатской диссертации и ее успешная защита в 1979 году. На основе ее и добавленных новых материалов в 1984 году выходит отдельная монография «Общественные функции киргизских народных развлечений народа в конце XIX — начале XX в.» [2]. Эта монография отличалась глубоким анализом как полевого, так и архивного материала.

Постепенно внимание Г.Н. Симакова все более и более стало концентрироваться на традиционной охоте у киргизов и, в первую очередь, на СО. Эта тема стала главной в его научных исследованиях, которая позволила ему под новым углом описать серию аспектов общественной организации у народов Средне-Азиатско-Казахстанского региона, их традиционную военную деятельность, взгляды народной идеологии. Именно Г.Н. Симаков стал первопроходцем в этой области этнографической науки в бывшем СССР. Результатом его глубокого проникновения в предмет стало появление двух монографий «Соколиная охота и культ хищных птиц у народов Средней Азии (ритуальный и практический аспекты)» в 1998 году [3] и «Соколиная охота в Средней Азии в XIX-XX веках. Практический аспект» в 1999 году [4], а также подготовка в 2000 году докторской диссертации на 333 страницах. Появление этих двух книг произвело эффект разорвавшейся бомбы среди орнитологов - специалистов по хищным птицам.



А



Б

Рисунок 3. А. Передняя обложка книги “Соколиная охота и культ хищных птиц у народов Средней Азии (ритуальный и практический аспекты)” (1998). Б. Передняя обложка книги “Соколиная охота в Средней Азии в XIX-XX веках. Практический аспект» (1999).

В первой из своих монографий Г.Н. Симаков отразил исторический ряд идей, верований и ритуалов, связанных у оседлых и кочевых народов Средней Азии с хищными птицами. Он убедительно продемонстрировал как древние религиозно-магические идеи, связанные с хищными птицами, продолжают существовать в контексте

патриархально-клановых норм и публичных положений, а также как культ хищных птиц накладывает свой отпечаток на публичную жизнь, а также на военную сферу, государственную дипломатию и экономику. Г.Н. Симаков восстановил народную классификацию хищных птиц, придя к выводу, что с одной стороны, в ее основе лежит модель патриархально-кланового общества, а с другой стороны — модель феодального государства с высшей верховной властью. Его вторая монография стала фактически своеобразной энциклопедией по СО у народов Средней Азии и Казахстана, в которой богатые полевые материалы были дополнены многочисленными профессиональными деталями и нюансами.

В 1994 году Г.Н. Симаков перешел на работу в Отдел этнографии народов Кавказа и предпринял несколько экспедиционных поездок на Кавказ для изучения СО в Аджарии и Абхазии. Весной 2006 году, уже будучи смертельно больным, он посетил Абхазию для окончательной сверки и редактирования монографии “Очерки соколиной охоты у народов Кавказа”, написанной в соавторстве с канд. ист. наук А.Д. Хеция, которая увидела свет в 2011 году [5].



Рисунок 4. Передняя обложка книги “Очерки соколиной охоты у народов Кавказа” (2011)

А еще Георгий Николаевич писал прекрасные стихи и был очень одухотворенным и безусловно талантливым человеком [1]. Как было бы полезно переиздать и перевести книги Георгия Ни-

колаевича на языки народов Средней Азии и на английский язык ! Ведь все его три книги сразу после выхода стали библиографическими редкостями. Как был бы он сам этому рад.... Их ведь ищут у букинистов не только этнографы, но и сокольники, не говоря уже об орнитологах. Он прожил всего 64 года — не выдержало сердце.



Рисунок 5. Два соавтора последней книги (слева направо) вместе с членами семьи А.Д.Хеция. Фото из книги 2011 года.

Автор выражает благодарность Юрию Михайловичу Ботякову за его любезное разрешение использовать здесь материалы некролога, опубликованного им в память о коллеге и друге [1].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ботяков Ю.М. *Георгий Николаевич Симаков (19.02.1942-30.09.2006)*. // *Этнографическое обозрение*, 2007, 4, с.185-187.
2. Симаков Г.Н. *Общественные функции киргизских народных развлечений народа в конце XIX — начале XX в.: историко-этнографические очерки*. Л., “Наука” (Ленингр. отдел.). 1984. 229 с.
3. Симаков Г.Н. *Соколиная охота и культ хищных птиц в Средней Азии (ритуальный и практический аспекты)*. Санкт-Петербург, «Петербургское востоковедение». (серия «*Etnographica Petropolitana*», I). 1998. 320 с. Тираж - 1000 экз.
4. Симаков Г.Н. *Соколиная охота у народов Средней Азии и Казахстана в XIX-XX веках*. Бишкек, “Мектеп”. 1999. 212 с.
5. Симаков Г.Н., Хеция А.Д. *Очерки соколиной охоты у народов Кавказа*. Сухум, 2011. 140 с. Тираж — 1000. На русс. яз. с резюме на абхазском яз.

ДЕРЕКТІ АҢЫЗ — ӘНГІМЕ, ӨЛЕҢ — ЖЫРЛАРДАҒЫ ҚЫРАН ОБРАЗЫ

Шәрбекұлы Ж.

*«Іле кеші» газеті, Іле қазақ атономиялы облысы,
Қытай Халық Республикасы*

Ұлтымыздың ұлан - ғайыр сахара төсі, сайын даласында сейілдеп, көңіл ашу сынды серілік тұрмысы мен құн көріс тіршілігінің маңызды бір бөлегі саналатын саятшылық, құсбегілік өнеріне қатысты ауыз әдебиеті ұшан - теңіз. Академик М.Әуезов: «Адамның өзінен өзге жанды-жансыз дүниенің ішінде ерте күннен ең көп араласатын ортасы осы жан-жануар, неше алуан дос-қас хайуанат ортасы. Ол сан алуан, сан сырлы, санап бітіргісіз жұмбағы көп, ерекшелігі, ерсілігі көп дүние. Есте жоқ ескі заманынан бері қарай адам сол жануар хайуанат дүниесімен әр күйде араласу арқылы олардың алуан - алуан жаратылысы, мерзім - машығы, тірлік тәсілі, өзгешеліктері туралы көп нәрсені білген, таныған. Жаңағы ұзақ араласу арқасында өздері істес болған жан-жануарлардың бәрін тек біліп ғана қойған жоқ, олар жайында толып жатқан аңыз-аңгіме, арман - қиял, нелер сұлу, саналы жыр ертегілер де тудырған». Сондықтан, бұл мақаламызда құсбегілік өнерінің қыр-сыры мен қыран құстардың сипаты, сынына қатысты әрбір өңірде таралған өлең, жыр, тұлғау, шешендік сөздердің тиіптік үлгілеріне үңілеміз.

Бұл өнердің түп тамыры сонау әріде, есте жоқ ескі замандардан басталып, қыран құстар образын халқымыз сөз өнерінде ғана бейнелеп қоймай, қазақ даласындағы ежелгі жартас суреттеріне де ойып түсіргендігі ой салады, тіпті тарихи дерек негіз етіліп жазылған Күлтегін жырларында да аңшылық-саятшылыққа қатысты деректердің кездесуі әрине, бұл өнердің кездейсоқ құбылыс емес екеніне көзімізді жеткізеді.

2017 жылы мамырдың 17 -сі күні жеті атасынан бері қарай құсбегілік өнерін жалғастырып, мұрагерлік еткен Құлжа ауданы Әулие ауылының мал шаруашылық қыстағында тұратын 77 жастағы Дәулетбай Сейітбекұлы мен Әулие ауылында тұратын 72 жастағы Дәркен Молақай ұлын іздеп барып әңгімелестім.

Дәулетбай ақсақал сөзді арыдан бастады. Оның 5 — ата-сы Боқаш деген адам Найман елі төрт төлегетайынан тарайтын Қызай руына аты мәлім әйгілі билердің бірі, әрі атақты құсбегі болған екен. Боқаш түрлі қыран құсты ұстап, қайырып салып, үш жылға жеткізбей, обалына қалмайын деп қоя беріп отырады екен. Баласы Бошанды қаршадайынан жанынан тастамай ертіп жүріп құсбегілікке баулыпты. Бошанның толысып 30 жасқа толған шағында Іле мен Бұратала өңірінің түйілісіндегі Құсемшек қыстауындағы Байтулақ тауынан Төлеу деген құсбегі түз құсын ұстап алыпты. Нағыз қыранның тұқымы екендігін бітім — тұлғасынан таныған талай құсбегілер құнан өгізден атқа дейін айырбастап аламыз деп ала алмағанын елден естіген Бошан арнаулы іздеп барыпты. Сирек кездесетін алғыр қыран болатындығын көре салып байқаған Бошан билігі мен байлығына сеніп, оның үстіне құда — жұраттық байланыстарын айтып жүріп, үш құнан өгізге айырбастап алыпты.

Кейінгі жылдардағы құсбегілік және қыран құстар туралы деректі әңгіме Жүніс батырдың сары бүркіті туралы жиі айтылады.

Жүніс Берікболұлы 1876 жылы Іленің Күнес өңірінде дүниеге келіп, 1953 жылы 77 жасында Мұңғылкүре ауданы (ортекес) Сарықобы ауылында қайтыс болған екен.

Жүкең жасынан құс салып, ит жүгіртіп, аң аулап, небір жүйрікті баптап, бәйгенің алдын бермеген, батырлығымен де елге танымал болған кісі екен. Аспан серісі қыран бүркітті бір көргеннен танитын қырағы көзді, сұңғыла құсбегі болғандығын, 18 жыл түлегіп салған Сары бүркіті туралы аңызды өр Текес өңіріндегі ақсақалдардың білмейтіндері кемде-кем... Жүніс ақсақал қайтыс болғанда, сол ауылдағы Мақсұт деген кісі жазып, қыз — келіндері айтқан жоқтауын ел аузынан, педагог, қаламгер Әлбатыр Абылаханұлы жазып алған екен.

...Жайлы әкемдей кім өткен,
Көңілі жұмсақ жібектен.
Батыр бабам аттанып,
Бүгін бізді жүдеткен.
Жоқтау айттық өзіңе,
Алладан иман тілекпен.
Мақұлықтың асылы,

Сары құсың қалды байлаулы.
Он сегіз жыл түлеткен,
Ой қормалым, қорғаным әкем, қорғаным,
Жеті ұрыны түсірген,
Жалалы қырғыз бастаған.
Жау шапқанда түнде кеп,
Сонда да қорқып саспаған.
Жаралы етіп екеуін,
Біреуін жерге жастаған.
Ақылшы болып еліне,
Ұрпағын жақсы бастаған.
Ит жүгіртіп, құс салып,
Торы бәйгені баптаған.

Бұл жоқтауда Жүкеңнің ерлігі, құсбегілігі, он сегіз жыл түлетіп салған Сары құсының асқан қырандығы т.б. қамтылып айтылған көркем шежіре сипаттағы жоқтаудың дерек көзі анық, оның өмірінің жырмен кестеленгендігінің өзі де құнды екендігін көрсетіп тұрғандай.

Қыран бүркіттен өзге, алғыр қаршыға туралы да ел ішінде таралған өлең-жыр, аңыз — әңгімелер де аз емес. Халық арасына ең көп таралған деректі жырлардың бірі «Көк жендет».

Ертеректе аты әйгілі бір құсбегінің 18 жыл түлетіп салғанда, бір ауылды құс етімен қамдаған «Көкжендет» атты көк қаршығасынан ойда- жоқта айырылып қалғандағы зары екен. Ақын Сәкен Сейфулиннің деректерге сүйеніп зерттеуіне қарағанда, осы құсбегі Қазақстанның Есіл мен Нұра өзенінің қиылысқан өңіріндегі «Қозыкөш» деген жылғаны мекендеп, өзен аңғарынан топ-тобымен құс аулап, бір ауылдағы жоқ - жітіктерге таратып беріп, бағып қакқандығын айтады.

«...Көк жендет тұғырың алтын, жібек баулы» немесе:
...Көкжендет қанды балақ шіркін кәрі,
Болар ма көк жендеттей құстың бәрі?
Ауылды құс етіне қарық етуші ең,
Шіркіннің не қылайын өтті зары!

Көкжендет, құс ұшады төмен, өрлеп,
Тілейді шабытында үйрек бер! — деп.
Кешке таман салғанда дабыл қағып,
Іледі найзаша атып «мені көр!» - деп...

Осы жырдағы бізді ерекше қызықтыратын жері, көкжендетті алтын тұғырға қондырып, жібектен бау таққаны, кешке таман болғанда дабыл қағып құс аулатуы — халқымыздың ескі дәуірлерден қалыптасқан саятшылық, құсбегілік өнерінің ежелгі дәстүрін көз алдымызға елестеткені болды. Сонымен бірге, батыл, епті, ұшқыр, алғыр қыранға тән ерекшелігіне қызығуынан туған құсбегінің сүйіспеншілігі тағы бір қырынан бейнеленген.

Халқымыз шөптің сонысы, судың тұнығын қуып, кең байтақ сахарасының ауа райы ерекшелігіне негізделіп, төрт маусымда көшпелі тұрмыспен күн кешкен, асқар тау, орманды алқаптарында жыртылып айырылатын аң — құстар мен араласып, кең байтақ шалғынды далада құс салып, ит жүгіртіп, аң аулау- ата кәсібіне айналып кеткендіктен, қыран құстарды ұстап, бабын тауып қайырып салған. Қысқасы, үнемі саят құрып, серуендеу барысында қыран құстардың да тілін біліп, табиғатын таныған. Айталық, «сұңқар — құстың төресі, лашын — құстың жендеті, қаршыға — құстың ұрысы, бүркіт — құстың тәңірі» деп, қыран құстардың өз ерекшелігіне сай «атақтарын» дәл тауып берген.

Ел басына құн туып, ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен қилы - қилы тарихи оқиғалар туылған, тағдырдың тар да тайғақ жолдарында елі мен жерін қорғау үшін атқа қонып ерлік көрсеткен, ел бастаған батыр да батыл, дана да көреген хан, көсемдерін, атойлап шеп бұзған жау жүрек батырларын, білімді шешендерін қыран құстарға теңеп марапаттаған деректі жырлар, әсіресе жыраулар жырынан көрнекті орын алған. Орта ғасырларда көпті көрген, ақылгөй, ықпалды жыраулардың бірі Шалкиіз жырау Тіленшіұлының (1465-1560) «Би Темірге бірінші толғау» және «Би Темірді қажы сапарынан тоқтатуға айтқаны» деген екі деректі жырынан оның беделды би, адуынды сұлтан болғандығы байқалады.

Сен сұлтансың, мен құлмын,
Сен сұңқарсың, мен қумын.
Жемсауыңа келгенде,
Сұлтан ием, сом жүрегім аяман...

(«би темірге бірінші толғауы») немесе; «саһарыңды сайлап қаусырған, боз сұңқарым өзіңсің», «Би Темірді қажы сапарынан тоқтатуға айтқаны») мұнда би Темірді сұңқарға теңеп, өзін онымен салыстыра «құлыңмын» деп кішілік көрсете сөйлеп, кейбір ұнатпаған әлсіз тұстарын сын тезіне алып бетіне айтады. Демек, бұл екі жырдың да тарихи көрінісі бар екенін, үңіле оқысаңыз «мен мұңдалап» тұр.

Даналығы күллі қазаққа әйгілі ел бастаған көсем, сөйлесе ауыздыға сөз бермейтін шешен, қазақтың ханы Абылайға үнемі келелі кеңес беріп, жол көрсеткен, жоңғар шапқыншыларына қарсы соғыс кезінде пікір таласы туылып, соғысты қай жерден қалай бастау керектігі жөнінде бір шешеімге келе алмай дағдарып тұрғанда Бұқар жырау ортаға шығп:

Сен Абылай, Абылай,
Түркістаннан келген ұл едің,
Онан бері келген соң,
Ұлы жүзде Төленің
Түйесін баққан құл едің,
Дәулет қонды басыңа,
Қыдыр келды қасыңа,
Бақ үйіне түнедің.
Алтын тұғырға қонып ап,
Ақ сұңқардай түледің,
Алыстан тоят тіледің,

— деп, атақты хан Абылайды «алтын тұғырға қонған ақ сұңқарға» теңеуі, әсте тегін емес. Сонау сақ, үйсін дәуірлерінде ақ сұңқарды айырықша қастерлеп, кие тұтып, орда ішінде алтын тұғырға отырғызып, бағып-баптағаны туралы деректер, тасқа салған ойма суреттер кездеседі, ал, халқымыз сұңқарды алғырлық, тектілік, даналық, мырзалық, сұлулықтың образына балап, құс түресі деп ұққан. Бір деректі жырда «Бөгенбай батырдың қазасын Абылай, ханға естіртуінде»:

Қазақтың ханы Абылай, Абылай ханым бұл қалай?
Ақ иықты аспанға, ұшпастай қылып торлады...
Қаракерей Қабанбай, қанжылғалы Бөгембай,
Қаздауысты Қазыбек, Шақшақ ұлы Жәнібек,
Ормандай көп орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек,
Тұғыр болған сол еді,
Сіздей төре сұңқарға»

— деп, Абылай ханды құс төресі сұңқарға, ал Қабанбай, Бөгенбай, Қазыбек би, Шақшақ ұлы Жәнібекті тұғыр болған төрт тірегіне теңейді, сонымен бірге, Бөгембай батырды ақ иық қыран бүркітке балап, «ұшпастай қып торлады» деп, дүниеден өткендігін меңзеп, тұспалдап жеткізеді.

Қазақ тарихындағы алып батырлардың бәрі де қыран екендігін әйгілейді, ерлік пен батырлықты, елдік пен бірлікті мол жырлаған Үмбетей жыраудың да «Бөгембай батыр қаза болғанда» атты жоктау жырында:

Жалаң қия жерлерден,
Жазбай түсіп түлкі алған,
Білегі жуан бүркіттің,
Тегеурініндей Бөгембай,

— деп жүректі де білекті, жау жүрек батыр екендігін қыран бүркіт образы арқылы бейнелеп отыр.

Шоқан Уалиханов қаза болғанда Орынбай деген айтулы ақын ата-анасына: «тұлпар бар ма тұяғы майырылмаған, сұңқар бар ма канаты қайырылмаған» деп өлеңдете келіп:

«Әуелі күдірет күшті,
Ақ сұңқар ұядан ұшты,
Апеке, сабырлық қыл,
Қайғысы саған түсті»,

- деп, термелете Шоқанды ақ сұңқарға теңеп көңіл айтқан екен. Бұл- халқымыздың көңіл айтуға ерекше көңіл бөлетіндігі және өлеңмен көңіл айту дәстүрінің де бар екендігінің нақты мысалы.

Қазақ тарихында өткен айтыстардан қыран - алғыр, ұшқыр, алыстан шолатын көреген, қырағылықтың образы ретінде көрінеді. Әйгілі «Біржан сал мен Сараның айтысы» және Қытай қазағында өткен «Таңжарық пен Ұлжалғастың айтысынан» мысал келтірсек те жеткілікті.

«Қырандай аспандаймын желді күнгі,
Дауысымның көтерілер шықса тері»

— деп, әйгілі Біржан сал ежелгі айтыс дәстүрі бойынша өзін қыранға балап, әріптесін тұқырта жеңуге тырысады, әрі тындарман жүрегін баурап, әріптесіне мүмкіндік қалдырмай десін басуға «желді күнгі қырандай аспандап» төте тиісе сөйлеп, қыр көрсетеді.

1931-жылы Іленің Күнес ауданына қарасты Адуынгер жайлауында Қоқымша деген байдың ауылында, сол кездегі аумалы - төкпелі жағдайдың билеуімен қазақстан жерінен келген руышоппар Ұлжалғас деген ақын әйел айтулы Әлекен деген ақынмен айтысады. Әлекен жеңілуге айналғанда Қоқымшабай түн жарымында Таңжарықты атпен алдырады. Таңжарық сауға сұрап айтысады. сонда Таңжарық ақын айтулы айтыс ақындарының бірі Ұлжалғаспен сөз барымтасына түсіп ұстаса кеткенде:

«Ақ иық лашынмын канат қақпас,
Бабым көп, күйшіл құстай адам таппас»,

- деп, Таңжарық ақын да өзін халқымыз ұғымындағы құс жеңдеті ақ иық лашынға балап, оңай - оспаққа алдырмайтын, екінің бірі бабын таба алмайтын, қайырып сала алмайтын, лашынмын деп қыр көрсетіп, ұрымтал жерінен ұстап жеңуге ұмтылғандығын ұғынамыз. Демек, бұл екі деректі айтыстағы бір ұқсастық — айтыс ақындары ақындық қуатын қыран құстармен өлшеп, қыранды өздеріне рухани тірек етіп өршелене өнер көрсететін ерекшелігін аңғарамыз. Мұның себебін тағы да әкедемик жазушы Мұқтар Әуезовтың сөзімен айтқанда, «шабыты келген ақпа ақын бабындағы аш қыранға меңзес, тұрғылас, томағасын тартқанда, алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп, қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін - қылт етіп бұққан түлкі

түлігін лезде шолып қалғандай, айтыс ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмескіні көргіш, бұлдырды білгіш болмақ шарт» деп тегін айтпаса керек. Мұның өзі түптеп келгенде, халқымыздың ұзақ ғасырлар бойы аңшылық, саятшылықты кәсіп еткен өмір тәжірибесінің молдығы мен қыран құстарға деген таным - түсінігінің тереңдігінен туған көркемдік тәсілдерде біртіндеп көбейіп, қыран құстарды кие тұту жөніндегі ырым- тыйымдар уақыт өте келе, санамызға сіңіп, салт - дәстүрімізден мықтап орын алғандығының айқын көрінісі.

Ел ішінде сонау ертеден бастап-ақ, қыран құстардың тілін біліп, табиғатын танып, тіпті қимыл - қозғалысын, мінез-күйін, дауысына дейін айна қатесіз бейнелеп бере алатын күлдіргі, биші өнерпаздар күні - бүгінге дейін жалғасып келеді.

19-ғасырдағы қазақ даласын аралаған поляк ағартушы Адольф Янушеквич көзімен көрген мына бір оқиғаны «кешке қарай бізде бір қазақ болды, ол түрлі аңдар мен құстардың, әсіресе, түйе, құлан, бүркіттің дауысын, құбылысы мен жүріс-тұрысын, айнытпай келтіреді, тіпті, бұдан артық дәлме-дәл келтіру қиын шығар» деп жазыпты.

1940 жылдары Іленің тоғызтарау өңірінде өткен ақалақшы Дарубайсерті ұлы ән - күйге әуес, қыран құсқа құмар адам екен. Әнші — күйші, күлдіргі, өнерпаздарды жиып, ансамбль құрып, жаз - жайлау, қыс - қыстауда көпшілік бас қосқанда өнер көрсеткізіп, ел жұртының рухани шөлін қандырып, көңілін көтеріп жүріпті. Дарубай құрған ансамблдегі өнерпаздардың ішінде, туғандағы қойылған азан аты ұмытылып, өнеріне сай «ақбүркіт» атанып кеткен адам болған екен. Ақбүркіт қалың топтың ортасында бейне бүркіт сияқты қанатын қомдап, шүйіліп, бейне бүркітше қанат қағып пыштақтап, шаңқылдағанда сырттан келгендер үйге бүркіт кіріп кеткен бе деп, аң - таң қалады екен. Міне, осы деректі әңгімені бұл күндері 93 жасқа келген композитор, даулескер күйшы, Әшім Дүңшіұлының төл шәкірті, зерттеуші Кәмал Мақайұлы бала кезінде өз көзімен көргендігін әңгімелеп берді. Әрі ақбүркіт өз теңдестеріне бүркітше түсіп шеңбектегенде, Әубәкір атты тағы бір өнерпаз ортаға құсбегі болып шығып, бүркітін аңнан ажыратқандай бейнеде ақбүркітті ажыратып алады екен де «тұғырыңда тыныш отыр енді» деп айғайлап, елді ду күлкіге бөлейді екен.

ҚХР Үкіметі қыран құстарды қорғауға ерекше көңіл бөліп келді. Заң қабылдап, жабайы хайуанаттарды қорғау туралы заңын да шығарды, бұл заңда бүркітті бірінші дәрежелі қорғалатын жабайы хайуанатқа, сұңқар, лашын, қаршыға, тұйғындарды екінші дәрежелі қорғатын хайуанаттар қатарына енгізді. Сонымен бірге, ұлттық дәстүріміз- күсбегілік өнерді бекзаттық мәдени мұраға кіргізу шаралар істеліп, облыс, аймақ, аудандарға дейін бүркітшілер қоғамын құрып, күсбегілік сынды ұлттық өнерімізді қорғау, жалғастыру және зерттеуге көптеген шаралар қолға алынып жатыр.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұхтар Әуезов, *Әр жылдар ойлары*. — А., 1959. 229 б.
2. Нығымет Мыңжани, *Қазақтың мәдени мұраларын зерттеу туралы, Шынжаң халық баспасы*. — Үрімші, 2011. — 392 б.
3. Жыраулар жсыры, *Шыңжаң халық баспасы*. — Үрімші, 1987.
4. Ясын Құмарұлы, *Қазақтың салт — дәстүрлері, Шынжаң халық баспасы*. — Үрімші, 1987. — 103 б.
5. Қырын құстарды баптау және оның сыны// “Мұра”. — 2013. — 1. — 65 б.

Отпечатано в ТОО «Жасыл Орда»
г. Астана, ул. К.Байсеитовой, 114/2
Тел.: +7 (7172) 28 99 21, 28 90 45

